1903 жылы Петербург қаласында 18 томдық «Россия. Полное географическое описание нашго края» еңбегі шықты. Ол томда Қазақстанға арналған тараудың авторларының бірі «Распределение населения киргизского (т. е. казахского) края по территории, его этнографический состав, быт и культура» мақаласын жазған Әлихан Бөкейханов болды. Осы тарауда қазақ халқының мәдениеті жайлы далпы сипаттама беріп, «Қозы Көрпеш пен баян» сынды халық әдебиетін ұсынды. Назар салатыны, ол әдейі Абайды ерекшелеп, қазақ поэзиясында жаңа ағымның тұлғасы деп жоғары бағалады.

кейіннен де Бөкейханов Абайды орыс оқырмандарына ұсынға тырысты. Себебі, кейінгі XX ғасырдың қазақ халқының дербес мемлекеттілігіне ұмтылған қазақ зиялы қауымдарының дерлігі өзінің идеялық ұқсастылығын белгіледі, өткеннен өзіндік ұлттық мәдени мұра ретінде кеңінен игеруге ұмтылып, оны дамытуға ынталандырды. Сонымен қатар Ә. Бөкейханов қазақ ағартушылар қатарымен жаңа методикалық мектептің ашылумен айналасты. Ондай мектептің мақсаты: ұлттық ағартушылық мәелесіне неғұрлым шығармашылық жағынан дамытып, дәстүрлі этнопедагогикалықты және орыс-еуропалық алдыңғы қатарлы идеяларымен үйлестіруге ұмтылды [3, 121 б.].

Автономия құру идеясынан кеңес үкіметі бас тартпағандықтан, Әлихан Бөкейханов мәдениет саласында жұмыс атқару маңызды деп санады. марксизм мен экономикалық материализм платформасы проретарлық халықтардың ынтымағымен жамылған, шындығында имперлік, орыстандыру, социализмді орнатудың жәбірлегіш репрессивті әдісті қолдаған ұлттық саясатқа сын жағынан келуге шарт беріпді. Дегенмен, Бөкейхановтың мәдениеттегі жұмысы ұлттық сана сезімнің қалыптасуы оппозиция мен басқаша ойлау еп қана емес, «кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық күрес» ретінде таныды.

«Алаш Ордамен» байланыс сталиндік режимнің қазақтың зиялы қауымына қарсы әдеттегі айыбы бола тұра, нақты түсінікті келтіруге тура келеді. «Алаш» тарихи термині бүгінгі қазақ этнонимін алған ежелгі халықтар үшін жалпылауыш атауы болған. Әлихан Бөкейханов бастауы арқасында Ресей шеңберінде автономия деңгейіне көтерілуді мақсат еткен қазақтың саяси қайраткерлерімен құрылған. «Алаш» партиясының бағдарламасын негізінде 1918 жылы алғашқы өзіндік дербес мемлекет қалыптасты. Большевиктер мен Алаш Орда арасындағы болған ымыралар кейіннен келді, ал «Алаш Ордашы ұлтшыл, халық жауы» «халықтың бас сүйегі» болғандар үшін саяси қуғынның негізі еді [4, 19 б.].

Әлихан Бөкейхановтың саяси мұрасының ең негізгі қағидасы – мемлекет дәрежесінде өзін өзі билеу идеясы. Ол идея өзінің мақсатына жетуі үшін бар күшін салған нәтижесінде 1917 жылы Алаш Орда мемлекеті құрылып, кейін өз өмірлерімен құрбан еткен оның жақтастарымен жасалды. XX ғасырдың алғашқы он жыдығында мемлекет ауданында ұлт азаттық қоғалыс мазмұнында көшпелі қазақ қоғамы арасынан шыққан еуропалық білім алған қазақ зиялық маргинал жаңа саяси элитаның қалыптасуына жол ашылды.

Ол саяси элита кеңес режиміне саяси оппозиция болып, модернистік саяси тұғырында халық арасында белсенділікке ұмытқан топ болды [5, 175 б.]. Бұл элитаның пайда болуы саяси аренада XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басы аралығындағы «Қазақ интеллектуалды ренессанспен» дайындалса, айналада дәстүрлі қазақ халқын басқарушы топтар мен бұрынғы дала мемлекетінің билеуші топтары («аға сұлтандар» мен «билеуші сұландар» ұлдары мен немерелері, байла мен болыстық басқарушылар, билер мен батырлар ұрпақтары), Ресейдің орташа және жоғары оқу орындарында еуропалық білім алған жаңа интеллектуалды мамндық игеріп, түрлі аудандық әкімшілік басқарушы және мәдени ағартушылық мекемелерге орналаса бастады.

Жартысынан көбі Шыңғыс ұрпақтары қатарынан болып, қалғандары қазақ қоғамын жайлаған «қара сүйек» өкілдері, билер мен баырлар топтарының қатарын құраған отбасынан шыққан. Бұл қазақ қоғамының кіші тобы өзінің аграрлы ортасынан «көшпелі мәдениетінен» дәстүрлі элементтерді бойына сіңіп, сонымен бірге өз бойына діни интеллектуалды еуропалық негізде қалалық мәдениетті де алды. Дәл осы топтан 1905 пен 1920 жылдар аралығында қазақ контрэлитасы қалыптасты. Оның саясаты «Алаш» партиясының бағдарламасында және Әлихан Бөкейхановтың, міжақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынов өмірбаянында көреміз.

Қазақ зиялылары этникалық емес негізде құрылуына қарсы болды. Джидизм негізінде тілдік тұжырымдама жайлы А. Байтұрсынов жазды: « өз дербестігімізді сақтау үшін, барлық күш жігерімізді ағартушылыққа және ортақ мәдениетке ұмтылу; ол үшін ана тілізде әдебиетті дамымүдделі» [6, 46 б.]. Сондықтан қазақ әліпбиін араб графикасымен енгізілуі мектептердің жемісті қызмет атқаруы мен қоғамның дамуы қазақ зиялылардың ұлттық үндестіру идеясымен байланысып, қазақ социумының саяси модернизациясының басы деп білеміз.

Ресейге қатысты Қазақстанның ұлтты мемлекеттік егемендігіне қол жткізуі бұл контрэлитаның қазақ халқы арасында үлкен қолдау тапқандығынан. Бірақ та оның қазақ автономиясы экономикалық және саяси болашағы жайындағы концептуалды ұстанысын негізге ала отырып, жеке меншік, еркін кәсіпкерлік пен нарықтық қатынастардың оранытлуына, демократилық институттардың және мекемелердің көшпелі аграрлы халықтар аймағынан қолдау таппады. алаштың зиялы қауымы модернизацины жақтаушы топтардың идеалы мен құндылықтарын және дәстүрлердің

өзгеруіне байланысты батыстық көзқарастарды бөліп отырғанда, халықтың көбі әлі де бұрынғы заңдарды, дәстүрлерді ұстанып тұрды.

XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік саяси кеңестікте либерал демократиялық альтернативті құруда маңызы аз емес мәдениетралық бөгеуге айналды. Жақында Қазақстан азаматтары мемлекетіміздің тәуеліздігімізге 25 жыл толуы, халықтың егемендік және бостандық үшін табан тіресіп дамытқан көпғасырлық тарихымыз ғана емес, сонымен бірге ұлттық зиялылардың қызметі ешқашан тоқталмағанының жемісі. XX ғасырдың басында құрылған Алаш партисының бағдарламасы бүгінгі күннің нәтижесі. Шамамен жүз жыл бұрын Оралда бес облыстың делегаттық съезі болып, Конституциялық Демократилық партия құрылған. Ол өзін бірден Қазақстандағы Ресейдің филиалы ретіне жарияланып, оның лидері Әлихан Бөкейханов партияның ОК мүшесі болып сайланды. Қазақ Конституциялық демократтар - кадеттер, заң билігін Дума арқылы жүргізіп, мемлекетте президенттік жүйені енгізуді ұсынды. Сайлауда қатысу құқығына барлық халық ие болды. Делегаттарды сайлау тура, тең және құпия түрде дауыс беруге құқылы [7, 89 б.].

Қорыта келгенде, қазақ қоғамының жандайын ойлаған қазақ зиялы қауымының өкілдеріне бүгінгі ұрпақ мың тағзым етуді. Себебі, олардың сол заманның қиыншылықтарынан өтіп, елдің болашаған ойлап, қазақи ұлттық дәстүрлі мәдениетті сақтап, жаңа белестерді алуға итермеледі. Ә. Бөкейхановтың қазақтардың сауатын аштырту мен мәдени жетілудің модернистік бағытын көрсетіп, жол сілтеді. Сол заманда қазақтың бас сүйегін құраған азаматтардың өздерінің бүкіл өмірімен, қоғамдық-саяси қызметімен, ғылыми ізденістерімен, кітаптары мен мақалаларымен халық өмірін тәуелсіздік пен еркіндікке, шығармашылыққа жақындатты. Сондықтан да олар халқымыздың мақтанышы мен алтындай құндылығымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Букейханов А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 59 б.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. – Т. 3. – 768 б. (491 б.)
- 3 Әшкеев Н. «Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері» // Ақиқат, 2002, №3, 50-55 б.

4 Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1998. – 307б.

5 Қойгелдиев М. Алаш өткен жол // Ақиқат. 1994. №241-46-б.

6 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII- XX ғғ.). – Алматы: Жалын, 2004. — 157-б

7 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.-Алматы: Жалын, 1991.-464 б.

ҚАЗАҚСТАНДА МҰРАЖАЙ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

МОЛДАКЕЛЬДИНОВА Г. С.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

КУРМАНГАЗИНА Г. Ж.

аға оқытушы, ПМПИ, Павлодар қ.

Қазақстанда мұражай педагогикасының дамуы білім беру мекемелерінің тұсында мұражай санының өсуімен байланысты болды. Ғылым мен білім саласында жүргізілген реформалар орта және жоғарғы білім берудің мәдени аспектісінің дамуына әсер етіп, орта және жоғарғы білім беру мекемелерінің негізінде жаңа мұражайлардың қалыптасуына жол ашты. 2011 жылы жоғарғы білім беру мекемелерінің тұсында ашылған мұражайлар саны 67 болып, ал мектептік мұражайлар саны 1396 болды.

Бүгін өркениет дамуының негізгі факторы саналатын білімнің эволюциялық даму жағдайында өмір сүріп келе жатқан қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени институттарының ішінде мұражайлар негізгі орынды иемденуде. Олар өткенді шолатын ақпараттың маңызды арнасы ретінде саналып, адамның заттай және табиғи аясын өзіндік түрде сақтап, бекітеді және танытады. Бұл арнаның нәтижелі қызмет етуі үшін мұражайлардың келушілерімен және қоршаған қоғаммен байланысын қамтамасыз ететін педагогикалық құралдардың кең аясын тарту керек.

Мұражайлар халықтың барлық санатына арналған ресми және бейресми білім берудің орталығына айналады. Мұражайлар негізінде білім беру, әлеуметтік қорғау органдары мен мәдениет, ғылым, өнер мекемелерімен әрекеттесуге бағытталған, жаңа ұйымдастырылған құрылымдар – мұражайлық мәдени орталықтар пайда болуда. Олардың аумақтық ерекшелігімен, мұражайлар мен

мұражай желісінің ерекшелігімен, аймақтың мәдени басымдығымен айқындалатын түрленімі көп. Ал олардың басты мақсаты адамға мәдениет арқылы білім беру болып табылады [1, 2].

Мұражай педагогикасының негізгі қағидалары қазіргі мұражайлық педагогикалық үрдістердің талаптарынан өздігінен пайда болуда. Қазіргі ғылымда «қағида» термині қандай да бір теорияның негізгі бастапқы жағдайы, басқарушы идея, тәртіп пен іс-әрекеттің негізгі ереже ретінде анықталады. Ғылыми ашылулардың көбі іргелес ғылыми салаларда, ғылымдардың тоғысында іске асырылады. Мұражай педагогикасы ғылыми білімнің жаңа саласы ретінде философия, әлеуметтану, психология, педагогика, тарихтану, мәдениеттанудан алынған нәтижелерге сүйенеді. Сондықтан мұражайлық-педагогикалық қызмет туралы сөз қоғамда «қызмет» секілді күрделі ұғымды түсіндіретін дәстүрлі теориялардың елеулі бөлігін ескермеуге болмайды.

Педагогикалық қызметтің мәнін ұғыну үшін мақсаттың, түртінің, әрекеттердің (операциялар), нәтиженің бірлігі ретінде елестетіп, оның құрылымының сараптамасына жүгіну керек. Мақсат қызметтің, соның ішінде педагогикалық қызметтің жүйелендіргіш сипаттамасы болып саналады.

Педагогикалық қызметтің мақсаты бүгінгі күннің өзінде көпшілікпен тұлғаның үйлесімді дамуының ертеден кележатқан жалпы адамзаттық идеалы ретінде қарастырылатын тәрбиелеу мақсаттарының іске асырылуымен байланысты. Бұл ортақ стратегиялық мақсат білім беру мен тәрбиелеудің түрлі бағыттағы нақты мәселелерін шешу нәтижесінде өз мәресіне жетеді.

Педагогикалық қызметтің мақсаты – тарихи құбылыс. Ол қазіргі заман адамының рухани және табиғи мүмкіндіктерін ескере отыра оған бірнеше талаптар қойып, әлеуметтік даму үрдісінің көрінісі ретінде қалыптасып жетілдірілуде. Оған бір жағынан түрлі әлеуметтік және этникалық топтардың қызығушылығы мен үміті жатса, екінші жағынан жеке тұлғаның қажеттіктері мен ынтасы жатады. Мұражай шеңберінде педагогикалық қызметтің бар қасиеттері көрінетін негізгі қызмет етуші бірлік ретінде мақсаттар мен мазмұн бірлігіндегі педагогикалық әрекет саналады.

Педагогикалық әрекет туралы ұғым педагогикалық қызметтің (дәрістер, экскурсиялар, жеке әңгімелесу және т.б.) барлық түрлеріне тән жалпылықты білдіреді, бірақ ешқайсысына да қосылмайды. Педагогикалық әрекеттің материяландану түрлеріне жүгіну мұражайлық-педагогикалық қызметтің логикасын көрсетуге

жәрдемдеседі. Мұражай педагогының педагогикалық әрекеті алдымен танымдық мәселе түрінде көрінеді. Бар білімдерге сүйене отыра, ол теориялық тұрғыда құралдарды, пәнді және жорамалды нәтижені қатынастырады.

Психологиядағы әрекетті құрамына мақсат, түрткі, әрекет және нәтиже жататын көп деңгейлі жүйе ретінде қабылдаудан, оның бөліктерінің өз бетінше қызмет атқаратын педагог әрекетінің түрі ретінде қарастыру тәсілі педагогикалық әрекетте басым.

Мұражай педагогикасының қағидалары мұражайлық -педагогикалық қызметтің ұйымдастырылуының негізгі талаптарын, оның даму бағыт-бағдарын көрсетеді және мұражайлық -педагогикалық үрдістің құрылуына шығармашылықпен қарауға жәрдемдеседі. Бұл жайлы 2012 жылы жарық көрген У. Д. Муцалбаеваның «Мұражай педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі» атты кітабында кеңінен айтылып өткен:

Ғылымилық қағидасы. Бұл қағиданың басты мақсаты - мұражайға келушілердің әрбіреуінің бұл әлемдегі барлығы заңға бағынышты және қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан әрбір адам табиғат пен қоғам дамуының заңдарын білуі қажет екендігін түсіну. Ғылымилық қағидасы ұсынылып отырған мұражай мәліметінің тарихи шынайылық жетістіктері мен ережелеріне сәйкес болуын талап етеді. Әсіресе, қоғамдық ғылым саласында жеке құбылыстардың ақиқатқа сай түсіндірілуі ғана емес, келушілердің оларға деген түрлі көзқарасымен танысу қажет.

Тұтастық қағидасы. Қазіргі ғылымда тұтастық ұғымы жүйелік тәсілдің негізгі бөлігі ретінде саналады. Тұтастық түсінігінің методологиялық мәні тұтас нысанының ішкі детерминациялық қасиеттерін айқындау қажеттігін және сыртқы (мысалы, қоршаған орта жағдайы) нысан ерекшелігін жеткіліксіз түсіндірілуін меңзеу болып саналады. Тұтастық қағидасына сүйене отырып, мұражайлық зат келушіге ортамен байланысының алуан түрлілігін көрсетуі керек, ықпалдасуы, толымдылығы, сапалық ерекшелігі мен оған тән арнайы қолдану ерекшелігімен байланысты автономиялықты көрсетіп, тарихи және мәдени оқиғаларға қатыстылығы туралы түсінік қалыптастырып, сонымен қатар берілген нысанның ғылыми санасының алғышартын ескеруі қажет.

Жүйелік қағидасы. Мұражай педагогикасында жүйелік қағидасының қолданылуы оның динамикалық табиғатын белгілейтін кез келген нысан (зат) элементтерінің көптеген басқа нысандармен өзара байланысын түсінумен байланысты. Бұл қағида көбінесе

өзара және құрушы бірлік (жүйе) арасында қарым - қатынас пен байланыстағы элементтердің бірігуін бейнелейтін экспозицияларды, экскурсияларды және мұражайлық – педагогикалық қызметтің басқа да түрлеріне қатысты қолданылады. Жүйелік қағидасы нысандарды зерттеуді жүйе ретінде қарастыратын жүйелік тәсіл негізінде құрылады.

Бірізділік қағидасы. Мұражай педагогикасында бұл қағида мұражайлық коммуникация және мұражайлық - педагогикалық әрекеттесуді ұйымдастырудан көрініс табады. Келушілердің мұражайлық ортамен қарым - қатынасы біртіндеп құрыла бастайды қарапайым және түсінікті құбылыстардан бастап, біртіндеп ақпаратты күрделендіріп, нәтижесінде күрделі мәселелер мен ғылыми қорытындыларға әкеледі. Ақпаратты ұсынуда себеп-салдарлық байланыстардың ойластырылуы мен орындалуы, мұражайлық құндылықтарды және экспозицияны сипаттауда ішкі логиканың болуы нәтижесінде мұражай келушілердің бойында ғылыми біл імін қалыптасуына септігін тигізеді. Үзілістер, реттіліктің бұзылуы және басқаруға келмейтін сәттер неғұрлым аз болса, соғұрлым мұражайлық коммуникация табысты және көбірек нәтиже әкеледі.

Адамгершілік қағидасы. Адамгершіліктің қазіргі түсінігі жалпы адамзаттың және ұлттық мәдениет құндылықтарының негізінде тәрбиелеудің жанару үрдісін, жоғары интеллектуалды, моральді және физикалық құндылығы бар тұлғаны тәрбиелеуін жолға қоюды айқындайды. Мұражай педагогикасында адамгершілік қағидасы адамның құндылығын тұлға ретінде тану деп санайды. Бұл қағида негізінде қоғамның, ғылымның жеке өндірістің дамуына жеке тұлғалардың қосқан үлесі, сондай-ақ мұражай құндылықтарының қоғамның шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру мен ықпалдасуындағы мәні, осы қоғамдағы адамның толығымен өз орнын табуы мен өзін - өзі жұмылдыруын сипаттайтын барлық мұражай қызметі құрылады. Бұл қағида келушілерде қандай физикалық, материалды, әлеуметтік жағдайда болуына қарамастан, барлық адамдарға қатысты сыйлы қарым - қатынастың құрылуына, оларға құрметпен қарауға, қайырымдылықты адамдарға болысу ниеті ретінде түсінуге, қиыншылықтары бар адамдарды жеке топтарға бөлмеуге бағытталған мұражайлық – педагогикалық үрдісті ұйымдастырудан жүзеге асырылууда.

Ашықтық қағидасы. Мұражайлық - педагогикалық әрекеттесу ағартушылық және насихаттау қызметін алуан түрлерін қолдануды,

мұражайлық - педагогикалық қызметке бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияны қызықтыруды, жарнамалық өнімді жасауды, кең аудиторияға арналған жұмыстың қоғамдық түрлерін құруды, әлеуметтік жобаларды жетілдірулі көздейтін қоғам мен адамдар үшін ашықтық қағидасы негізінде құрылады.

Халықтың, қауымның, тұлғаның рухани тәжірибесіне сүйену қағидасы. Бұл қағида адамның әлемге қарым - қатынасын және оның күнделікті өмірлік жағдайларға байланысты әрекет ету амалын таңдауын айқындайтын белгілі әлеуметтік - психологиялық нұсқауларды, құндылық бағдарларды, шынайылықты қабылдау және түсіну ерекшеліктерінің мұражайлық педагогпен ментальды феноменін есепке алуды түспалдайды. Ментальдық индивидтің, қауымның, халықтың мұңын алдындағы әлеуметтік - мәдени тәжірибесін өзінде жинақтайды және адамның қандай да болсын әлеуметтік топқа жынысы, жасы, ұлты, мамандығы бойынша жатқызылуын анықтайды.

Субъективті даму қағидасы. Саналы және санасыз бастама адам болмысының қоғамдық сана-сезімі мен ұжымдық санасыздық түріндегі негізгі бөлігінен бастау алады. Жеке және қоғамдық сана арасында үзілмес байланыс және өзара шарттылық бар. Индивидтің әлеуметтенуінің алғашқы деңгейінде жетекші рөл қоғамдық сана мен санасыз бастамаға тиесілі. Өмір шындығына субъективті қарым - қатынас, «мен» көзқарасының қалыптасуы адамның әлеуметтік топты, құндылық пен нормаларды, басқа әлеуметтік топтар мен бірлестіктердің (қоныстар, ұлттар, халықтар, мемлекеттер және т.б.) мәдениетін еркін таңдауымен үзілместей байланысты болатын және өзінің көзқарасын басқалардың көзқарасына қарсы қоя алу мүмкіндігі субъективті дамудың деңгейі бойынша құрылады. Субъективті даму қағидасына сүйену жеке келушілермен немесе келушілердің кішігірім тобымен (3 адамға дейін) мұражайлық - педагогикалық жұмыс барысында жүзеге асырылады. Жеке адамның мұражайлық құндылықтарды қабылдауының субъективтілігін ескерген жөн, сондықтан оған сұрақ қоюға, талқылауға, ойластыруға және қорытынды жасауға мүмкіндік беру керек [3]

Осылайша, мұражайлық педагогиканың қағидалары мұражайлық-педагогикалық қызметін және мұражайлық коммуникацияны ұйымдастыруда негізгі талаптарды құрайды, мұражайлық-педагогикалық үрдістің мәні сипаттап, мұражайлық қызметкерлердің келушілерімен педагогикалық әрекеттесуінің бағыттарын айқындайды.

Біздің елімізде жаңа ғылым саласы ретінде дамып келе жатқан мұражай педагогикасының терминдері жоғарыда аталған «Мұражай педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі» атты кітапта топтастырылған: мұражай аудиториясы, мұражай тілі, мұражай саясаты, мұражайландыру, мұражай белсенділігі, мұражай ісі, мұражайлық оқыту, мұражай желісі, мұражайлық зат, т.б. көптеген атауларға түсініктеме берілген.

Елімізде қазіргі мұражай педагогикасы мұражайлық коммуникация бағытында дамып келеді және бірінші кезекте оқушылар тұлғасының шығармашылық қабілеттерінің белсенділік міндеттерін кеңейтуге бағытталған. Келушілермен бірлі - жарым және ауық- ауық байланыстардан мұражайлық білім берудің көп деңгейлі жүйесін құру, мұражай мен оның мәдениетіне жақындастыру мұражайлық педагогиканың жетекші үрдісіне айналып отыр. Бұл әлемдік мәдениеттен жаһанды түрде өтіп жатқан өзгерістермен түсіндіріледі. Білім беру қызметінің мұражайдың әлеуметтік-мәдени бағдарының қалыптасуын, жетілдіруі мен дамуын айқындаушы факторлардың біріне айналуы мұражайдың білім беру қызметінің отандық және шетелдік тәжірибесінің жүйелендірілуі және жалпылануымен, зерттелуімен дәлелденген. Соңғы уақытта мұражайлар мәдени тарихи диалогтың жүзеге асырылу, мәдени құндылықтармен қарым-қатынас жасаудың жаңа түрлерін іздестіру орнына айналуға. Осындай әрекеттестіктің негізін тұлғаның әлеуметтену және қалыптасу, құрылу аясына тәрбиелік әсер етудің тәсілдері мен заңдылықтарын зерттеуге арналған педагогикалық ғылым құрап отыр.

XXI ғасырда мұражай үшін гулдену кезеңі болады деп күтілуде. Бүгінгі күні білім беруді мұражай, мұражай ісінің өзіндік ерекшеліктерін жетік білетін сауатты оқушы мен білікті мамансыз елестету мүмкін емес.

Бүгінгі мұражайлық – педагогикалық үрдіс дамудың, тәрбиелеудің және білім берудің бірлігін қамтамасыз ете отыра, адамгершілік қағидаларға сүйенеді; тұлғалық бағдар, көрермен аудиториясының жас және жеке ерекшеліктерін есептеу, іс-әрекет барысында тұлғаның дамуы, мұражайлық-педагогикалық үрдіс қатысушыларының әрекетін қадағалау. Мұражайлық-педагогикалық үрдістің үш бөлігі (мұражайлық педагог, мұражайлық көрермен және мұражайлық зат) мұражайлық ортада жүзеге асырылатын, «ерекше білім беру құндылығына ие және әлеуметтік-мәдени ортаның бөлігі саналатын» бірінғай жүйені құрайды.

Коммуникативті қызмет педагогтың келушілермен және әріптестермен педагогикалық мақсатталған қарым-қатынасты құруға және педагогикалық техника құралдарының белсенді қолдануын көздейтін педагогикалық мақсатталған қарым-қатынасты орнатуға бағытталған.

Мұражайлық педагогтың әлеуметтік ұстанымы оның кәсіптік ұстанымын да анықтайды. Сол себепті мұражайлық педагог өз әрекетін нақты түсіне отырып кейде саналы оймен логикаға қарама-қайшы әрекеттерін не себепті осылайша басқаша істемегендігіне жауап бере алмайды. Егер де ол өз шешімін ішкі түйсікпен түсіндіретін болса, қалыптасқан жағдайда қандай да бір ұстанымды тандауда қандай қайнар көздердің басым болуын ешбір сараптама көрсете алмайды [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272б.
- 2 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388б.;
- 3 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368б.;
- 4 Қуанышпаев Т. Музей коллекцияларын жабдықтаудағы таптық ұстанымдар. Алматы, 2000.-118б.

1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (1941-2010 ЖЫЛДАР)

МҰҚАШЕВА І. Б., БЕЙСЕМБЕКОВА Н. Д.
студенттер, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.
ҚАНАТҰЛЫ М.
оқытушы, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.

Қазақстан Республикасы 2010 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен қатар Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойын атап өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2010 жылдың 7 мамырында сөйлеген сөзінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығымен және Отан қорғаушылар күнімен құттықтап, «Екінші дүниежүзілік соғыста біздің ержүрек

отандастарымыз жауынгер бабаларының даңқты жолын лайықты жалғастыра білді. Олар қазақтың қайсар, рухы биік, батыр халық екенін дүние жүзіне дәлелдеп берді. Арын-байрақ, намысын- найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Жасанған жауды біз жұмылған бірлігімізбен жеңдік. Қанқұйлы соғыс жылдарында бүгінгі Қазақстан халқының мызғымас бірлігі қалыптасты. Біз ел басына түскен зұлмат жылдардың зілдей салмағын жан-жүрегімізбен сезініп өстік. Сондықтан біз адамзат баласына орны толмас қайғы-қасірет әкелген сұм соғыстың жер бетінде енді қайталанбауын тілейміз» деп айта келе, Елбасы соғыста қаза тапқандардың рухы мен Ұлы Отан соғысының қазірде көзі тірі майдан және тыл ардагерлеріне ерекше құрметпен қарауға шақырады. Ұлы Отан соғысының тарихнамасын кезеңдестіру мәселесі бойынша А. В. Карасев, А. П. Беляков, А. В. Митрофанова, В. Т. Анисков, П. А. Жилиннің және отандық тарихшылардан М. К. Қозыбаев және басқа да тарихшылардың көзқарастары қарастырылады.

Тарихнамалық деректерді талдау және алдыңғы тәжірибелерді есепке алу Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихының мәселелерін жасаудағы негізгі үш кезеңді бөліп көрсете отырып, келесідегі кезеңдестіруді ұсынуға мүмкіндік береді. Біріншісі 1941 жылдан 1950 жылдардың ортасын қамтиды, бұл берілген мәселенің кеңестік тарихнамасының туындаған уақыты. Ол өзіне екі кезеңді енгізеді: бірінші кезеңде – 1941-1945 жылдар және соғыстан кейінгі алғашқы онжылдығы, екінші кезеңде – хронологиялық шеңбері 1950 жылдардың екінші жартысы – 1991 ж., оның өзін екіге бөлуге болады: 1950 жылдардың екінші жартысынан – 1960 жж. ортасы, 1960 жылдардың екінші жартысынан – 1991 жылға дейін, үшінші, қазіргі кезеңі – 1991 жылдан басталып бүгінге дейін жалғасуда. Ол қарастырылушы мәселенің тарихнамасының дамуындағы маңызды өзгерістермен сипатталады.

Ұлы Отан соғысы тарихнамасын кезеңдестіруді жасаудың қолдағы бар тәжірибесі соғыс жылдарындағы Қазақстанның дамуының мәселелері бойынша ғылыми білімдердің қалыптасуындағы сәйкесінше кезеңдерді бөліп көрсету үшін нақтылы негіз болып қызмет ете алады. Кезеңдестірудің ұсынылған нұсқасы біріншіден, отандық тарихнаманы үш кезеңге дәстүрлі бөлуді сақтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың хронологиялық шеңберлері өзіндік ерекшеліктерге ие. Екіншіден, қарастырылушы кезеңдестірудің жеткілікті толық сипаты бір жағынан, соғыс жылдарындағы Қазақстанның тарихының

тарихнамасын барынша негізді зерттеу үшін мүмкіндік береді, басқа жағынан, әрбір кезең мен сатыларды бір біріне қарсы қоймай-ақ, бірегей тарихнамалық үрдіс шеңберінде өзіндік қырларын қамтуға мүмкіндік береді.

Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуының тарихы, кеңестік және отандық тарихнамадағы қарастырылу кезеңдері айқындалып, олардың ерекшеліктері мен басты зерттелу бағыттары анықталды.

Ұлы Отан соғысы тарихының тұжырымдамасын қалыптастыруға елдің соғысқа кіру жағдайын кеңестік ресми түсіндіру, соғыс жылдарындағы Қарулы Күштер мен елді басқарудың әдістерін ресми бағалау да өз әсерін тигізді. Нақтылап айтсақ, соғыстың бастапқы кезіндегі және 1942 жылғы Қызыл Әскердің көп шығынға ұшырауын фашистік Германияның кеңес еліне кеңеткен басып кіріп, әділетсіз соғыс бастауымен, оның соғысқа ықтиятты дайындалуымен түсіндірілді. Ал соғыс барысында кеңес әскерінің жеңіске жетуі «армияны басқарушылық құрамның ұйымдастырушылық қабілеті, тылдың мызғымастығы, армияның моральдық рухы, қарулануы, дивизиялардың саны мен сапасы, социалистік құрылыстың жарқын қасиеттері мен тиімді тұстары, социализмнің артықшылығымен» түсіндірілді. Міне, осы тұжырымдаманың негізгі ойлары соғыс жылдарындағы және соғыстан кейінгі кезеңде жазылған еңбектердің бәрінде, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы туралы еңбектерде де сол кездің идеологиялық тұрғыдан қойылған талаптарына сай осы тұжырымдар көрініс тапты.

Қазақстандықтардың соғысқа қатысуына арналған зерттеулердің дамуындағы екінші кезең деректанулық базаның кеңеюімен, жанрлық әртүрлілік және жұмыстардың ғылыми теориялық деңгейінің біртіндеп жоғарылауымен сипатталды. Бұл біздің қоғамымыздың барлық өміріндегі хрущевтік жылымық кезеңнің нәтижесі болды, Сталиннің жеке басына табынушылықтың жойылуы мен саяси қысымның басылуымен, ғылымға жаңа күштердің келуімен байланысты болды. 1980 жылдардың ортасында қайта құру, жариялылық пен демократия басталғаннан кейін тарихтың ақтандақтарына ерекше назар аударылып, бұрын жабық тақырып болып келген 1937-1938 жылдардағы репрессия мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі адам шығыны туралы мәселелерге ерекше мән беріліп, қайта қарала бастады. Алайда барынша сенімді қорытынды берілгендерді бекіту анықтау саяси өзгерістермен байланысты болды және әлі де болса сезіліп тұрды.

Тәуелсіздік алумен басталған үшінші кезеңде берілген тақырып жанаша қырынан зерттеле бастады. Отандық тарихшылар М. Қ. Қозыбаев, Т. Балақаев, П. Белан, Қ. Алдажұманов және басқа да тарихшылардың еңбектерінде, жекелеген диссертацияларда қазақстандықтардың соғысқа қатысуының, ұлттық әскери құрамалардың тарихының түрлі аспектілері жан-жақты зерттелді. Ондағы зерттеуді қажет ететін мәселелерді анықтауда М. Қ. Қозыбаев ерекше үлес қосты.

Отандық тарихнаманың дамуының әр кезеңінде қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, республикада жасақталған әскери құрамалардың, бірлестіктердің, бөлімшелердің тарихы тарихи зерттеулерде жаңаша деңгейде, зерттелуші мәселелердің ауқымының кеңеюімен, ғылыми зерттеулер деңгейінің жоғарылауымен кеңінен қарастырылды. Қазақстанда жасақталған әскери құрамалардың құрылу тарихын, олардың шайқас жолын зерттеуде көлемді деректік және тарихи білімдердің базасы жасақталды. Дегенмен, біздің ойымызша, әлі де болса зерттелуді қажет ететін бірқатар мәселелер бар, атап айтқанда: 1) соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың майдандағы ерліктері көп жағдайда әділетті бағаланбағаны белгілі, сондықтан берілген тақырыптың ақтандақ тұстары әлі де толық зерттеуді қажет етеді. 2) қазақстандық әрбір арнайы әскери құрамалардың тарихы кәсіби тұрғыдан, яғни әскери тарих тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. 3) Қазақстанның соғыстағы адам шығыны, хабарсыз кеткен жауынгерлер, неміс тұтқынында болып, хабарсыз кеткендер, соғыс жылдары құрылған мұсылман легиондарының тарихы. Соғыста хабарсыз кеткен қазақстандықтарға қатысты елмізде іздестіру жұмыстарының бастамасы жасалынған, осы істі республика көлемінде, аймақтық деңгейде одан әрі өрістетуге бүгінде өзекті болып табылады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның әскери тарихына қатысты тарихи зерттеулердің қазіргі кезеңдегі тарих ғылымының талаптарына сай жазылуы өскелең ұрпақтың, жалпы қоғамымыздың Ұлы Отан соғысы туралы объективті білімдерінің жинақталуында, патриоттық тәрбиелеуде ерекше орын алады.

Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандар қозғалысы мен шетелдегі қарсыласу қозғалысына қатысуының тарихи зерттеулерде қарастырылуы тарихнамалық тұрғыдан талданып өтеді. Партизандар туралы Кеңес Ақпараттық Бюросының хабарламаларында, мерзімдік басылымдарда айтылды.

Соғыс жылдарының өзінде-ақ кеңестік партизандардың әскери әрекеттеріне қысқаша шолуларды Б. Волин, П. К. Пономаренко, Р. Р. Сидельский жасаған. «Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихы» атты көлемді ғылыми еңбектің алтыншы томында жау тылындағы кеңес халқының ерлігі, коммунистік партияның ұйымдастырушылық рөлі көрсетіледі. Партизандық қозғалыстың маңызды қорытындылары «Советские партизаны», Л. Н. Бычковтың «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандар қозғалысы» атты еңбектерінде берілген. Қазақстандықтардың партизандар қозғалысына қатысуы туралы Қазақ КСР кеңестік дәуіріндегі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы дамуы туралы жазылған бірқатар ұжымдық еңбектерде қысқаша сипаттамалар беріледі. Бұл бағытта маңызды жұмысты партизандық қозғалысқа қатысушылардың өздері жасаған. Олар партизандар туралы естеліктер мен әңгімелер, күнделіктер, деректік повестер жазған. Мәселен, Т. Жангелдиннің «Партизан күнделігі», «Жолданбаған хаттар», «Партизандық жорық», Қ. Қайсеновтың «Партизан соқпақтары», «Жау тылында» тағы басқаларын айтуға болады. Партизан қозғалысына және Европа елдерін азат ету шайқастарына қатысқан қазақстандықтар туралы көлемді мәліметтер Н. Е. Едігенов, П. С. Белан, А. Алданазаров, И. И. Маляр және басқа да тарихшылардың еңбектерінде берілді. Жалпы, берілген тақырып бойынша жазылған тарихи еңбектерде неміс-фашист әскерлерімен басып алынған территориядағы кеңес адамдарының қаһармандық күресі ауқымы, саяси және әскери нәтижесі бойынша фашизмді талқандаудың маңызды әскери саяси факторы мағынасына ие болды деген тұжырым жасалынды.

Сонымен партизандар қозғалысына қатысқан қазақстандықтар туралы кеңестік және отандық тарихнамада біршама жетістіктерге қол жеткізілді. Қазақстандықтардың шетелдегі қарсыласу қозғалысына қатысуы мәселесі, біздің ойымызша, бүгінгі күнге дейін жекелеген тарихи зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Бұл олқылықты толтыру Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуына қатысты бірқатар беймәлім тұстарын ашуға мүмкіндік береді.

Соғыс уақыты жағдайындағы жұмысқа сай халыққа білім беруді қайта құру, жалпы білім алу туралы Заңды орындау үшін күштер мен ресурстарды жұмылдыру бойынша партиялық және қоғамдық ұйымдардың қызметі, оқушы жастар арасындағы тәрбие және саяси жұмыс тақырыбы А. Сембаевтың, Н. М. Итбаевтың, М. К. Қозыбаевтың, М.П. Лайгердің еңбектерінде көрініс тапты. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның көркемөнер

интеллигенциясының тарихының жекелеген жақтары С. А. Куандықованың диссертациясында, соғыс жылдарындағы Қазақстан мәдениеті тарихының мәселелері А. К. Бисенбаевтың диссертациясында қарастырылды. Біздің ойымызша, соғыс кезеңіндегі мәдениет тарихының қазақстандық тарихнамасы үшін өзекті болып Р. Б. Сулейменовтың соғыстың қатан сынағы жылдарындағы республиканың мәдениетінің жағдайын кешенді арнайы зерттеу қажеттігі туралы айтқан пікірі қала береді. Соғыс кезеңіндегі Қазақстан мәдениетінің дамуы Жеңіске жетуге шақырған патриоттық насихатқа негізделгенімен, сонымен қатар, өзінің баяу болса да, бірақ өнімді қозғалысын жалғастырды.

Болашақта Қазақстанның көпұлтты интеллигенциясының майдан қажетіне республиканы жұмылдыру міндеттерін идеологиялық және насихаттық қамтамасыз етудегі үлесін, республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени келбетіне эвакуацияланған шығармашылық интеллигенция, ғылыми және мәдени мекемелердің ықпалы, тыл еңбеккерлері мен майдандағы жауынгерлердің патриоттық санасын қалыптастыруда

Соғыс жылдарындағы ғылымның дамуы қарастырылады. Ұлы Отан соғысы жылдары республикаға 20 ғылыми-зерттеу институттары эвакуацияланып, олардың 15-сі Алматыға орналастырылды. Сол кезеңнің атақты ғалымдары В. Г. Фесенков, Г. А. Тихов, М. И. Горяев және басқа да ғалымдар елдегі ғылыми жұмыстың біршама жандануына ықпал етті және ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттарының қалыптасуының бастамасын жасап берді. 1941 жылдың соңында, Ұлы Отан соғысының басталуымен, Алматыға КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі А. М. Панкратова бастаған мәскеулік және ленинградтық тарихшылар көшірілді. Ғалымдардың Қазақстанға эвакуацияға келуімен ғылыми қызметкерлерді аспирантура арқылы даярлау кең қанат жайды. Мәселен, 1942 жылы желтоқсанда аспирантураға 57 орын бөлінеді, оның ішінде екі орын тарих ғылымы бойынша болды. Елдің бас тарихшыларының Алматыға келуі, олармен тікелей қарым-қатынас қазақ жастарына тарихи шеберліктің нағыз мектебінен өтуге мүмкіндік берді. 1941-1945 жылдары Қазақстан тарихы бойынша алғашқы диссертацияларды қорғау жүзеге асты. Ғылыми кадрлардың тез өсуі, республикаға келген көрнекті ғалымдар тарапынан әсер ету және жан-жақты ғылыми көмек гуманитарлық ғылымдар бойынша өзіндік ғылыми зерттеу мекемелерін ұйымдастыру үшін жағымды жағдай жасады.

Соғыс жылдарындағы ғылымның дамуының көптеген мәселелері отандық тарихшылардың зерттеулерінде қарастырылды. Қазақстанға эвакуацияланған ғалымдар мен ұлттық интеллигенция өкілдерінің әскери-техникалық маңызы бар ғылыми міндеттерді шешуі, Жеңіске жетудегі бүкілхалықтық күреске қосқан үлесі, шикізаттық ресурстар мен өндірістік қуаттарды жұмылдырудағы қызметі туралы М. Қ. Қозыбаевтың мақаласында сарапталды. Н. Е. Едігенов пен Ш. Е. Есеновтың мақалаларында қазақстандық ғалымдардың 1941-1945 жылдардағы жұмыстарының негізгі нәтижелері қорытындыланды. Республиканың жоғары оқу орындарының аталған кезеңдегі дамуы мәселесі Ш. Ю. Тастанов, Ю. Пачин, Ц. Р. Розенберг, М. Қ. Қозыбаевтың еңбектерінде де қарастырылды.

Сонымен, тарихи еңбектерді талдау Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан ғылымының дамуы, оның майдан мен тылды жұмылдырудағы қосқан үлесі және ұлттық интеллигенцияның қызметі туралы көлемді еңбектің, арнайы зерттеудің жоқтығын көрсетеді. Соғыс жылдарында бастау алған, отандық тарихтың өзекті мәселелерімен айналысқан тарихшыларға идеологиялық қысымның көрсетілуі, Е. Бекмахановтың қуғындалуы мысалында талқыланады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан тарихының зерттелуі үшін маңызды уақыт болды. Өйткені, эвакуацияға келген одаққа белгілі тарихшылардың көмегімен қазақ тарихының зерттелуі, ұлттық тарихшы мамандардың даярлануы ерекше маңызға ие болды. Баршаға белгілі ақиқат, Е. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінде Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың қозғалысын «буржуазиялық-ұлтшылдық» тұрғыдан ашып көрсетпегені үшін 1952 жылдың соңына қарай 25 жылға бас еркінен айрылып, сотталған болатын.

Тарих ғылымында бүгінге дейін қазақстандық ғалымдардың Е. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясын талқылаудағы көзқарастарын терең де жан-жақты талдау толық қолға алына қойған жоқ. Бұл бағытқа алғашқы қадамдар жасалды, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарих ғылымының дамуын отандық тарихнамада кешенді қарастыру, оның тарихи арнайы зерттеудің нысанына айналдыру берілген кезеңдегі тарихи ойлардың дамуын талдауға мүмкіндік береді. Осы оқиғаға байланысты барлық деректерді жинап, сараптау қажеттігі туып отыр.

Кеңестік дәуірде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихы тақырыбы қазақстандық тарихнамада отандық тарих мәселелерін жасаудың басты бағыттарының бірі болды. Бұған келтірілген тарихи зерттеулердің сандық және сапалық сипаттамалары дәлел бола алады. Тәуелсіздік кезеңінде қазақстандық зерттеушілердің Ұлы Отан соғысының тарихы тақырыбына деген қызығушылығы біршама төмендеді. Біздің соғыс сынағы жылдарындағы Қазақстан тарихының мәселелеріне жүргізген талдауымыз, жарық көрген зерттеулердің санының көптігіне қарамастан, көптеген мәселелердің одан әрі зерттеу мен өңдеуді қажет ететіндігін көрсетті. Біз елдің тарихының бұл кезеңіндегі партияның басқарушылық рөлін теріске шығармаймыз. Ең алдымен, біздің ойымызша, барынша тырысушылықсыз, артық түсініктемелерсіз және дәріптеушіліксіз КОКП партия ұйымдарының қазақстандықтарды ел қорғау ісіне жұмылдырудағы рөлін зерттеу қажет.

Жұмыс нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Кеңестік тарихнаманың бірінші кезеңінде (1941-1956 жылдар) Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын зерттеуге арналған жалпы одақтық және қазақстандық тарихшылардың еңбектері идеологиялық тұрғыда жазылған. Қатаң идеологиялық қысым, жеке басқа табынушылық орын алған кезеңде маңызды тарихи зерттеулерге қол жеткізілмеді, соғыс тарихы біржақты жазылды.

2. Берілген кезеңде соғыс жылдарындағы республиканың дамуы туралы жазылған, жарық көрген қазақстандық тарихшылардың еңбектері өз деңгейінде жазылған алғашқы кешенді зерттеулер болды. Дегенмен оларда идеологияның ықпалы айқын сезіліп тұрды.

3. Тарихнамада қазақстандықтардың ірі соғыс қимылдарына қатысуының және Қазақстан жерінде құрылған әскери бөлімдердің, құрамалардың және бірлестіктердің құрылу тарихы, соғыстағы ерлік жолдары жеткілікті зерттелген. Тарихнаманың үшінші кезеңінде бұл мәселеде біршама жетістіктерге қол жеткізілді.

4. Соғыс жылдары шетелдегі Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар туралы тақырып та толық зерттелмеген.

5. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы туралы тарихи зерттеулер жеткілікті. Алайда мұнда да зерттеушілердің назарын аударатын мәселелер бар.

6. Тарих ғылымының соғыс жылдарындағы дамуында үлкен орын алған «Бекмаханов ісін» кешенді зерттеп, саралау сол кезеңдегі

идеологияның, партия саясатының ақ-қарасын ажыратып, тарих ғылымының даму тарихындағы маңызды белестің ақиқатын ашуға көмектеседі деп ойлаймыз.

7. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихына қатысты ақтандақ мәселелер бірқатар тарихшылардың еңбегінің арқасында көтеріліп, зерттеушілердің назарына ұсынылып жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Төлеуханқызы А. Ұрпақтарымыз ұмытпайды. // Егемен Қазақстан. 8 мамыр, 2010 ж. № 178-180.

2 История и историки. Историографический вестник. К 100 летию академика М.В. Нечкиной. М., 2001. с.7

3 Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков.-Алма-Ата, 1943.-325с. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней.-Алма-Ата: Наука, 1943.-485с.

4 История Казахской ССР. Т. II. – Алма-Ата: Наука, 1959. -736 с; Қазақ ССР тарихы . - Т.2. – Алматы: Ғылым, 1963.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ АҚТІЛЕРІНІҢ РӨЛІ

ОМАРОВА Н. Д.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

ӨТЕПОВА Г. Е.

т.ғ.д., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.

Қазақстанның қосылуының алғашқы күндерінен-ақ Ресей оны өзінің дамып келе жатқан өнеркәсібі үшін шикізат көзі және сату нарығы ретінде қарастырды, яғни Ресейдің өзімен дамушы тауар-нарық қатынастарына арналған ең көп табысты алу үшін қажет келешектегі отарлық ретінде.

Қосылудың бастапқы кезінде патша үкіметі саяси бағыттағы сұрақтарға, яғни қазақ танымалдарымен қарым-қатынасты реттеу, оны өз жағына шақыру, түрлі қазақ тайпалары мен руларының ресей бодандығын қабылдау сұрақтарына көңіл бөлді. Осы мәселеге 100-ден астам заңнамалық құжаттар арналған. Осы кезде Ресей бодандығындағы қазақтар мен басқаларының, сонымен қатар қазақтар арасындағы жанжалды реттеу туралы сұрақ тұрды.

XX ғасырдың басында Ресейдің өзінде басталған өзгерістерге қатысты Мемлекеттік думаға таңдау үшін көп саяси сипаттағы заңнамалық құжаттар пайда болды.

Қазақстан аумағына патшалықтың өтуімен, қазақ жерлерін тартып алумен байланысты үкімет осы нақты оқиғаларды заңды түрде бекітуге мәжбүр болды. Бұл қосылған өлкелер аумағындағы жерлерге байланысты сұрақтарды реттейтін жаңа заңнамалық құжаттардың пайда болуына әкелді. Бірақ олардың негізі бөлігі қазақтарға нақты бір жерлерге көшіп-қонуды тыйым салуға бағытталған болатын. XIX ғасырдың ортасынан жерге байланысты сұрақ тек басталған қоныстандыруға байланысты ғана патша құжаттарында қарастырылды.

Қазақ хандықтарын ыдыратып, қазақ сұлтандарын басқарудан алып тастап, патша үкіметі осы арқылы қазақтардың мемлекеттік дербастігін жоғалтты және сол кездегі Қазқатанды Ресей империясының қатарындағы шет аймаққа айналдырды. 1869 жылға қарай патшалық Қазақстанның бар аумағын және Орта Азияның көп бөлігін жаулауды аяқтады. Осы кезге дала аймақтары туралы Уақытша Ереже жатады, содан кейін Түркістан және Дала өлкесін, Торғай және Орал облыстарын басқару туралы Ережелер басылымы шықты.

1869 жылы патша үкіметі Далалық басқару реформаларымен белгілі дәрежеде қазақ қанаушы топтарын бекіту ережелері арқылы қайта жаулап алынған отарлық жерлерге төрелігін орнатуға ұмтылды, оларды өзінің агенттерінің тікелей бақылауына және басқаруына қойды. Губернатор, уезд бастықтары, жасауылдары тұлғасындағы әкімшілік аппараттың жоғарғы буындары мен олардың басқармалары қазақтардан кіші әкімшілік мекемелерден тікелей «таңдау» алдында қойылды: болыс басқарушылармен, халықтық соттармен (билермен) және ауыл ақсақалдарымен. «Халықтың өкілдігі осымен шектелді. Далалық облыстарды басқару туралы ережелерде басқарудың берілген ұстанымдарын енгізу себептері осылай құрастырылған: «Қырғыздарды басқа да бөтен ұлттардан айрықшалайтын ерекшеліктер қатты және бітіспелі болса да, толық негізде әкімшілік үшін де, халық үшін де, шаруашылық және көшпелілердің қазіргі кезде қиын емес жүріс пен малшылық тұрмысына қатысты басқару жүйесіне жақындатылған (мұнда іске қосылған Орал мен Торғай облыстарының «Дала Ережесі» туралы) және үйренген ең тиімді полициялық және қоғамдық ұйымның екі дәрежелі жүйесі, осы негізбен, отырықшыл жергілікті

адамдардан тұратын сол жердің диқаншылық халқының ең күрделі жағдайларына қолданылу керек» [1, 173].

Жаңа уақыттың көптеген жарлықтарында заңның мағынасы, оның мүлтіксіз орындалу қажеттілігі көрсетілді, сонымен қатар заңның кері күші жоқ екені туралы айтылды. Әсіресе бұл өзге ұлттарға, қосылған аумақтың табиғи кенішін өңдеуге, жер сұрақтарын шешу мен империяның мүддесімен байланысты басқа да барлық мәселелерге қатысты іс болғанда нақты орындалды. Абсолютті монархияның дамуынан басқа заңнамалық актілерде үкіметтің осы немесе басқа да істерінің заңдылығын көрсету үшін орақшан осы немесе басқа да заңға сілтеме көрсетіледі.

Көптеген мемлекеттік мекемелер, саяси қайраткерлер, түрлі әлеуметтік топтар оны жасауға қатысты және оған түрлі әсер етті, және тек патшаның осы жобасын бекітуі мен жариялануынан кейін ғана ол заңның құқықтық мәртебесіне ие болды. Осыдан, заңнамалық дереккөздердің пайда болуымен және қалыптасуымен, нақты тарихи дәуірде қолданылуымен байланысты барлық мәселелер кешенін зерттеу мазмұнын талдауға, ақпаратты және толықтай дереккөзін бағалауға көшуде мүмкіндік береді. «Шексіз биліктің осы немесе басқа да ішкі саясатының актілерін түсіну және дұрыс бағалау үшін тек осы немесе басқада заңды оқу ғана керек емес, сонымен қатар оның пайда болуына әкелген ішкі серіппесін де оқып білу, заңның өту кезеңдеріне сәйкес құжаттамалық кешендерді егжей-тегжейлі талдау қажет, яғни әр кезеңінде қоғамдық күштердің өзіне ыңғайлы мазмұны, жеке баптар мен заң тармақтарының құрылымы үшін қайратты күресі болды», – деп И. Д. Ковальченко ерекшеледі.

Заңнамалық актілер болған оқиғалардың бар нысаналы көрінісін көруге көмектеседі және оның дамуының тарихи үрдісін көрсетеді. Шығуы мен бекітуінің күрделі жолымен шығарылған заңнамалық актілерді қабылдаумен өзінің әрі қарай зерттеуін қажет ететін өте зор мәліметтер қабаты байланысқан. Әсіресе, патша үкіметінің ресми мемлекеттік ұйымдарының мәліметтері маңызды, олар заңның осы немесе басқа да шығу кезеңдерінде қалған (мұндағы айтылып отырғаны- түрлі жобалар, хаттар, баяндамалар, отырыстардың хаттамалары және тағы басқалары). «Одан басқа, заңнамалық акт ресми құжаттардың үлкен массасына апаратын өздігінен кілті ретінде, сол заңнамалық акт ресми құжаттардағы жол көрсеткіш ретінде зор мағынаға да ие. Мұрағаттық мәліметтердің көптеген санаты үшін дәл осы заңнамалық акт негіз болып табылады. Одан бастап біз бізге қызықты болып келетін сұрақтар бойынша барлық қалған хаттарға

барамыз. Осында жаңа дереккөздертану мен заңнамалық актілерді талдаудың қажеттілігін артық негіздеу болып тұрды» [2, 321].

Заңнамалық актілердің үлкен көлемді өсуі, заңнамалық реттеу кеністігін кеңейту, заңнамалық актілер санының көбеюі тек жаңа уақыттағы заңнамалық дереккөздердің анықталған қасиеттеріне ғана шартталмайды, және де оларды зерттеуде бірқатар мәселелерді туғызады. Зерттеу үшін сол кездің барлық заңнамалық актілерін қамту мүмкін емес, олардың ерекшеліктерін, жұмыс істеу заңдылықтарын, және олар осы немесе басқа да қоғамды дамытуда қандай мәнге ие болғанын анықтау қажет.

XVIII ғасырдың басында орыс құқығының дамуы абсолютті монархияның ішкі және сыртқы саясаты бейнеленген елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына сай болды. Заңнамалық актілерде толық көрінісі бар құқықтың қоғамдағы мағынасы мен рөлі біртіндеп күшейді. Адамдар дамуының ерте кезіндегі қатынастарын реттейтін бұрынғы құқық екінші жоспарда қалды. Салыстырмалы өзіндік дамуы кезіндегі жаңа уақыттағы ресейлік заңнама үшін басты ерекшелік болып құқық дереккөзі ретінде ырым мен заңның қатынасын өзгерту табылады. Ресейлік заңнаманың жаңа ұстанымдары орнатылады – олар, «заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды», «заңның кері күші жоқ».

Біртіндеп мемлекеттің басшысы заңнамалық биліктің жоғарғы таратушысы ретінде қарастырылады. Заңдар абсолюттік монархияның өз дегенін қорғауда басты және белсенді рөл атқаратын болды. Бұл жағдай қосылған аумақтар, соның ішінде Қазақстан үшін заңдарды жасау және қабылдауда нақты бір өз ізін қалдырды. «Заң, жалпыға міндетті, мемлекеттік билікпен шығарылған, норма бола тұра сонымен бірге, төрешілдік топтың нақты бір еркіндігі, мемлекеттің нақты кластық саясатының құралы бар» [2]. Осы кездегі заңнамалық дереккөздердің ерекшеліктерінің бірі - заңның нақты бір шындыққа ие болмауы, онда император бекіткен нормалар ғана бар, оларды бұзу кезінде жазалау туралы.

Осы кездегі тарихи дереккөздердің сипаттамалық белгілерінің бірі – заңнама түрлерінің санын жоғарлату. Осы кездегі заңнама үшін нақты айрықша нысандар болған жоқ. Заңдар мен әкімшілік өкімдердің ерекшеленуі анықталмаған, соңғысы да жарлық нысанына ие. Орыстың құқық зерттеушісі Н. М. Коркунов белгілегендей, XVIII ғасырдағы заңдар, және жоғарғы жарлықтар деп айтылатындары бір-бірінен айрықшаланбайды, және заңнама үшін ешқандай нақты ерекшеленетін нысан болған жоқ. Заңдар жарлықтар, жарғылар,

регламенттер, инструкциялар, манифесттер, жазалар және тағы басқа сипатта болды. Негізінде заңнамалық актілердің түрі көптеу болды, бірақ олардың қатынастары өзгеріп тұрды. Осы кезде заңнамалық актілер аттарының нақты шектеулі ұғымдары болған жоқ. Басты ереже осы: «патшаның қандай да болсын бұйрығы - заң», яғни жаңа заңдарды шығару патшаға ғана тән болды. Императорлық билік заңның жалғыз дереккөзі болып саналды. Осы ерекшелік қазақ өлкесін басқару бойынша қабылданған заңнамада да өзінің кәрінісін тапты.

Петр I билеуіндегі ірі масштабты мемлекеттік аппараттың өзгерісі, бұйрықтар жүйесінің жойылуы, және оның нәтижесі ретінде, іс жүргізу жүйесінен тыс құжаттарды арнайы сақтауды ұйымдастыру қажеттілігі мұрағат қызметін құруға әкелді. Бұл әрине, тарихи дереккөздердің сақталуына жағымды әсер етті. Біртіндеп жазбаша ресімдеу мен заңды міндетті түрде баспаға шығару, оның кең таралуы мен хабардар ету талаптары пайда болды. 1714 жылы Петр I «бар халық хабарландыруларға арналған жарлықтарды бұйыру, басылымға шығару және барлығына сату» қаулысын шығарды. Заңнамалық актілер шіркеулерде және басқа да қоғамдық жерлерде дауыстап хабарланды, ең маңызды заңдар нақты уақыт аралығында көп рет оқылды. Осыдан басқа, сол кездің заңнамалық құжаттары барлық мемлекеттік мекемелерге орындау үшін жіберілді. Сол кездегі барлық заңнамалық құжаттарда, заңның соңында міндетті түрде жазылады: «Мемлекеттік кеңес көзқарасымен жоғарыда бекітілген, кімге орындауға қатысты болса, соған мәлімет пен міндеттеме үшін, барлық губерниялық, әскери губернаторларға, Әулиелі Басқарушы Синодтың, Басқару сенаттың барлық департаменттерін және олардың жинағындағыларға мәліметті жеткізу, ал әділет министрлігінің департаментіне анықтамамен көшірмесін, Басқару сенатта шығарылған жарлықтар Жинағын 2 бөлімде басып жинау» [3]. Мұрағатта сақталған патша жарлықтары басылып, жеке мемлекеттік ұйымдар мен басқармаларға жіберілді. Заңнамалық актілерді жариялау, тарату біздің кезімізге дейін жақсы жағдайда жеткеніне әсер етті. Бұл зерттеушінің онымен жұмысын жеңілдетеді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында заңнамалық қызмет әлсірегенімен, ол орыс қоғамында қарым-қатынастарды реттеуде басты рөл атқаруын жалғастырады. Бастысы ол тек мемлекет қызметінің барлық негізгі бағыттарын ғана анықтаған жоқ, және өте мардымсыз болды. Солай қайтыс болған адамдарды

патша сарайының жанынан өткізуге тыйым салу туралы, астана маңайына қояндарды көбейтпеу туралы, шылдам атпен шабуға тыйым салу туралы және тағы басқалар. Мемлекет басындағы монархпен қоғам өмірінің барлық жақтарын регламенттеуге тырысып, өзін демократиялық жақтан қандай да болсын шығуларынан сақтауға тырысты. Қазақстан аумағындағы мәселелерді шешуге байланысты сұрақтарды қарастыру кезінде патшалық заңнама қазақ қоғамның өмірін де барлық жақтан реттеуге тырысқаны тан қалдырады. Осы қорытындыға келесі құжаттарды оқып келуге болады: «Сібірлік қырғыздарды Шекаралық басқаруда ассесорды тағайындау, қызметпен далалық аймаққа барғанда тәуліктік ақша жіберу туралы», «Қырғыз даласында тұратын сарайларды тұрғызуға рұқсат туралы», «Ішкі қырғыз ордасында кіндік шеше тұрмысын қамтамасыз ету айлығы туралы», «Семипалатинск слободасында тұрмыстық құрылыстарды тұрғызу тыйымын жою туралы», «Ішкі Қырғыз ордасында қырғыздардан шешек егуші қызметін құру» [3] және тағы басқалары. Патшалық шексіз билік тек қана қазақ қоғамы өмірінің барлық негізгі жақтарын реттеген жоқ, және де қазақтардың жеке өміріне де баса-көктеп араласты, сонымен ол қарапайым нақты құқықтарына қысымшылық көрсетті.

Сол кездегі заңнаманың басты сипаттық ерекшелігі төрелік топтарының мүдделерін, Ресей мемлекеті жағын қорғай шығарылды, бірақ халық мүдделеріне қатысты шығарылғандай сипатталады. Сондықтан заңнамалық құжаттарда осындай мағыналар жиі қолданылады: «мемлекет және жалпы пайдасына», «мемлекеттік құрылыс игілігі үшін», «мемлекет мүддесі мен пайдасына», «Оның Императорлық Мәртебесі мүдделері үшін» және тағы басқалары. Заңнамалық дереккөздерде шынайы нақтылықты көрсетпейтін сөздер мен мағыналар жиі қолданылды. Заңның жеке баптарын немесе толықтай заңды нысандардың ерекше тәсілдері көмегімен патша үкіметі құжаттың түпкі ойын жасыруға, бір тезисті басқасымен ауыстыруға тырысты. Сол үшін де заңның жеке баптары, ережелері түсініксіз, қос мағыналы, қарсылықты түрде жазылды.

Қазақ жерлеріне қатысты қабылданған барлық құжаттарда қазақ халқы жайына деген қамқорлық жазылғандай, бірақ шынайы мақсаты төрелік топтардың мүдделерін қорғау болып табылады. Ашаршылық пен сұмдық жаман жағдайдан құтылу үшін өз балаларын құлдыққа сатуға мәжбүр болған қазақ халқына «қамқорлық» көрсете патша үкіметі арнайы жарлық қабылдады. Осы жарлықта қазақ халқына көмек көрсетіп, оның жағдайын

ойлай тек ресейлік бодандықтарға ғана сатып алуға рұқсат беру туралы жазылған. «Әскери Орынборлық губернатордың жеткізуін және басқа да бізге жеткен мәліметтерді біз қарастырдық, Орынбор тізбектерінің маңайындағы және Каспий теңізінен бастап Сібірге дейінгі барлық шекара бойымен көшіп-қонып жүрген біздің бодандықтағы қырғыздар тамақтануға жағдайлары болмай, олардың көпшілігі өз балаларын сол жаққа сауда қатынасымен келетін хивинецтерге құлдыққа сатуға дейін барады. Сол адамдардың жеребесін жеңілдету үшін тек ру басындағылармен қалдырылғандар емес, және де туыстарымен тасталғандарды Біз Орынборлық әскери губернаторға оларды мүмкіндігінше магомандық және де христиандық құлшылықтарына қоныстандыру туралы қамқор көрсетуге тапсырдық, Орынборлық әскери губернатор бізден сол жайлы ерекше бұйрықпен қамтылған. Осы кезге дейін болған жамандықтар толықтай жойылсын деп, әр түрлі жағдай бойынша адамдарды хивинецтерге құлдыққа сату жойылды, одан басқа да біз келесі жалпы ережелерді қабылдауды дұрыс көрдік: 1) Барлық еркін жағдайдағы Ресейлік бодандықтарға тізбектердегі қырғыз балаларын сатып алуға немесе айырбастауға рұқсат етіледі, бірақ осы шартпен, 2) осы сатып алынған немесе айырбасталған екі жыныстағы да қырғыз балалары 25 жасына толған соң бостандығын алады; 3) қырғыз балаларын сатып алушылардың және айырастушылардың барлығы осы сатып алу туралы Орынборлық шекаралық комиссияға келіп айту керек» [4, 173-174]. Қазақ халқына қатысты шынайы «қамқорлық пен қайырымдылық» көрсету!

Осындай секілді бодандықтағы қазақ халқына патшалық билік жағынан «қайырымдылық» көрсету қандай да болсын жерге, аймақтық құрылымға немесе ханды сайлауға байланысты сұрақтарды шешу патша билігінің барлық заңнамасы арқылы жүргізілген. Мысалы, Орта жүздегі жаңа ханды сайлау жағдайы бойынша 1781 жылғы 23 тамыздан шыққан жарлықты оқысақ: «Біз, Ұлы мемлекет, Біздің Ұлы Император, біздің қырғыз-қазақ халқындағы адал бодандықтарға қайырымдылықпен қарай, оларды басшысыз қалдырмау ойымен және соған байланысты себептен жағымсыз және зиянды салдар туғызбау үшін және оны кедейлендірмеу үшін қайырымшы бола барлық сұлтандарға, ағалықтарға және барлық халыққа бұрынғыша лайықты және біздің Ұлы Императорға ізгі ниетті ханды таңдауға рұқсат етеміз, ол өзінің мейірімді және саналы іс-әрекеттерімен қырғыз-қазақ халқына жағдай жасап, тыныштықты сақтайды, сондықтан да біздің ауқымды және ауқымды

сопыларымыздың рақымшылығына және мархабатына ие болады.» [5, 104]. Осы құжаттар патшалық заңнамасы антидемократиялық және халыққа қарсы мінезде жазылғанын айтады.

XIX ғасырда орыс құқығының тағы бір ерекшелігі көртеген басқару ұйымдарының бюрократиялық аппараты патша үкіметінің заңнамалық қызметіне үлкен әсерін тигізу болып табылады. Заң император үстеліне жеткенше дейін көп жол жүрді. Сонымен қатар ресми бекітілген заңнама орындарымен әрқашан сәйкес келіп отырмады, ал кейде жергілікті ырымдар мен шариат заңдарына да қарама-қайшылықта болды. Сондықтан Қазақстан үшін жасалған заңнама мазмұны мен мәніне жергілікті губернаторлар мен жергілікті әкімшілік зор әсерін тигізді. Дәл осылардың ұсыныстары, баяндамалары, хаттары деп аталған тапсырыстары бойынша «өлкедегі істің шынайы жағдайының» көрінісін құрастыра, осылардың негізінде осы немесе басқа да заңдастырулар қабылданды және бүкіл халықтың тағдыры шешілді. Көптеген құжаттарда осы ой ашық түрде жарияланады: «Олар әрқашан да осы жақтан бағынышты болғандықтан, олардың губернаторларының ойынша, қырғыздар мен қазақтардың қанағатына олардың сөздері бойынша, олардың губернаторлары, хандары мен сұлтандары губернатор болғандықтан осы сұранысты қарау мен анықтауды сұрайды және де қырғыздар мен ақазақтарға нанды сатуды, осыған дейін болған жағдайдай жеткізіліп тұруын өтінеді» [5]. Губернаторлар сол жерлерде ешкіммен және еш нәрсемен шектелмеген билікке ие болды, осы жерлердің барлық сұрақтарын олар өздігінен шешті және осы немесе басқа да заң ережелеріне өзгерістер енгізуіне мүмкіндіктері болды. Осы ережелер ресейлік заңнамамен расталды. Мысалы, «Сол жерлерде жақын уақытта осы ережелерді орындауды айта тұра, кейде қандай да бір алып тастауларды талап ететін жағдайлар кездессе, саяси түрде Комитет Батыс Сібір генерал-губернаторына өз билігімен, кездесетін барлық қиыншылықтарды жою мақсатымен ережеде алып тастау қажеттілігіне мүмкіндік береді» [5]. Осыдан басқа, 1866 жылы губернаторға берілген аумақта оның бірегей билігін заңды бекітетін «Губернатор билігінің кеңістігі мен шектері туралы» арнайы жарлық шықты, «ол губернияда жоғарғы үкімет билігінің өкілі ретінде болды, ол арқылы заң бойынша жергілікті бақылау сондағы барлық губернияда бар әкімшілік мекемелер мен қызметтік тұлғалардың азаматтық ұйымына баса назар аударды» [5].

Толықтай патшалық шексіз билеу идеологиясы өзінің тікелей бейнесін XVIII-XIX ғасырдың басындағы заңнамада

тапты: заң алдында ешқандай тепе-теңдік болған жоқ. Ол толықтай қызметтік ұстанымда құрылды, яғни төрелік топтар үшін қызметкерлердің ерекше артықшылықтарынан тұрды, бір жағынан, қарапайым халық үшін қызметтік шектеулерден, екінші жағынан-басқа ұлттар үшін де. Қазақ жерлерін басқаруға байланысты заңдарды жасау мен талқылауда жергілікті тұрғындар қатыспады. «Қазақстанға байланысты метрополияның өзінде жүргізілген патшалықтың барлық әкімшілік, саяси, соттық және құқықтық реформалары қазақ халқының өкілдерінің қатысуынсыз өтті» [6, 106 б.]. Абсолюттік монархия тек өзінің құқықтары мен төрелік топтарының құқықтарын қорғады, шаруалардың, басқа қызметкерлердің, және де, әсіресе, ұлттық шет аймақтарда өмір сүретін халықтардың мүдделері толықтай шектеулі болды және есепке алынбады.

Қазақтың ағартушылары тарихи дереккөздер негізінде өз халқының тарихына байланысты сұрақтарды зерттеуге үлкен көңіл бөлді. Өлкедегі үдемелі жаңа өзгерістердің жақтаушысы әйгілі қазақ ғалымы Ш.Уалиханов елде тек қазақ халқының жағдайын жақсартатын ғана емес, сонымен қатар оның көркеюіне бағытталған заңнамалық реформалар қажет деп санады. Сондықтан ол қазақ халқының олсыз да қиын жағдайын бекітетін саяси реформаларға қарсы шықты. Ол «Халық реформалары туралы сұрақ сияқты аса маңызды сұрақ жоқ. Заң шығарушылар мен реформашылар қоғам пайдасы туралы айтатынына күмән жоқ, бірақ қоғамның дамуы үшін не пайдалы және не зиянды екені әр түрлі ғасырда әр түрлі және олардың арасында көптеген жабайы гипотезалар жүр, олар қолданбайтын аксиома ретінде ескішіл және әдет бойынша өткенге көптеген сеніммен қабылданады, бірақ ғылымдар олардың қателігін және шамасы жоқ мүмкіншілігін нақты дәлелдеді. Қазіргі кезде халық үшін халықтың бар қажеттілігіне тікелей қатысты ең маңызды және жақын болып экономикалық және әлеуметтік реформалар саналады, ал саяси реформалар керекті экономикалық нысандарды жүргізу үшін қажет құралдар ретінде қабылданады, яғни әр адам немесе барлық қоғам ұжымдаса өз дамуында бір нақты қорытынды мақсатқа ұмтылады, ол-өзінің әл-ауқатын жақсарту, және ілгерішілдік осымен қорытындыланады. Осы көзқарас бойынша, адам тұрмысын жақсартуға әсер ететін реформалар ғана пайдалы, ал түрлі жағдайға соқтықпай, қоғам қажеттіліктері мен құралдары белгілі болғанда, осы мақсатқа жету үшін кедергі жасайтын реформалар зиянды деп аталады», - деп жазған [7, 319].

Көптеген кеңестік және қазақстандық зерттеушілер зерттеу кезеңіндегі Ресей және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихын зерттеу үшін заңнамалық дереккөздердің мағынасын аса зор бағалады. Қазақтың С. Д. Асфендияров, М. Тынышпаев, Е. Бекмаханов, Г. С. Сапарғалиев, С. К. Жақыпбек, С. З. Зиманов сияқты ғалымдары заңнамалық құжаттарды оқып-білу қажеттілігі туралы сұрақтарды көп рет көтерді және олардың өздері заңнаманың көптеген деректерін ғылыми айналымға енгізді. Жеке жағдайда М. Тынышпаев қазақ даласын басқару ерекше ресейлік заңдармен жүргізілетініне көңіл аударды: «Қырғыз даласы өте ерекше мәдени, әлеуметтік-саяси және қоғамдық-экономикалық жағдайда тұр және ерекше заңды ережелер негізінде басқарылады. Әкімшілік өкімдер мен істегі заңды ережелер бойынша қырғыздар басшыларының рұқсатынсыз қозғалмайтынына жеткізілген. Қырғыздарда қарапайым адамның құқықтары болған жоқ; тұрғындардың өмірі мен ар-ұяты толықтай әкімшілікпен басқарылды». Сондықтан да патша заңнамасын үндемей және ескермей қалмау керек, оның барлық отаршыл мәні мен бағыттауларын көрсете отыра, оқып-білу, басылымға шығару және келесі ғылыми зерттеулерде қолдану керек.

Осымен, патшалықтың заңнамалық құжаттарының мысалында Қазақстанның Ресей құрамындағы отаршылдық беделінің құқықтық бекітілу үрдісі біртіндеп жүргізілді және толық бір ғасырға созылғанын көруге болады. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымына байланысты сұрақ өте күрделі және созылмалы болды, өйткені Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісінің өзі қарсылықты және бір мәнді болған жоқ. Тартып алынған аумақтарда өзінің басқаруын тезірек бекіту мен енгізуге тырысу, жергілікті ерекшеліктерді, қазақ жерлерінің кендігін білмеу және оны есепке алуды қаламау, жүргізілген реформаларға қазақ халқы жағынан ашынулы қарсыласуы, тез өзгертін тарихи жағдайлардың осы өзгерістерге сәйкес келмеуі, осылардың барлығы патшалықтың әкімшілік реформалары тарихи шындыққа сәйкес келмеуіне, өлкені дамытудың жергілікті ерекшеліктерін ескермеуіне әкелінді. Бұл өз кезегінде көптеген заңнамалық актілердің қабылдануына әкелді, олар толықтырылды, осының алдындағыларын болдырмады немесе бір-біріне қарама-қайшылықта болды. Толықтай зерттеліп отырған кезеңдегі Ресей империясының заңнамасы патшалық шексіз билік тұрағын нығайту мен кеңейтуге, ресейлік басқару жүйесін енгізуді және оны нақты отаршыл шет аймаққа айналуын негіздеуге бағытталған болатын.

Сонымен, Ресей империясының заңнамалық актілерін талдау негізінде біз зерттелген уақыт аралығында Қазақстан аумағындағы империяның сот жүйесі қалай енгізілгенін және біртіндеп өзгертілгенін байқай аламыз. Жоғарыда айтылғаннан осындай қорытындыға келуге болады. XVIII ғасырдың соңында ресей империясының жалпы заңдары негізінде басқару және сот ісінің жаңа жүйелерін енгізудің бірінші талпынысы жасалды. Бірақ бұл талпыныс сәтті болды. Сот ісінің сол бір сұрақтары бірнеше құжаттарда көрініс тапты. Бұл патша үкіметінің көп ғасырлар бойы келе жатқан қазақтардың қарапайым құқықтар жүйесін бір уақытта өзгертуге күшінің жеткіліксіздігін көрсететін дәлелмен расталады. Сондықтан, «бағындырылған мемлекетте күрделі сот жүйесін құра, үкімет Қазақстанда арзан және үкіметтің мақсаттарына жауап беретін сот аппаратының болуына ұмтылды. Патшалық патша үкіметінің отаршыл саясатын жүргізуге және қазақ қоғамы ішіндегі патриархаттық-феодалдық қатынастарды сақтауға әсер ететін осындай аппаратқа қызығушылық білдірді. Осы себепті патшалық жалпы ресейлік сот жүйелерімен қатар өзінің билікте тұрған кезінің соңғы уақытына дейін билер сотын сақтап қалды».

XIX ғасырдың ортасына қарай Қазақстанның қосылуы толықтай аяқталды. Патша үкіметінің өз қажеттілігі алдында қосылған аумақтарда бірегей басқару жүйесін құру туралы міндет қойылады. XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы реформалар жалпы империялық сот жүйесіне және жалпы империялық заңнаманың әрі қарай таралуына әсер етті. Осы реформалар жаңа күрделі сот жүйесін енгізді, олар орыстар, казактар және казактар тұрғындары үшін әр түрлі болды. Е. Бекмахановтың анық айтуынша: «Қазақтың даласын басқару жүйесі анық көрсетілген әскери-басқыншылық сипатта болды».

Жарлық нәтижесінде 1867 жылдың 11 шілдесінде Түркістан генерал-губернаторлығы пайда болды және «Жетісу және Сыр-Дария облыстарын басқару туралы» ереженің жобасы қабылданды. Осы аумақтар тікелей Әскери министрлікке бағынды. Генерал-губернаторлықтағы жоғарғы билік генерал-губернаторда болды, ол әкімшілік, соттық, саяси, әскери және тағы да басқа кең өкілеттіліктерге ие болды. Ол тікелей патшаға есеп берді және патшаның өзінен ерекше өкімдерді алды, яғни генерал-губернатор орталық билік ұйымдары мен жергілікті билік ұйымдары арасындағы делдал қызметтерін орындады.

Уездік соттар әлемдік соттар мен соттық із кесерлердің құқықтарымен қолданы және міндеттерін орындады. Әлемдік

соттар ретінде олар мүлікке деген құқықтарды жою мен шектеуге байланысты емес барлық сот істерін және 2000 рубльден аспайтын шағымдар бойынша облыстық басқармалар мен уездік бастықтармен сотталғандарды санамай, азаматтық істерді талқылайды және шешеді. Егер өкім ретінде сендіру, ескерту, 1 айдан аз уақытқа қамау және 100 рубльден аспайтын соманы ақшалық төлету шығарылса, соттар өкімі қорытынды болып саналады. Соттық із кесерлер ретінде уездік соттар әскери-соттық комиссияларға сотталу істердің барлығы бойынша тергеу жүргізеді.

Заңдарды қарастыра, салыстыра және бағалай отыра, олардан көптеген пайдалы, нысаналы және де жасырмалы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Ресей империясының заңнамалық актілерінде жергілікті басқару мекемелерін ұйымдастыру бойынша және олардың орталық билік ұйымдарымен өзара байланысы туралы біршама мәліметтер бар, сот ісіне, өлкенің аумақтарға өкімшілік бөлінуіне мінездеме береді, салық жүйесінің өзгерістерін ашып көрсетеді, аграрлық және көшіп-қону саясатының, шенеунік аппараты қызметінің және тағы басқа да сұрақтардың мәнін табады. Бұл дереккөздер тек жай ғана құнды тарихи мәліметтерді берген жоқ, сонымен қатар олардың даму эволюциясын қарауға мүмкіндік береді, олардың қалай дамығанын, жетілдірілгенін және өзгерілген тарихи жағдайларға бейімделуін көрсетті. Патшалық шексіз биліктің саясатын, және де қазақ халқындағы экономикалық және құқықтық жағдайларда болған өзгерістерді зерттеу заңнамалық дереккөздерге кең назар аудармай және оны қолданбау мүмкін емес.

ӘДЕБИТЕТТЕР

1 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін //Бес томдық. 3-т. – Алматы: Атамұра, 2002.

2 Өтепова Г.Е. Полное собрание законов Российской империи как исторический источник по истории Казахстана //XVIII- начала XX века. Вестник ЕНУ, № 5, 2007г.;

3 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас // – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

4 Өтепова Г.Е. Законодательные акты Российской империи о системе налогообложения в Казахстане в XVIII-XIX веках // Отан тарихы, № 2, 2008г.;

5 Өтепова Г.Е. Казахстан в системе государственного управления Российской империи// Вестник КазНУ. Серия историческая, № 1, 2008 г.;

6 Өтепова Г.Е. Законодательные акты Российской империи о системе налогообложения в Казахстане в XVIII-XIX веках // Отан тарихы, № 2, 2008г.;7. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков // Т. I-IX. – Алматы, 2007.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ШАЙ ІШУ ДӘСТҮРІНДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

СЕКЕБАЕВА К. О.
студент, Павлодар қ.
МУСИНА Ж. А., КАНИЕВА Д. А.
ғылыми меңгерушілері

Осы сұрақтардың көпшілігіне тарихшылар жауап бермеді. Бірақ қазір бұл сұрақтар шешіледі деп ойлаймын.

Адамдар бұрынғы заманнан бері шай ішіп келеді. Осы бір ғажайып сусын туралы алғашқы деректерді біздің заманымыздан бұрынғы дәуірден – ақ кездестіруге болады. Оның тарихының ең кереметі – шайдан біздің күні бүгінге дейін күпті болмай келе жатқанымызда болса керек. Тіпті жерімек былай тұрсын, шай – жиырмасыншы ғасырдың ең кең таралған сусыны саналады.

Шай ішудің де өзіндік сыры бар. Баяғы заманнан бері өз рәсімдері мен дәстүрлері қалыптасты. Мысалға, ол ағылшындар мен қазақтар үшін ұлттық тұрмыстың, тіпті қала берді, ұлттық қасиеттің елеулі белгісіне айналды.

Император Шен Шуе – шайдың ашылуы:

Осы аңызда шай шамамен 5000 мың жыл бұрын ашылды деп айтылған. Шен Шуе қытай медицина ғалымы, әкесімен бірге ауыл шаруашылығының негізін қалаушылар болды. Аңыз бойынша императордың денесі «нефрит тәрізді мөлдір болған», ол шөптердің дәмін көргенде, ішінде не болып жатқанын көре алған. Император жарлықтары бойынша барлық ауыз су гигиена себептері бойынша қайнатылсын деп талап етті. Бір күні императордың құлдары шөлді қандыру үшін су қайнатып жатты. Сол қазандықтың жанында ағаш өсіп тұрды. Сол ағаштан бірнеше жапырақ қайнап жатқан суға түседі. Сонымен су қызыл түске боялады. Бұл сусынның иісі императорды еліктіреді. Ол дәмін көргенде өзінің денесінде қуат пайда болғанын сезеді. Осы кезде шай пайда болды деп айтуға болады.

Шай ағашының пайда болуы туралы аңыз:

Ертеде Қытайдың аңызында шай өсімдігінің пайда болуы былай әңгімеленеді:

Қытайда Даррама атты данышпан монах тұрған екен. Бір күні түсінде Будду құдайын көріп, таңғалғанынан оған арнап күні – күні, көз ілмеуге, сыйынуға серт береді. Күндердің күнінде Даррама шыдай алмай кірпіктері ілініп қалғып, қатты ұйқыға кетеді. Монах құдайға берген серті үшін қорқыныштан оянып кетеді. Даррама өзінің кірпіктерін қиып, жерге лақтырып тастайды. Ал көктемде данышпанның кірпіктері түскен жерге жасыл бұтқтар өседі, оның жапырақтары керемет ұйқы аштыратын қасиетке ие болады.

Шай ішу дәстүрі қалай пайда болды:

5 мың жыл бұрын Қытай императоры орманда демалып жүріп, ішу үшін шай қайнатуын бұйырады. Кенеттен жел тұрып кесеге бірнеше шайдың жапыртары түсіп кетеді. Император сусынды ішіп, өзін сергек сезінді. Осылай шай ішу дәстүрі басталған [1, 193 б].

Басқа шай туралы аңыздар бар. Шайдың отаны – Қытай делінген. Шай – мәңгі жасыл шай өсімдігінің арнайы өңделген жапырағы, сондай – ақ осы жапырақтан әзірленген сусын. Шайдың өңіне тән хош иісі, тіл үйіретін дәмі, шөл қандырып, сергітетін қасиеті бар.

Жас жапырақшалар қытайша «тчайей» дегенді білдіреді. Осыдан «шай» атауы шыққан. Байха шайы да қытайша «бай – хоа» аударғанда «ақ кірпекшелер» дегенді білдіреді. Шынында да шай жапырақшаларының бір беті ақ кірпікшелерге ұқсас жіңішке күміс талшықтармен қапталған. Қазіргі уақытта байха сөзі үгітілген деген мағынаны береді.

Алдымен Қытай шай өндірушілерден жалғыз ел болғандықтан, оның құпиялары мықты қорғалған. Дегенмен, бір ағылшындық шай тұқымын ұрлап қана қоймай, оны өңдеудің күрделі жолын да біліп алған. Осының арқасында еуропалықтар шайды ө мекендерінде де егуді білген. Шайды тек әйелдер ғана еккен екен. Себебі, әйелдің нәзік қолдары шайдың иісін одан сайын күшейтеді деп есептеген. Қытай императоры үшін шайды тек 16 жасқа дейінгі қыздар жинаған.

Шай өсіру орнына қарай:

Қытай, Үнді, Цейлон, Грузин және Краснодар болып бөлінеді. Шайды плантациядан алыс емес шай фабрикаларында дайындалады. Себебі, шай жапырақтары өзінің құнды сапасын жоғалтпау үшін алыс тасымалдауға болмайды.

Шайдың емдік қасиеттері:

Шай және денсаулық. Ежелгі шығыс данышпаны Ибн Сина шай хақында: «Шай денені сергітеді, көңілінді көтереді, жүрекке жылу ұялатады, ой салады, еріншектіктен арылтады».

Шайдың емдік қасиеттерін зерттей келе, ғалымдар оның пайдасын білді. Шай тек шөлді басу үшін ғана емес, қан айналымына, жүрек – тамыр жүйесіне, аскорьтуды жеңілдетеді.

Жас шай жапырағының шырынымен немесе ұнтақталып, үгітілген кепкен шаймен дененің күйген жерлерін емдейді. Кепкен көк шайды шайнау – жүрек айнығанды басуға жақсы көмектеседі. Көк шайдың қою тұнбасы денедегі сыртқы жараларды, тіпті жүйелі пайдаланған кезде асқазан мен аш ішек жараларын жазады. Көк шай тұнбасы қан қысымын түсіреді. Шайды тіл ойылғанда, экземаға, теріге жарақат түскенде, ірінді жараларға ем ретінде қолданады. Таңертеңгілік және кешкі уақытта тіс тазалар алдында шай тұнбасымен ауызды шайса, тістің түбі нығаяды. Халық шайды бұрынғы заманнан – ақ «өмір зәм – зәмі» деп атаған. Бірақ бұл шайды өлшеусіз іше беру керек деген сөз емес. Біріншіден, егер оны көп ішетін болсақ, жүрекке, қантамырларына, бүйрекке күш түседі. Ал мұның организм үшін қауіпті екені белгілі. Екіншіден, шайды тым қою етіп әзірлеуді де қажет жоқ. Өйткені оның құрамындағы кофеин нерв жүйесінің қызметін қоздырып, жүректің соғу қалпын бұзуы, қан қысымын күшейтуі ықтимал. Тіпті денсаулығы жақсы адамдардың өзіне ұйықтар алдында шай ішуге болмайды. Бұдан басқа да дәрігерлердің айтуынша, шайды ішудің талаптары бар [3, 58 б].

Кесте 1 – Қазақ халқы мен ағылшындардың шай ішуіндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтары:

Айырмашылығы «Қазақстанның шай ішу дәстүрі»	Ұқсастығы	Айырмашылығы «Ұлыбританияның шай ішу дәстүрі»
<ol style="list-style-type: none"> 1.Кез келген уақытта шай ішеді. 2.Алыс қонаққа төмен дөңгелек үстелге шай жасайды. 3.Шайды бірден сүт қосып әпереді. 4.Қонаққа көптеген тәттілер алдына қояды және қонақ өзінің қалауынша жейді. 5.Шай кесеге құйылады. 6.Шайды тек үйдің иесі құяды. 7.Самаурын кайнатады (жанған отынға қыздырады) 8. Жылы Қазақстанда шай салқындау, шөл қандыру сусыны. [2, 171 б] 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шай ішуді жақсы көретін халықтар. 2.Келген қонақпен ең бірінші қол беріп амандасу. 3.Сүтпен ішкенді жақсы көреді. 4.Көптеген тәттілерді үстелге қояды. 5.Ыстықтай ішеді. 6.Дәстүрлі дайындайтын нан түрлері бар. 7. Шайды соңына дейін ішіп бітірмеу, үй иесіне деген құрметсіздігін көрсетеді. 8.Екі елде де шай өсірілмейді.Шайды басқа елдерден әкеледі. 9.Екі елде де шай ішу салт – дәстүрлері бар. 	<ol style="list-style-type: none"> 1.Шай ішу уақыты: таңертеңгі 11:00 және түскі 17: 00. 2.Отырған кезде аяққа шүберек төсеу. 3.Шайға қосатындарын белгілі бір тәртіппен қосады.Мысалы, ең бірінші қант содан кейін сүт. 4.Шайға берілетін тағамдарды жеудің де тәртібі бар.Мысалы, бірінші ащшы тағамдар, содан кейін «scones» наны, міне осыдан кейін ғана кампит пен печенье жеуге болады. 5. Шай кішкентай шынаяққа құяды. 6. Шынаяқты қолға алғанда кішкентай бармақты көтеру жаман әдет болып саналады. 7. «scones» нанын дайындайды. 8.Суық Британияда шай жылыну құралы. [1, 253 б]

Теориялық материалды зерттей келе, мен группаластарымнан кішігірім тест алдым. Қорытындылай келе:

Сен қазақ халқы мен ағылшындардың арасында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар екенін білесің бе?

Иә жауабымен – 75 % жоқ жауабымен – 25 %

Сен қандай шай ішкенді жақсы көресің?

Қазақша – 55% ағылшынша – 40 % шай ішуді ұнатпаймын – 5 %.

Шайды немен ішкенді жақсы көресің?

Әртүрлі тәттілермен – 75 % Қазақ халқының тағамдарымен – 25 %.

Түрлі ақпарат көздерін зерттей отырып, біз Ұлыбритания мен Қазақстанда шай пайда болу тарихында қызықты фактілер көп таптық. Соңында мыналарды айтып кетуге болады:

Екі ел үшін де бірнеше ғасыр аралығында шай ұлттық мәдениеттің теңдесіз бөлігі болып саналады.

Қазақстанда да, Ұлыбританияда да, шай ішу дәстүрі көп кездеседі, мысалы, Қазақстанда қазақша шай, яғни кілегеймен және оған кішкене бұрыш пен бидай қосылып ішіледі.

Бірақ бір ел үшін ғана тиесілі дәстүрлер де бар:

Тек Британияда шай бөлек тағамға жатады.

Тек Қазақстанда шай пиаладан ішіледі.

Тек Британдықтар шай көзден сақтайтынына сенеді.

Бізге бұл тақырыпта жұмыс істеу өте ұнады және де осы жұмыс барысында біз өзіміздің қойған мақсатымызды орындағанымызға сенімдіміз. Біз екі елдің, яғни Ұлыбритания мен Қазақстан елдерінің шай ішу дәстүрлерін зерттедік. Басып шығару жұмысымен қатар, біз ғаламтор ресурстарымен қолдануды, керекті және маңызды ақпараттарды үлкен көлемде табуды үйрендік. Сондай – ақ группаластарға тест құрауды және оларды жүргізуді, қорытынды шығаруды үйрендік.

Біздің ойымызша, бұл өзекті тақырып, өйткені шай біз зерттеген екі елдің ғана емес, басқа да көптеген елдердің негізгі сусыны болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 В. Тимошинов. «Культурология. Казахстан Евразия Восток Запад» Алматы 2003г.

2 С. Кенжеахметұлы. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» Алматы 2006

3 «Шайдың үлкен кітабы», 2015 ж.

МЕМЛЕКЕТ БИЛІГІНДЕ ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

УМБЕТОВ Ә. М.
студент
КОЛУМБАЕВА З. Е.
т.ғ.к., доцент

Қазақ билері — ерте заманда осы күнгі соттың да, тергеушінің да қызметін атқарған. Қазақтың билер соты өзінің шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болған. Құқықтық құрылымы және сот ісін жүргізуде өзіндік қалыптасқан бай тарихы бар, әлемдік үлгідегі классикалық соттарға қай жағынан да үйлесе алатын бірегей сот жүйесі екеніне дүниежүзіндегі ғалымдар нақты көз жеткізді.

Қазақ елінің мыңдаған жылдардан бері ғасырдан - ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билер сотының алар орны ерекше. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған бұл сот жүйесі ұлттық санамыздағы ұзақ жылғы даму эволюциясында тек әділдік пен ақиқаттың айқын көрінісі ретінде мызғымай келді. Ұлтымыздың өзіне тән осындай құқықтық мәдениеті, оның халық алдындағы беделі мен рөлінің жоғары болуына билер сіңірген өлшеусіз еңбекті барлық қырынан танып білу қажет. Оның тарихи тұлғасын көне заманнан келе жатқан Рим, Эллада, Египет, Вавилон сынды елдер жеткендей құқықтық дәрежеге көтеруді осылай ғылыми тұрғыда тиянақтау өте орынды, әрі еліміздің құқық тарихы үшін өте қажетті нәрсе.

Би – бірінші кезекте халыққа сот төрелігін шынайы, әрі турашылдықпен жүзеге асыруда әділ билігімен танылған, соттық функцияны атқаратын мемлекеттік қызметші. Ол сот ісін жүргізгенде өзі қадағалайтын тәртіптілікті қатаң сақтай отырып, істің күрделілігі мен екі жақ тараптардың ықылас-мүдделеріне баса назар аударған. Сонымен бірге, іске қатысатын тараптардың өкілдері мен өзге де қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялықты қатаң сақтайтын әділ төреші болған. Бұл туралы академик Салық Зиманов өзінің еңбегінде «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асақ мұраттарының

талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған» дейді.

Хатқа түскен тарихи жылнамалар мен ауызша жеткен дерекнамаларға зер салып көрсек, мемлекеттік билікте, ел басқаруда халыққа етене жақыны, біліктілігімен сұңғыла шыққандары – билер ғана. Өйткені, саф таза шынайы өмір тіршілігін қалаған, соған лайықты көшпелі қоғамды мемлекет тірегі деп ұққан ата бабаларымыз табиғаттың өзі сыйға тартқан тазалықты, адалдықты – ар-ұжданның серті деп білген. Өресі биік данышпандар айтқан «Табиғатты – құдай жаратқан» деген қағиданы көшпелілердің мыңдаған жылдар бойы берік ұстауы, соның белгісі. Содан болар, ата-бабаларымыз құдай алдында жаманатты болмауы үшін ізгілікке шаң жұқтырмайтын имандылықты – беттің ары, жүректің сенімі деп ұққан.

Хан тағына отырған сұлтандар мен бектердің бәрі бірдей сұңғыла, көреген болмаған. Оларға ұлыстың билік істерін үйлесімді жүргізуде елге кеңінен танылған билер қолға алып, ақыл-кеңес беріп отырған. Ал мемлекеттік дәрежедегі ел таныған би болу үшін терең ақыл, жүйрік ой, асқан біліктілік пен кемеңгерлік қажет. Бидің бойынан табылатын ондай асыл қасиеттерге алдымен: имандылық, әділдікке қылау түсірмейтін турашылдық, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын, шежірелі тарихын, елдің шарушылық ісін, жер-судың қадір-қасиетін, бітім-болмысын ерекше білетін ой-өрісі өзгеден жоғары, кісілік келбеті елден ерек, көкірек-көзі ояу, өмірден көргені көп білікті, майдан қыл суырғандай дәл, әділ сөйлейтін шешендігі жатады. Бойындағы мұндай асыл қасиетін халыққа таныта алған, дауға түскенде топ алдында алмастай жарқылдап, қабілет-дарынын көрсете білген адам ғана «би» деп танылған. Қызыл сөзді судай сапырғанның бәрі бірдей би атана бермеген.

Сонымен, би және билер соты көшпелі, жартылай көшпелі қоғамдағы мемлекеттік билік саласында қандай рөл атқарған деген ой туады. Олар билік дәрежесінде қандай сатыда отырып ел басқарды, мемлекеттің құрылым жүйесіндегі бедел-дәрежесі қалай бағаланған деген сауалдарға тоқталайық.

Көшпелі қоғамда өмір сүрген Қазақ елінің арғы тегінде мемлекет басқару, оны жүйелеу, құқықтық қарым-қатынасты реттеу, сот ісіне билік айту туралы заңнамалық жазба мұралары болғаны ежелгі Скиф, Сақ, Ғұн, Үйсін мемлекеттері туралы жазбаларда

сақталған. Соларға бірден-бір мұрагері болып отырған бүгінгі Қазақ елі. Бізге тым әріден жақындығы бар көне елдердің бірі – ежелгі Шумерлер. Қадім заманнан-ақ қос өзен арасында мәдениеттің алтын бесігін тербеген Бабыл (Вавилон), оның ішінде Шумер мемлекетінің қалдырып кеткен мұралары ұшан-теңіз. Осы шумерліктер сақтармен, сақтар қазақтармен етене туыс екенін бүгінде тарихшылар, археолог ғалымдар дәлелдеу үстінде. Зерттеуші А. Бахти өзінің «Шумерлер, Скифтер, Қазақтар» деген танымдық еңбегінде біз сөз етіп отырған екі елдің арасында тілдік, дәстүрлік ұқсастық көп екенін ғылыми тұрғыдан нақты мысалдармен дәлелдеп берген. Осы орайда тағы бір қызықты дерекке назар аударайық.

Қазіргі жыл санауымызға дейінгі он жеті мыңыншы жылда пайда болған, сол Шумерлер өмір сүрген Бабыл мемлекетінің Ата заңы – «Хаммураби» деп аталған. Кейбір мемлекеттік құқық тарихында бұл заң «Хаммурапи» деп бұрмаланып жазылған. Бірақ түпнұсқада жоғарыдағыдай «Хаммураби» деп аталғаны, осы құқықтық құжаттың толық нұсқасы жарияланған «Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы жөніндегі христоматиялық» оқулықта айна-қатесіз көрсетілген. Онда: «Вавилон патшасы Хаммурабидің заң жинақтары (сот ісін жүргізу кодексі) жыл санаудағы біздің дәуірге дейінгі 1792-1750 жылдарда елге билік етудегі «ғұмырлы бақыт және мейрімді басқаруда» өзіндік мерейге қол жеткізген және сонымен бірге, келешектегі ел басқаратындардың жаза тағайындаудағы құқық қолдану саясаты мен заң шығару шығармашылығындағы негізгі принциптердің ұғымы жинақталған» деп көрсетілген.[3, 4] Қазіргі ғылыми айналымда, 282 баптан тұратын осы заңды шығарған Вавилон патшасы Хаммураға «БИ» атауы тектен текке қосылмаған тәрізді деген осындай пікір бар.

Осындай тарихи фактілерді ескере отырып, Қазақ елінің мемлекеттік құрылым-жүйесіне ежелден қызмет еткен билік иелерінің қоғамдық рөлін, берілген лауазымға сай функционалдық міндеттерді атқарудағы билердің көп салалы мемлекеттік қызметтерін терең тұрғыдан талдап көрсету өте орынды болмақ.

Қазақтың дәстүрлі құқығындағы билер сотының және ел тұтастығы үшін билердің атқарған қызметі орасан зор. Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функционалдық қызметтерін толықтай атқарып келді десек, қателеспейміз. Олар атқарушылық, заң шығарушылық, билік айтып ел басқару қызметтерінің барлық түрлеріне араласты. Оған қоса мемлекеттің ұлттық идеологиясы мен ел бірлігі, әлеуметтік тұрмыс

жағдайы туралы даналық ойлар айтып, ел болашағын күнілгері болжауда, оған қажет қандай келелі істерді ынтымақтасып істеудің сара жолын дидактикалық нақыл сөздерімен халыққа түзу бағыт беріп отырды.

Қазақ елінің әр салаға бөлінген мемлекеттік билік орындарына қызмет көрсеткен билердің және дәстүрлі құқықтағы билер сотының атқарған жұмыстары туралы жан-жақты зерттеу – өте қажет нәрсе. Өйткені, билер Қазақ елінің мемлекеттік билік ісіндегі барлық құқықтық жауапкершілікті көтерген. Яғни, мемлекеттік құқық нормаларының бірлігін, әлеуметтік-саяси, тұрмыстық-мәдени, әсіресе заң орнына жүрген әдет-ғұрып, салт-сана, жол-жора сынды халықтың болмыс-бітіміне қатысты тәртіп пен әдептілікті, кісілік пен имандылықты, ор-ұжданды сақтауда және оны жас ұландарға үйретуде биден артық билік тұтқасын ешкім ұстамаған. Және де қандай қиын жағдайда бидің алдын кесе-көлденеңдейтін басбұзарлар ешқашан болмаған.

Қазақ елі ұлт болып ұйысқан ерте дәуірден-ақ төрт құбыласы тең мемлекет құрып, қол астына қараған ұлыстар мен ру-тайпаларды басқаруда, оны билеуде билердің ақыл-парасатына жүгінген. Ел басқаруда қоғамда туындаған саяси шиеленістерді ақыл-парасатпен бүкпесіз шешіп, бұқара халықты сүттей ұйытып, бірлікте ұстай білді. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай дәстүр-салт, жосықты заң ережелері мен даналық ой-толғамдар, қоғамдық қатынастағы құқықтық норманың айнымас қағидасы болды. Көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігіне негізделген осы әдет-ғұрыптың алтын діңгегі, яғни ұстанымы – аталы сөз еді. Одан ешкім асып түспеген, ауа жайылмаған.

Әлімсақтан ұлт санасына дарыған, қазақтың болмыс-бітіміне әбден сіңісті болған, «Өнер алды қызыл тіл» деген ерекше қасиетке ие сөз қадірі — қазақы ұғым мен салт-санада орны бөлек, мәртебесі биік мемлекеттік қатынас құралы деп танылған. «Айтылған сөз – атылған оқ», «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Ердің құны – екі ауыз сөз» деген мақал-мәтелдер, жалпы, адам баласы менгерген ақыл-ойдың ішінде сөз күдіретіне ерекше мәртебе бергенін аңғартады. Осы ретте ата-бабмыз ежелден қолданып келе жатқан мына бір тәмсіл сөздің астарына үңіле кетелік. Жас ұрпақты ата дәстүр мен патриоттыққа баулуда және халықты отаншылдық рухқа тәрбиелеуде билердің алар орны ерекше болған. «Билердің сөзі – ақылдың көзі» деген халық даналығы осындай дәйекке сүйеніп айтылғаны шүбәсіз. Сондықтан да ел билеуде, әсіресе қоғамдағы

тәлім-тәрбие мен тәртіп-низамдарды және құқықтық дәстүр-салтты ел мүддесіне сай қалыптастырып, жетілдіруде билердің атқарған рөлі аса зор [1, 2].

Би басына дау келсе, билігі кетер басынан [5].

Билердің аузынан шыққан даналыққа толы дидактикалық ой тол-ғамдар елді жақсылыққа жеткізетін ұлылық – ар-намыстың алтын арқауы деп танылған. Білікті сөйлеп, кесімді пікірін айтқан, әділдікті аттамай, тек иманға ұйыған, жүрегін шындыққа бөлеп, тура сөйлейтін билердің ел алдында беделді болуы, оның бойына біз айтып отырған даналық өлшемдердің мейлінше молынан даруында.

Осы тұрғыда академик Салық Зиманов ерекше белсенділік көрсетуде. Қазақ еліндегі билер сотының әлемдік құқық тарихынан алатын өзіндік орнын танып-білуде, оның мәдени құндылығын жан-жақты ашып беруде және мемлекеттік сот функциясын атқарудағы рөлін айқындауға үлкен үлесін қосқан.

Мындаған жылдар бойы көшпелі және жартылай отырықшы қоғамда өмір сүрген Қазақ елінің әлеуметтік-саяси құрылысында, мемлекеттік билік ісінде билер атқарған қызмет түрлері өте көп. Тек қана мемлекеттік билік саласына қатысты қызмет саласын саралап шықсақ, төмендегідей болады.

Ең алдымен би – қай заманда да өзінің елден асқан ақыл-парасат, біліктілігімен қабырғалы қалың елге көшелі ісімен қызмет етуші ірі тұлға. Бұдан кейінгі лауазымдық дәрежеде би – ауыл-үй арасындағы ақсақалдық биліктен ең жоғарғы сатыдағы сот билігінің тізгінін ұстап, Хан кеңесінде төрелік айтқан аузы дуалы ұлылық иесі. Мемлекеттік аса жоғары дәрежеде би елі үшін осы тақылеттес тағы бір лауазымды атқарған. Ол – халықаралық дәрежеде мемлекет атын зор беделге жеткізетін, еліне береке-ырыс, жақсылық пен тыныштық әкелетін бітістіруші дипломат – елшілік қызметкері. Қазақтың «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген аталы сөзі соған куә. Билердің қалың бұқара халықтың арасындағы беделі мен атақ даңқын дүйім елге мәлім еткен тағы бір ерекше қасиеті – қара тілден май тамызған шешендік өнері. Елі мен жеріне бақ-береке, ынтымақ-ырыс бұйыртқан, ел қорғаны батыры мен бағланына Алладан тілеу тілеген даналық ойдың алтын кені – батагөй абыздығы.

Бұған халықтың келешегі мен елдің ертеңін болжай білетін, жаман қылығын жазбай танып, сын тезіне салатын көрегендік қасиетімен ұлт тағдырын темір қазықтай тура болжап беретін кемел ойлы білгірлігін, көрегендігін қосыңыз. Ел мүддесі мен бірлігі үшін атқарған бұл қызметтің ауқымы кең, мәні зор болған. Сонымен

бірге, ел ішіндегі бүкіл қоғамдық қарым-қатынастағы құқықтық нормаларға, ұлттық мінез-құлыққа тән әдет-ғұрыптар мен салт-санаға қылау түсірмей сақтау, жетілдіру, қазіргі тілмен айтқанда құқықтық тұрғыдан тәлім-тәрбие беру, заң ретінде жүзеге асыру сынды ұлттық идеология мен патриоттыққа баулу да билерге жүктелген.

Билер – өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет-ғұрып ережелерін заңи тұрғыдан реттеп, заман ағымына қарай жаңартып отыратын білікті заңгерлер. «Заманына қарай – заңы, орманына қарай – аңы болады» деген қағида ізімен тозығы кетіп, озығы жеткен заңнама үлгілерін уақытына сай жаңғыртып, елді біртұтас білікті заң ережелерімен қамтамасыз етуді де өз мойнына алған. Мемлекеттік істерде заң саласын жетік білетін сұңғылалығымен ел мүддесіне қажет ереже-қағидаларды нормашығармашылық және заң талқылау қабілеттілігімен иін қандырып, құқықтық қолданысқа енгізетін білікті заң маманы бола білді.

Қазақ халқының тарихында «Қара қылды қақ жарған», еліміздің ынтымағы үшін күрескен кемеңгер үш бидің орны ерекше. Халықтың осы үш би жөнінде: «Атақты қазақ үш биі, Онан өткен Әйтеке Бірінші әзіз Төле еді Таудай сөзге тарыдай Бұзылмайтын сөз айтқан Қию тауып сөйлейді Шешеннен шешен демегі Қанша ділмәр дегендер Және де әзіз киелі Ширегіне келмейді. Босатқан буын, жүйені Бұл үш бимен тең емес Қаз дауысты Қазыбек. Қазақтың мінсіз билері» Үш бидің ел тыныштығы, оның бақытты келешегі, тәуелсіздігі үшін қауіп-қатерді елемей, бастарын бәйгеге тіккен осы шынайы отаншыл сезімі, ынтымақ- бірлігі басқаларға да ықпал етіп, қазақ халқын бір мақсатқа жұмылдыра түскен. Бүгінгі бақытты өміріміз осындай бабалар арқасы екенін түсініп, үш биіміздей ұлыларды, еліміз деп еңіреген батырларымызды ұрпақ ешқашан ұмытпауы қажет деп білемін. Үш биге қойылған мүсін ұрпағының оларға деген құрметінің бір белгісі деп түсінемін.

Біз осы ойымызды қорытындылай келе Қазақ елінің ежелгі заманынан берігі көшпелі және жартылай отырықшы тұрмыс-салты мен әлеуметтік-саяси дамуындағы ұзақ жылдарда әртүрлі қоғамға қызмет еткен мемлекет билігіндегі билердің рөлі мен билер соты және олардың әлеуметтік мәртебесі осындай үлкен ғылыми конференцияда жан-жақты талқыланып, аса құнды баға берілуі – билер сотының ұмытылуға айналған мәртебесін қайта жаңғыртуға мұрындық болады деп үлкен сенім артамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Зиманов «Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі»/АтаМұра, 2008 жыл
- 2 www.zharar.com/kz/shygarma/2178-biler.html
- 3 Қайрат МӘМИ, Заң ғылымдарының докторы «Егемен Қазақстан». 17 мамыр 2008 жыл
- 4 «Шумерлер, Скифтер, Қазақтар» Б. Асан. - Алматы : «Көшпенділер» баспасы, 2003 жыл
- 5 Хрестоматия по истории государство и права зарубежных стран. Том 1, Древний мир и Средние века, 12 стр. НОРМА, 2003 г.
- 6 Билер сөзі-нақылдың көзі/93-94 бет/Алматы, 1987 жыл

БЕРЕЛ ҚОРҒАНЫНЫҢ САЙЫПҚЫРАН ҚАЗЫНАЛАРЫ

ХИДИРОВА М. Ш., ДОСЫМЖАНОВА С. Р.
студенттер, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.
АКШАЛОВ А. Г.
оқытушы, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.

Берел қорғанының тарихи археологиялық ескерткіштері ғалымдардың назарын әу бастан аударып келеді. Алайда олардың жаңа әдістер мен технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеу жүргізу әрекеттері әлі қалыптасу кезеңінде жатыр. Тоң басқан немесе, керісінше аса ыстық климатта, шөлді жағдайларда жақсы сақталынған адам мумияларымен бірге кәдімгі обаларда сақтала бермейтін органикалық материалдардан жасалған құнды бұйымдар мен киім-кешектер өркениеттің даму тарихы мен мәдениетіне көптеген қызықты ақпараттар берері анық. Мәдени мұраның көне қазыналары мен жазбаша қайнар көздерін табу Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихында жарқын беттердің ашылуына мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі тұтас мәдени мұраға ғылыми түсіністік және тұжырымдамалық бағалау жүргізу қажеттігіне байланысты.

Мәселенің ғылыми-зерттелу деңгейі. Берел қорымы обалардан табылған ақсүйектер мен скиф-сібір аң стилінде жасалған заттарының нәтижесінде әлемге әйгілі болды. Берел қорымындағы тоң басқан обалардың беретін мәліметтері де ерекше. Берел қорымындағы үлкен обаларда табиғат пен климаттың және обаны үйген материалдар мен ескерткіш құрылысының үйлесімінен пайда болған тоңның нәтижесінде органика, яғни киім, ат әбзелдері, ағаш

бұйымдары, ер тоқым, тері мен киізден жасалған заттар шірімей жақсы сақталған.

Берел қорымынан табылған заттарды зерттеуде алғаш рет жаратылыстану ғылымдарының әдістері пайдаланылды. Бұл зерттеулердің нәтижесінде ерте көшпелілердің ДНК-ын анықтауға болатын, сонымен қатар Берел даласының палеоэкологиясы, палеозоологиясы мен антропологиясы бойынша құнды мәліметтер алынды. Бұған, сонау 1993-ші жылдан бері Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу өлкесінде ЮНЕСКО жобасының негізінде жартастар суреттерін бірге зерттеп жүрген француз мамандары да кірістірілді [1, 58-80].

1997-ші жылы, Катонқарағай ауданының Маймер ауылының маңында қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан кезде, ҚазҰУ-дың профессоры А.Төлеубаев, Кемеров университетінің профессоры Я. А. Шер, француз археологы А. П. Франкфор және басқа мамандармен бірге Үкек қыратына бара жатқан жолда Берел жазығына бас бұрып, сондағы қорғандардың ішінен ең үлкені таңдалып, соны келешекте қазу ұйғарылды [4].

Зерттеудің әдістемелік негізі. Берел қорғанында халықаралық туризм мен дайвингті жетілдіру. Бұл мемлекеттің тарихи-мәдени мұрасының толық бейнесін құрастыруға жол ашады. Сәйкесінше, Қазақстанның қаржылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Берел қорғаны Қазақ Алтайында, Шығыс Қазақстан облысының Катон-Қарағай ауданында, Берел ауылынан 7 км батысқа қарай орналасқан. Қазіргі таңда Берел қорғаны Қазақстан территориясындағы органикалық қалдықтар сақталған жалғыз ескерткіш болып табылады.

Аталмыш қорған әр түрлі көлемдегі 70-тен астам жерлеу-аза тұту құрылысынан тұрады. Ол 1120 м биіктікте, биік таулы алқапта орналасқан. Ақ Берел сарқырамасымен шектелген. Шығысы мен батысын баурайы аралас орман (қайың, бал қарағай, шарша, май қарағай, көктерек) мен шалғынды шөптерге толы таулар қоршаған. Бұл аймақта сол кезеңде өскен қайың мен балқарағай қалдықтары сақталған.

Зират төрт параллель әр түрлі қорғандармен салынған. Оның негізін солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылған бірнеше параллель орналасқан қорғандар тізбегі құрайды. Ең үлкен тізбек қайық іспетті қорғандардан, ал қалған тізбек дөңгелек қорғандардан тұрады. Үлкен Берел қорғаны 1865ж В. В. Радлов ашқан және С. С. Сорокин терең зерттеген (1969), және оған жақын

нысандар кішкене болса да жеке топ құрап тұр. Бұндағы әрбір қатар осында жерленген адамдардың әр түрлі топтарға бөлінгендігін көрсетуі әбден мүмкін. Қорғандардың әр түрлі болып орналасуы, олардың аксүйектер, орташа және төменгі топтарға бөлініп, көшпенділер қоғамының әр түрлі болғандығын көрсетеді.

Б.д.д. I мыңжылдықта Еуразияның кең алқабын, Ордостан Дунайға дейінгі аралықты антикалық және ежелгі шығыс жазба деректерінде скифтер, сақтар, сарматтар деген атаулармен танымал болған тайпалар мекен етті. Олар сол кездегі жарқын мәдениетті қалыптастырушылар. Көптеген қорғандар мен тастан жасалған қабірлерде адамдармен бірге жерленген шаруашылық құралдары, аң стилінде жасалған зергерлік бұйымдары оған дәлел. Бұл тайпалар тек қана қабілетті жауынгерлер емес, сонымен қатар білгір шеберлер болған. Скиф-сақ әлемінің көптеген тұрмыс заттары (қарулар, жылқы әбзелдері, зергерлік бұйымдар, киім-кешектер, ыдыс-аяқтар) көмкерілген қайталанбас аң стилі, бүкіл ежелгі шығыс және кіші Азия шеберлеріне үлгі болды.

1997 жылдан бастап зерттеліп келе жатқан Берел қорғандары осы кезеңге тән. Мұндағы табылған сайыпқыран қазыналардың арқасында ескерткіш дүниежүзіне танымал болды.

Қазақ Алтайында б.д.д. I мыңжылдықтың ортасында және екінші жартысында орын алған мәдени-тарихи процестерді қалпына келтіруде көшпелілер аксүйегінің жерленімдеріндегі аса көркем бұйымдар – скиф-сібір аң стиліндегі делінетін ежелгі көшпелілер өнеріне тән ерекше мәнерде жасалған дүниежүзіне мәшһүр берелдік қорғандардың материалдары елден ерек [2].

Микроауданның табиғи ауа-райлық ерекшеліктеріне орай ірі блоктардан тұрғызылған кейбір қорғандардың астында тоңазу линзасын құрайтын белгілі бір жағдайлар жасалған, сондықтан жерлеу камераларында көшпелі сақ аксүйектеріне о дүниеде серік болуға тиісті заттар – киімдер, ат әбзелдері мен ағаш бұйымдар, ер-тоқым мен маталар, ағаш ыдыстар мен тері және киізден жасалған бұйымдар едәуір жақсы сақталған. Бұндай ескерткіштердің бірегей ерекшеліктері осындайында. Көне көшпелілер өз көсемдерін жерлеу үшін Қазақ Алтайының осы бір табиғаты тамаша әсем жерін кездейсоқ таңдамаған. Қорғандар орналасқан аңғар, әдетте, төңірегінен едәуір биіктеу, жан жағы жасыл желекке толы таулармен көмкерілген жерде болады.

Берел даласының көне тұрғандары өз әміршілеріне қайтыс болғандардың денелерінің ұзақ уақыт бүлінбей сақталуына

мүмкіндік беретін керемет қабірлер салынған. Олар бальзамдау құпияларын білген, ал олардың тас құрылымдардан құрылыс салу тәжірибесі жерлеу камераларында маусымдық тоңазу линзасының қалыптасу мүмкіндігін қаперде ұстаған. Сірә, осы мақсатқа жету үшін жерлеу рәсіміне қатысты іс-шаралардың бәрі марқұмды тек белгілі бір кезеңде – жылдың белгілі бір уақытында ғана о дүниеге шығарып салуға рұқсат беретін қатаң ережеге бағындырылған болуы керек. Қорғанның тауда, тау өзенінің жағасында жоғарғы һәм төменгі әлемдерді байланыстыратын жерде орналасуы – астары терең нышанның белгісі. Аңғар мен жерленім құрылысы – қорған храмның рөлін атқарған [3].

Ең үлкен қорған №1 қорған. Онда 17 жылқының қалдықтары табылған.

Үлкендігі бойынша екінші орынды алатын № 11 қорғанда патшалық құрған ер адам мен әйел жерленген; оларды жуан бал қарағайдың діңінен шабылған және қиманың ішіне жайғастырылған науа-табытқа жатқызған. Қиманың солтүстік қабырғасының сыртында 13 жылқы қойылған. Табыт балқарағайдың діңінен жасалған қақпақпен жабылған. Оның беті тегістеліп өңделген, ерекше беріктік беретін арнайы құраммен сіндірілген. Көшбасшының басында күрделі шаш үлгісі сақталған. Зерттеулер бойынша оның шашы қысқа қиылған, шүйде бөлігінде біраз шаш болған, оның өзі жылқының жалымен өріліп жгут ретінде оралған болуы ықтимал. Бұл кісінің тірі кезінде сақал мен мұрты болған.

Әйел адам ер адамға қарағанда кештеу жерленген болуы мүмкін. Ер адамның самай бөлігінде аяқталмаған трепанацияның (ота) іздері байқалған. Бұны өз кезегінде екі түрлі жолмен түсіндіруге болады – не бұл бальзамдау жүзеге асырылған кездегі миды шығарып алу үшін қолданылған манипуляцияның нәтижесі, яки соғыс кезіндегі алған жарақаттарының зардабынан басындағы сүйек сынықтарын шығарып алу мақсатымен жасалған ота нәтижесі. Сонымен қатар ер адамның омыртқасы мен қабырғаларында өмірінің әр кезеңінде алынған бірнеше сынықтар бар.

Ер адамның жасы антропологтардың айтуы бойынша 30-40 жас аралығы. Жерленген ер адамның антропологиялық типі – айқын монголоидтік ерекшеліктерге ие европеидтік тип, ал әйел адамдікі – монголоидтік тип.

Аттар екі деңгейде үлестіріліп жатқызылған: төменгі қатарда 7 жылқы, жоғарғыда 6 жылқы. Аттар жүгендеулі және ерттеулі, кейбірінің басына тау текенің мүйізі орнатылған маска кигізілген.

Ат әбзелдерінің құрамдары – жүген, өмілдірік пен құйысқан, ертоқымның бөлшектері – тоғалар, сулықтар, салпыншақтар, ағаштан жасалған, кертпелі оюмен әшекейленген және алтынмен апталып, қалайымен қапталған. Ат әбзелдеріне орналастырылған жануарлар бейнелерінің ішінде мысық тектес жыртқыштар, таутекелер мен тау қойлары, бұғылар, жыртқыш құстар және фантастикалық мақұлықтар – грифондар, өсімдіктік желілер бар. Көне көшпелілер өнерінде бірнеше жануарлардың түр-сипатын біріктірген фантастикалық мақұлықтың бейнесі үлкен орын алған [5].

Ағаштан ойылған жануарлардың көркемдігі жоғарғы деңгейдегі бейнелерімен қоса, берел қорғандарынан шыққан жәдігерлердің арасында көшпелілер үшін үйреншікті материал – киіз және, сондай-ақ, жүн жіптерінде анималистік бейнелердің аппликациялары, өсімдіктік және зооморфты желілерге құрылған ұлы суретшілердің туындылары да бар.

Берел қорғандары коллекциясында жүн жіптерінен біз сияқты арнайы ілмектің көмегімен жасалуы мүмкін қанатты тұлпардың мүйізді масканы фигурасы тың жаңалық болып табылды. Даярлаудың жоғары технологиясының, сүйекті бейнені жаңа қырынан көрсетудің және бояу гаммаларын таңдаудың өзара үйлесімі бұл туындыға ерекше тартымдылық дарытқан.

Қайтқан әміршілердің денелерін бұзбай сақтауға тырысушылық сияқты көшпелілер ақсүйектерінің молаларында мініс аттарын үйір-үйірімен жерлеу, сөз жоқ, олардың жоғары әлеуметтік статусын айғақтайды. Берелде байқалатын өлгендерді бальзамдау және олар үшін қималар мен ғасырлық бал қарағайдан ойылған арнайы құдықтарды салу Алтайдың көне көшпелілерінің жерлеу тәжірибесінде кеңінен орын алған үрдіс. Мумификацияның ұзақ уақытқа сақталуын, мүмкін, тіпті, қайтқандардың дүниедегі өмірлерін жалғастыра берулерін қамтамасыз етуге талпыныстан туындағаны анық. Жерүсті және көр ішіндегі құрылыстардың құрылымдық ерекшеліктері, заттық кешен, жерлеу рәсімінің көптеген элементтері мәдени анықтаушылық тұрғысынан қарағанда берелдің ерте көшпелілер қорғандарын Алтайдағы пазырық мәдениетінің соңғы кезеңіне жатқызуға мүмкіндік береді.

Лаңкестік – гректің «terror» сөзінен алынып, «үрейлі», «қорқынышты» деген мағыналарды білдіреді. Бұл атауды ең алғаш Аристотель қолданған. «Террор» сөзі өз мақсатына жету үшін ешнәрседен тайынбай, зорлықпен үкімін жүргізуді көздеген саяси күрес деген мағынада түсіндіріледі. Лаңкестердің қарулы әрекеттері мен бүлік шығару іс-әрекеттері олардың бүкіл болмысын айқын көрсетеді. Түрлі этникалық және діни қайшылықтар, кедейлік пен мемлекеттегі түрлі келіспеушіліктер де лаңкестіктің шығуына себеп болуы мүмкін. VII ғасырда Ислам әлемінде пайда болған діни, саяси, экстремистік әрекет саналатын харижиттер («хулафа-и рашидин») хазреті Омар (ғ.с.) мен Оспанға (ғ.с.) қарсы қастандық ұйымдастырды. Олар умәуилер салтанаты кезінде үлкен саяси күшке айналып, елде әрдайым іріткі мен дау-жанжал ұрығын септі. VIII ғ. екінші жартысында Ирак, Бахрейн, Йемен, Сирия, Мысыр және Хорасан жерлерінде лаңкестік әрекеттер жасаған карматилер де діни, саяси, экстремистік ағым саналған. Карматилер шиға мәзһабындағы исмаилиттердің негізгі тармағының бірі ретінде VIII ғ. ортасында Иракта пайда болған. Олар ислам шарифатын мойынсұнбай, тіпті Қағбаны зиярат етуді бидғат деп санаған. 899 жылы Бахрейнді басып алып, шығыс Арабияда өз мемлекетін құрған. 930 жылы қажылық маусымында Меккеге баса көктеп кіріп, қаланы талан-таражға салып, бірнеше мың қажылар мен жергілікті тұрғындарды өлтіріп, көптеген мұсылмандарды тұтқындаған [1, 756 б.].

Қазіргі таңда дүниеде 500-ге жуық лаңкестік ұйым бой көрсетуде. Олардың саяси, діни бағыты, әлеуметтік және этникалық құрамы, шабуылдау дәрежесі бойынша ең үлкендері мыналар: «әл-Кайда», «Абсат әл-Ансар» (Ливан), «Ал-Жиһад», «Жәмағат әл-Ислами», «әл-Ихуан әл-муслимин» (Мысыр), «Хизб-ут-тахрир әл-Ислами», «Тәибә», «Жамағати-Ислами» (Пәкістан).

Лаңкестіктің бірнеше түрлері бар:

Ядролық лаңкестік – ядролық жарылғыш заттарды жару немесе онымен қорқыту, радиоактивті заттармен улау, ядролық нысандарды басып алу мақсатын көздейді. Қазір дүниенің 30 мемлекетінде 450-ге жуық ядролық объектілер, 100-деген ядролық реакторлар, он мыңдаған ядролық қарулар бар.

Хайджекин – ірі көлік құралдары: ұшақ, пойыз, автомобиль және кемелерді ұрлауды мақсат етеді. Бірінші әуе лаңкестік 1930 жылы жасалған. Лаңкестер тарапынан 1969 жылы 91, 1972 жылы 59 жолаушы ұшақтарына шабуыл жасалған. Тіпті, 1971 жылы қыркүйек айында 4 ұшақ лаңкестер тарапынан қиратылды.

Гиперлаңкестік – арнайы хакер тәсілдері бойынша компьютер басқару жүйесін иеленіп алу, компьютер вирустары арқылы интернет жүйесін істен шығару көзделеді.

Биолаңкестік – вирус, ұнтақ сияқты бактериялық қоспаларды пайдалана отырып лаңкестік әрекет жасау.

Химиялық лаңкестік – улаушы және тұншықтырушы газдарды лаңкестік мақсатқа пайдалану.

Ақпараттық лаңкестік деп теракт жасауға алып келетін мағлұматтарды БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) арқылы тарату, экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің өз техникалық мүмкіндіктерін басқаларға зиян тигізу үшін пайдалануды айтады [2, 19 б.]. Мысалы, бір өтірік кейде, бүкіл дүниедегі мемлекеттерді қарама-қайшылыққа түсіреді, миллиондаған адамдардың санасын улайды, оларды жолдан тайдырады. Сол үшін БАҚ арқылы әсіресе, интернет жүйесі арқылы таралып жатқан теріс хабарлар әртүрлі жаман нәтиже беруі мүмкін. Мұндай зиянды хабарлардың «ақпарат лаңкестігі» делінуі ғажап емес. Бұл іс-әрекет саяси лаңкестіктің ажырамас бір бөлігіне жатады.

Қазіргі кезде ең көп таралған лаңкестік – дінді бетперде еткен түрі. Олардың негізгі мақсаттары – әртүрлі діни сенімдерді пайдалана отырып, адамдардың пікіріне әсер ету, билікті ұстап қалу, ұлтаралық соғыстар, талас-тартыстар ұйымдастыру, дінді саяси құрал ретінде пайдалану. Лаңкестікке қарсы күресудің мақсаты рухани және материалдық, экономикалық тұрғыдағы нысандарды залалсыздандыру [3, 98 б.]. Сол үшін лаңкестіктің пайда болу тарихын, оның түрлері мен алуан көріністерін, сондай-ақ қауіпін алдын алуды да білген абзал.

Жалпы, елді дүрліктірген лаңкестік оқиғалардың қайдан өрістеп отырғанын, сипатын, себеп-салдарын айқындамай тұрып

нәтижелі іс-қимыл жасай аламыз деу – берісі әбестік, әрісі – көрсоқырлық, біліксіздік деу орынды. Елбасымыз діни экстремизм және терроризммен күрес мәселелері жөнінде кеңесте: «Қазақстанға қарсы жасалынған терроризмді, оны ымырасыз басып-жаншуға мемлекеттің мүмкіндігі жетерлік. Мемлекеттің қолында күш те, қуат та, жігер де бар. Біз лаңкестікті түбірімен жоқ қыламыз. Мен сондай-ақ барлық қазақстандықтарды қырағылыққа шақырамын. Егер лаңкестікке қатысты деректер байқалатын болса, онда дереу тиісті құқық қорғау органдарына хабарлау қажет», – деген еді. Бұл сөздің астарында тек ескерту ғана емес, нақты талап та жатқанын пайымдағанымыз жөн болмақ. Шындығына келсек, терроризм – жаһанға төнген зор қатер. Лаңкестік (терроризм) – негізінен, саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет. Бұл ұғым XVII ғасырдағы француз революциясынан кейін кеңінен қолданыла бастаған болатын. Адам жанын түршіктіретін қатыгез зұлымдыққа толы лаңкестік әрекеттердің формасы да, тактикасы да әр түрлі, олар: кепілге адам алу, қоғамдық орындарда жарылыстар ұйымдастыру, кісі өлтіру, бопсалау, шетелдік елшіліктерге, халықаралық ұйымдардың бас пәтерлеріне шабуылдар жасау, ұшақ жару, қару-жарақ қоймаларын басып алу, т.б. Статистикалық деректерге сүйенсек, XX ғасырдың 70-80 жылдарында күллі дүниежүзінде 5500-ден астам лаңкестік әрекет жасалып, төрткүл әлемде 500-ден астам лаңкестік ұйымдар әрекет еткен екен. Лаңкестердің жаппай қырып-жоятын ядролық, бактериологиялық, химиялық қаруларға қол жеткізу мүмкіндігі – әлемдік қауіпсіздікке зор қауіп төндіретін, күллі адамзат қауымын алаңдататын фактор. Көп елдерде лаңкестікке қарсы ымырасыз күрес жүргізу үшін арнайы органдар құрылған. Мәселен, Ресейде сыбайлас жемқорлық пен терроризмді бақылау жөніндегі комитет 2010 жылдан бері жұмыс істейді. Кавказ-Ауғанстан-Шыңжаң қауіпті белдеуіне қоңсы қонған Қазақстанға да іргені бекемдеп, ұлттық қауіпсіздікті сетінететін экстремистік және лаңкестік әрекеттердің алдын алу аса қажет. Терроризм жеке тұлғалар мен тұтастай елді қорқытып-үркітіп, жайы келсе күштеу арқылы елдегі билікті ауыстыруды, маңызды билік органдарын басып алуды, өз мемлекетін құруды, тұтастай территорияда өз заңын орнатуды мақсат етеді [4,21 б.]. Қазіргі күні желілік террористік құрылымдарға әскери бөлімше, жабық тасымал жүйесі, жасырын ақша аудару мен насихаттау жүйесі, мәліметтерді жеткізу мен идеологиялық

орталықтар, ұяшықтар, жаттығу алаңқайлары, эмиграциядағы көшбасшылар кіреді. Олар сыртқы күштердің ұйымдастыруымен немесе жәрдемімен әрекет етуі де мүмкін. Бұған аяқ астынан пайда болып, ғаламтордан қайта-қайта доқ көрсетіп отырған «Джунд-әл-Халифат» (Халифат сарбаздары) лаңкестік ұйымы мысал бола алады. Шынымен де саяси ахуалы тұрақсыз аймақтардан келетін лаңкестік қауіп-қатерді байыпты бағамдамаудың соңы орны толмас өкініштерге ұрындыруы ғажап емес. Мәселен, саясаттанушы Досым Сәтпаев 2014 жылы АҚШ өз әскерін Ауғанстаннан әкетсе, Қазақстанда лаңкестік қауіп-қатер күшейе түсуі әбден мүмкін екенін алға тартады. Ресейлік сарапшылар да: «Орталық Азия төңірегінде туындап жатқан локальді және аймақ-тық жанжалдар Америка әскерлерінің Ауғанстанды тастап шығуымен әлем елдерінің алаңдаушылығын тудыратын ауқымды соғысқа ұласуы мүмкін. Біз бұған дайын болуымыз керек», – дейді. Қалай болғанда да геосаяси тұрғыдан лаңкестік қауіптің алдын ертерек алған абзал болмақ.

Ел аймақтарында өткен қаралы оқиғалар соның айқын дәлелі. Қайсыбір сарапшылардың айтуынша, (мәселен, Марат Шибұтовтың пікірінше), еліміздегі лаңкестік әрекеттер такти-касына қарай дағыстандық, шешендік, ирақтық және латынамерикандық түрлерге үкәс болып келеді екен. Қазақстанда тактикалық жағынан ең ықтималы дағыстандық әдіс деседі. Бұл әдіске күштік құрылым қызметкерлері мен шенеуніктерді нысанаға алу тән болса керек [5, 82 б.]. Дағыстандық лаңкестіктің мақсаты – мемлекеттік аппараттың аяқ-қолын тырп еткізбестен «матап тастау». Біз оған қарсы тұруға мүлде дайын емеспіз. Себебі, еліміздегі құқық қорғау органдары мен қауіпсіздікті сақтауға жауап беретін лауазымды шенеуніктеріміз ондай лаңкестік оқиғалар орын ала қалса, олардың алдын алуға ешқандай сақтық шараларын жасамаған. Ал шешендік әдіспен әрекет ететін лаңкестерге тұрғын үйлерді жарып, қоғамдық мекемелерге шабуыл жасап, адамдарды кепілге алу үрдісі тән. Бұлардың алға қойған басты мақсаттары – халық арасында үрей туғызып, тұрақтылықтың іргетасын шайқалтып, елді бейбіт өмір сүру ырғағын жаңылту. Ең өкініштісі, мұндай тосын оқиғаларға қарсы тұруға біздің қоғамдық мекемелеріміз мүлде дайын емес. Ондай мекемелердің қауіпсіздігі қаншалықты денгейде деген сауалға тірі пенденің нақты жауап бере алмасы көміл. Бір-ақ мысал. Айталық, еліміздегі ең ірі мегаполис саналатын Алматы қаласында тұрғын үйлерге тақап салынған жанар-жағармай бекеттері жыртып айырылады. Егер лаңкестер соларды нысанаға алса, күніміздің не

боларын ойлаудың өзі қорқынышты. Ал ирактік лаңкестікке ден қойған жанкешті шахидтер әкімшілік ғимараттар мен шетелдік елшіліктерді, шетелдік ірілі-уақты компания кеңселерін жарып жіберуге әуес. Ондағы мақсаттары — мемлекеттік аппаратты есінен тандыра қорқытып, қатты састыру, инвесторларды шошыту арқылы халықаралық жанжал шығару, соның арасынан өздеріне пайда табу деседі. Латынамерикандық лаңкестікке бүйрегі бұратындар саясаткерлер мен балаларды ұрлап әкетіп, артынан оларды мерт етіп, жұртты жаппай қырып-жоюмен айналысады екен. Ондағы мақсат — билік төңірегінде жүрген зиялы қауым өкілдері мен қоғамның қаймағы саналатын элитаға қатты қысым жасау арқылы оларды өз дегендеріне көндіріп, лаңкестер мақсаты үшін жұмыс істеуге мәжбүрлеу болса керек [6, 21 б.]. Бұрындары тек шетелдерде ғана орын алатындай көрініп келген лаңкестік оқиғалар ақыры Қазақстан жеріне де келіп жетіп, қалың бұқара халық күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған пұшайман халге түсті. Ағымдағы жылы ел көлемінде орын алған лаңкестік оқиғалардың сипаты мен белгілеріне үңілсек, лаңкестікті жасағандардың барлығының дерлік еліміз тәуелсіздік алған кезеңде ер жеткен өрімдей жас жігіттер екендігіне көз жеткізер едік. Бұған тұрмыстық-әлеуметтік жағдайдан басқа асқынған діни факторлардың да айтарлықтай ықпалы барлығы байқалады. Сосын, лаңкестердің барлығы дерлік қазақ ұлтының өкілдері, ең өкініштісі де, міне, осы. Ендеше, зайырлы мемлекетіміздің саяси-қоғамдық құрылысы мен сипатына, мемлекет құзырына қарайтын азаматтардың өмірі мен құқығына зор қауіп төндіретін лаңкестік мақсатта іске асырылатын қанды оқиғалар мен құбылыстарға құқық қорғау мен ұлттық қауіпсіздік органдары, барша қоғам жіктері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе қоса отырып бірлесіп әрекет етулері қажет-ақ. Қоғамда, әсіресе мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер, жастар арасында идеологиялық, мәдени-ақпараттық мақсаттағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оларды саяси-танымдық тұрғыдан «тағалау» керектігі дау туғызбас деген ойдамыз. Елдегі лаңкестік қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін ислам атын жамылған жат ағымдардың қызметіне тосқауыл қойып, шетелдік эмиссарларды ел территориясынан күштеп аластау қажет. Шетелдік діни әдебиеттер мен компьютердегі сайттарды заңдық тұрғыда қатаң сүзгіден өткізіп, оларды ел ішіне әкелуге, насихаттауға, таратуға үзілді-кесілді тыйым салу керек. Жастарға дәстүрлі исламды, тарихи-рухани құндылықтарымызды насихаттап, ел ішінде лаңкестікке қарсы қауіпсіздік шараларын күшейтуіміз

қажет. Ең бастысы, лаңкестікке қарсы заңнамаларымызды бекемдеп, күзиретті органдардың терроризмге қарсы қызметін оңтайландырып, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мәселесімен айналысатын органдардың іс-әрекеттерін үйлестіріп, бір ізге салуды қолға алуымыз керек, бұл – өте маңызды шаруа. Сосынғы бір билік тарапынан ескерілуі тиіс өзекті мәселе – ой-санасы толық тұрақтанып орнықпаған, бұғанасы бекіп, қабырғасы қата қоймаған жастарды шетелдерге діни оқуға жіберуге белгілі бір дәрежеде шектеу қойылғаны жөн сияқты. Өйткені, шетте жүрген оларға біздің тарапымыздан ешқандай бақылау жасалмайтындықтан, ертеңгі күні әлгі жастарымыз туған еліне қандай пиғылдағы адам болып келетіндігі бір Алланың өзіне ғана аян дүние. Сол себепті, ел ертеңіне алаңдаушылық білдірген азамат ретінде билік тізгінін ұстаған марқасқаларымыздың осы жағын да қаперлеріне алғанын қалар едік. Төңірі елімізді алда болуы ықтимал лаңкестік әрекеттер мен ұлт қауіпсіздігіне қатер төндіретін қатыгез террористік арандатушылықтардан сақтасын деп тілейік!..

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ағыбаев, А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме [Мәтін]: жалпы және ерекше бөлімдер / А.Н. Ағыбаев.- Алматы: Жеті жарғы, 2010.- 808бет.

2 Амреева, А.А. Діни экстремизм мен терроризмнің саяси-әлеуметтік негіздері (орта азия мемлекеттері мысалынан) : Саяси ғ.к.... дис. автореф. - 23.00.02: Саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар / Ақтолқын Айтханқызы Амреева; Ғылыми жет-сі: саяси ғ. к....-д-ры, проф., Т.С.Сәрсенбаев.- Алматы: ҚазҰПУ, 2005.- 29б.- (На правах рукописи).

3 Ибах, А.Қ. Қазақстанның аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның экономикалық құқықтық реттелуі: Заң ғылымдары магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған / А.Қ. Ибах; Ғылыми жетекші: э.ғ.к., Джолдасова О.К.- Тараз, 2013.- 107б.- (Қолжазба құқығында).

4 Ибах, А.Қ. Қазақстанның аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның экономикалық құқықтық реттелуі: Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған / А.Қ. Ибах; Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Джолдасова О.К.- Тараз, 2013.- 23б.- (Қолжазба құқығында).

5 Турысбекова, Г.Д. Терроризм: қылмыстық -құқықтық және психологиялық аспектілері : Құқықтану магистрі академиялық

дәрежесін алу үшін магистрлік диссертациясы / Г.Д. Турысбекова; Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Сагинбеков К.С.- Тараз, 2012.- 84б.- (Қолжазба құқығында).

6 Турысбекова, Г.Д. Терроризм: қылмыстық-құқықтық және психологиялық аспектілері: Құқық магистрі дәрежесін алу үшін / Г.Д. Турысбекова; Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Сагинбеков.Қ.- Тараз, 2012.- 23 б.- (Қолжазба құқығында).

ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА – ЗАЛОГ УСПЕШНОГО БУДУЩЕГО

БАЛТАШЕВА Ж. Е.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

МОШНА Н. И.

магистр, ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Многообразие культур и языков, их равное сосуществование являются безусловным достоянием нашей страны, а проводимая языковая политика как обеспечивает соблюдение языковых прав всех этносов, так и предоставляет свободный выбор языка для общения, получения образования, реализации творческих потребностей. Позитивность развития трехъязычия для казахстанского сообщества возможна при условии единой политической, идеологической, культурной платформы. И эта платформа уже задана Президентом в разъяснении сути проекта «Триединство языков» – изучение казахского языка как государственного, русского – как языка межнационального общения и английского – как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

Автор статьи предпринял попытку на основе проведенного мини исследования студенческой молодежи на базе Павлодарского Государственного Университета им. С. Торайгырова выявить реальную языковую ситуацию в молодежной среде, узнать, насколько студенты осведомлены о проводимой языковой политике в стране и как они воспринимают и развивают идею триединства языков.

Как подчеркивает президент РК Н. А. Назарбаев: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, – население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык – государственный язык, русский язык – как язык

межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1].

Язык – средство человеческого общения, мышления и выражения. Язык является специфически социальным средством хранения и передачи информации, а также управления человеческим поведением. Благодаря языку осуществляется специфически человеческая форма передачи социального опыта, культурных норм и традиций, через язык реализуется преемственность различных поколений и исторических эпох [2, с. 190].

Для нации обязательным является наличие языка в письменной форме, т.е. литературного языка.

Как правило, каждый народ говорит на одном языке. Вместе с тем довольно широко распространяется двуязычие, когда какая-то часть народа или даже целый народ постоянно пользуется в обиходе двумя языками. Так, состояние одновременного владения двумя и более языками называется билингвизмом, или полилингвизмом [2, с.191].

В современном мире существование моноязычных государств, где большая часть населения говорит на одном языке – довольно редкое явление, большинство же социумов характеризуется многоязычием. Казахстан не является исключением. В стране сосуществует два языка – казахский и русский. Современная языковая ситуация в Казахстане также позволяет говорить о триединстве языков, как о существенном факторе укрепления общественного согласия.

Республика Казахстан – полиэтническая страна, где проживают представители 130 этносов. Так, согласно официальной статистике, по состоянию на начало 2016 года составила более семнадцати миллионов человек. Этнос казахи составляет большинство населения – 66,01 %. Следующими крупными этносами населяющими страну, являются русские – 21,05 %, узбеки – 3,07 %, украинцы – 1,7 %, уйгуры- 1,44 %, татары – 1,17 % и другие. Согласно статистическим данным переписи наиболее распространенным языком в Казахстане является русский язык: 94,4% населения страны указали, что понимают устную русскую речь, 84,8% населения умеют и читать и писать по-русски, 3,4 % только читать. В то же время понимают казахскую устную речь 74% населения страны, умеют читать и писать по-казахски 62 % населения, а 2,9 % только читать.

Декларация о степени владения английским языком у разных этносов достаточно заметно варьирует, при этом наивысшие

показатели владения английским языком продекларировали корейцы: 24,2 % понимают устную речь, 11,4 % умеют читать и писать, 3,5 % только читать. Группу этносов продекларировавших относительно высокую степень владения английским языком составляют также казахи (17,5 % понимают, 9 % читают и пишут, 2,9 % только читают), уйгуры (15,7 % понимают, 7,2 % читают и пишут, 2,6 % только читают), киргизы (12,6 % понимают, 5,8 % читают и пишут, 2% только читают).

У русских самый высокий среди славянских народов и немцев декларируемый уровень владения английским языком: 12,6 % понимают, 5,6 % читают и пишут, 2,1% только читают.

При этом самый низкий уровень владения английским языком продекларировали белорусы и поляки: 6,8 % понимают английскую речь, лишь 3 % умеют читать и писать, 1 % только читать [3].

Языковая ситуация в Казахстане регулируется Конституцией Республики и Законом о языках в РК. Согласно статье 4 Закона РК от 11 июля 1997 года в Казахстане государственным языком является казахский язык [4].

Государственный язык – язык государственного управления, законодательства, судопроизводства и делопроизводства, действующий во всех сферах общественных отношений на всей территории государства. Долгом каждого гражданина Республики Казахстан является овладение государственным языком, являющимся важнейшим фактором консолидации народа Казахстана.

Правительство, иные государственные, местные представительные и исполнительные органы обязаны:

- всемерно развивать государственный язык в Республике Казахстан, укреплять его международный авторитет;
- создавать все необходимые организационные, материально-технические условия для свободного и бесплатного овладения государственным языком всеми гражданами Республики Казахстан;
- оказывать помощь казахской диаспоре в сохранении и развитии родного языка.

Статус русского языка определен как язык межнационального общения. Согласно Закону в государственных организациях и органах местного управления наравне с казахским официально употребляется русский язык. Государство проявляет заботу о языках диаспор, проживающих в Казахстане. Одна из статей Закона «О языках в Республике Казахстана» оговаривает, что «каждый гражданин РК имеет право на пользование родным

языком, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества» В Республике Казахстан в соответствии с Законодательством не допускается ущемление прав граждан по языковому признаку [4].

Родной язык — это первоначально усвоенный человеком язык (язык «колыбели», язык матери). Родной язык является одним из основных признаков этнической (национальной) самоидентификации, поэтому в большинстве случаев национальность совпадает с родным языком [2, с. 182].

Исторически сложившийся многонациональный, полиэтничный и поликультурный казахстанский социум совершенно естественно реагирует на вызовы современности, провозглашая идею трехъязычия как один из важнейших социальных приоритетов.

Так, политика в области языка выступает одним из важнейших аспектов происходящей в казахстанском обществе экономической и социальной модернизации. Внимание Лидера нации к этой составляющей государственной политики очевидно и заслуживает самого пристального изучения и анализа, поскольку именно в нашей республике реализуется уникальный проект, инициированный Главой государства, – триединство языков. В связи с этим значимость и актуальность полиязычного образования, являющегося результатом внедрения идеи Президента о триединстве языков, не вызывают сомнения.

В 2007 г. в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков» [5]. Главной составляющей этого триединства языков является государственный казахский язык как фактор консолидации общества, его духовного возрождения через познание истории, культуры, национальной самобытности его создателя – казахского народа. Немаловажна роль в триаде русского языка, который также способствует единению и сплочению различных социальных и этнических групп в единое целое – народ Казахстана. Кроме того, русский язык идентифицируется с прорывом в мире передовой науки, техники и технологий. К тому же русский язык выступает средством межкультурной коммуникации и международного сотрудничества со стратегическими партнерами на постсоветском пространстве.

Что же касается третьего составляющего триединства языков, то роль иностранного языка обусловлена интеграционными процессами,

происходящими в мировом сообществе и определяющими вектор общественного развития в целом. Соответственно иностранный язык, и в частности, английский, на котором говорит полмира, представляет собой язык успешной интеграции в мировую экономику, международного имиджа Казахстана. Требования к владению иностранным языком обрели конкретные очертания в виде непосредственного контакта с зарубежными вузами на разных стадиях вузовской и послевузовской подготовки.

Теперь мы рассматриваем идею трехязычия как залог успешной реализации формулы: развиваем государственный язык, поддерживаем русский язык, изучаем английский язык.

Чтобы увидеть реальную языковую ситуацию в молодежной среде, мы провели социологическое исследование и на основе вышеприведенной статистики владения языками в целом по Казахстану, разработали анкету из 13 основных вопросов и провели опрос среди студентов разных курсов Павлодарского государственного университета имени Султанмахмута Торайгырова. Основные задачи исследования определялись исходя из необходимости получения информации по следующим аспектам языковой ситуации: степень владения студентами государственным языком; степень знакомства студентов с языковой политикой в республике; место государственного, русского и английского языков в социально-коммуникативной системе студенческого социума; уровень и характер их социальных предпочтений в отношении использования языков в различных сферах жизни. Число респондентов – 50 человек, возрастная группа составила студентов в возрасте от 18 до 29 лет. Национальный состав респондентов: казахи – 38, русские – 5, немцы – 2, болгары – 2, ингуши – 1, татары – 2.

Для 33 родной язык – казахский, для 15 – русский, 2 считают родным другой язык. Из них окончивших школу на казахском языке – 12, на русском языке – 38 человек.

Анализ анкет показывает, что казахи, окончившие школу с русским языком обучения, чаще пользуются двумя языками:

- в общении дома (60 % студентов);
- в кругу друзей (50 % студентов);
- смотрят фильмы и телепередачи (50 % студентов);
- читают газеты (40 % студентов).

Практически половина лиц, чей родной язык казахский, но окончивших школу с русским языком обучения, как видно

из приведенных выше данных, являются билингвами, так как общаются и на родном казахском, и на русском языках.

Из студентов в бытовом общении чаще используют казахский язык – 7 человек, русский – 38 человек, казахский и русский – 5 человек.

Так, проведенное анкетирование показало, что сегодня все студенты изучают либо русский язык (если обучались в школе на казахском языке), либо казахский язык (если в школе обучались на русском языке). Любопытно, что студенты самокритичны в оценке своих умений общаться на изучаемом языке. Так, считают, что свободно владеют казахским языком – 66% студентов, русским языком – 76 % студентов, английским – 34%. Довольно высокий показатель владения русским языком объясняется тем, что это – жители довольно крупного города, в жизни которого русский язык является доминирующим и только за последнее десятилетие начинает уступать лидирующую позицию.

Ситуация с иностранным языком выглядит следующим образом: – считают, что могут на нем общаться: 24 % студентов окончивших русскую школу. Среди окончивших казахскую школу говорить на иностранном языке могут 14 % всех опрошенных студентов. Затрудняются в общении на иностранном языке: около 70 % всех опрошенных студентов.

И, наконец, на главный вопрос «Владеете ли Вы и насколько владеете государственным языком» респонденты дали следующие ответы:

- могу общаться – 42 %;
- могу говорить – 54 %;
- могу писать и читать – 46 %;
- понимаю, но не могу говорить – 14 %;
- затрудняюсь в общении – 4 %;
- не владею государственным языком – 8 %.

Очевидно, культурная и образовательная среда Павлодарского государственного университета, который является одним из ведущих вузов республики и обрел статус преобладающего вуза в городе по уровню и качеству образования оказывает положительное влияние на мотивы и психологическую установку учащихся на овладение государственным языком.

Также, для того чтобы определить, на сколько изменилась сфера применения казахского языка, как государственного, в ходе проведения исследования респондентам предлагалось ответить на вопрос: «Считаете ли Вы, что всем гражданам Республики Казахстан

нужно обязательно владеть государственным языком?» – 82 % опрошенных считают обязательным владение государственным языком, 18 % придерживаются обратного мнения.

А на вопрос «Считаете ли Вы идею трехязычия одним из важнейших социальных приоритетов в нашей стране» студенты ответили следующим образом:

- да, считаю – 94 %;
- нет, не считаю – 14 %;
- затрудняюсь ответить – 10 %.

Таким образом, по данным проведенного социологического исследования можно сделать следующие выводы: во-первых, Казахстан это полиэтническая страна, где проживают представители разных этносов, это подтверждает и разнообразный национальный состав респондентов, во-вторых, оценивая результаты анкетирования, по соотношению процентов владения казахским и русским языком (66% студентов считают, что свободно владеют казахским языком, 76 % студентов русским языком) можно сделать вывод о том, в их поликультурном пространстве больше всего преобладает билингвизм языка (казахский и русский), в-третьих, результаты исследования позволяют говорить о положительной тенденции развития государственного языка, в-четвертых, знание иностранного языка декларирует больше половины опрошенных, что свидетельствует о том, что английский язык уже успешно интегрируется в социокультурную и образовательную среду молодого поколения, в-пятых, большинство студентов осведомлены о проводимой языковой политике в стране и согласны с идеей триединства языков.

Однако, казахский язык, получивший двадцать лет назад статус государственного, фактически не может достичь своего реального статуса.

Но тем не менее к 2025 году казахский язык должен главенствовать во всех сферах жизни и стать языком повсеместного общения. И это, безусловно, будет важнейшим достижением нашего государства. Наш суверенитет, наша независимость наконец-то обретет то, что скрепляет нацию, цементирует ее, – это родной язык.

В настоящее время мы принимаем активные меры по созданию условий для того, чтобы наши дети наряду с казахским активно изучали русский и английский языки. Трехязычие должно поощряться на государственном уровне.

К русскому языку и к кириллице мы должны относиться столь же бережно, как к казахскому языку, поскольку нельзя

игнорировать тот факт, что именно посредством русского языка уже на протяжении не одного столетия казахстанцы обретают дополнительные знания, расширяют свой кругозор и круг общения как внутри страны, так и за ее пределами.

Мы должны сделать рывок в изучении английского языка. Владение этим языком откроет для каждого гражданина нашей страны новые безграничные возможности в жизни [5].

Именно нам, молодому поколению необходимо овладевать триединством языка и хранить его в своем поликультурном пространстве. Тем самым мы должны стать ярким примером для будущих поколений, но при этом, будучи гражданином Республики Казахстан, воспитывая в себе патриотизм, не стоит забывать о своем родном государственном языке, ибо язык есть нечто прекрасное и ценное, что живет в сердце каждой нации и передается через молоко матери, что называется «ана тілі» - родной язык.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — № 33 (25278). — 2007. — 1 марта
- 2 Тавадов Г.Т. Этнология // учебник для вузов. М.: Проект, 2004, с. 352
- 3 Агентство Республики Казахстан по статистике <http://www.stat.gov.kz/>
- 4 Закон Республики Казахстан от 11 июля 1997 года № 151-І «О языках в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015 г.) <http://online.zakon.kz/>
- 5 Послание Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана <http://www.yk.kz/news/show/12919?print>

ҰЛТ-ҰЛЫСҚА ОРТАҚ ҮЙ – ҚАЗАҚСТАН

БЕЙСЕМБЕКОВА Н. Д., МҰҚАШЕВА І. Б.
студенттер, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.
ҚАНАТҰЛЫ М.
оқытушы, «Авиценна» медициналық колледжі, Семей қ.

«Бірлік – берекеге, береке – мерекеге жеткізеді», – деп дана халқымыз айтқандай, қазір елімізде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың татулығы мен достығы ретінде аталады. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Қазақ қашаннан да

бауырмал халық қой. Әр кезендерде елімізден пана іздеп келген “жат жұрттардың” бәрін бауырына басып, төрінен орын беріп, қандай қиын кезендердің өзінде бір үзім нанды бөліп жеді. Сөйтіп, қаймағы бұзылмаған қазақ жері көпұлтты мемлекет болып шыға келді. Бүгін елімізде 136 ұлт пен ұлыстың өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

Тәуелсіздігіміздің даңғыл болашағына түскен мемлекетіміздің экономикасы қарқынды даму үстінде. Біздің ең басты құндылығымыз - тәуелсіздік деп Елбасымыз ұлықтағандай сол құндылықты қастерлеу баршамыздың қасиетті парызымыз. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар. Осындай мол табыстарға қол жеткізуде аудан жұртшылығының да өзіндік үлесі бар. Себебі осындағы барлық ұлттардың татулық пен келісімде өмір сүруінің арқасында баршамыз алаңсыз өмір сүріп, білім алып, еңбек етудеміз.

Адал еңбек, ынтымақ пен бірліктің алмайтын асуы, жеңбейтін қиындығы жоқ. Осы құндылықтар өмірдің өзегіне айналғанда ғана еліміздің өркендеуіндегі белестер биіктей бермек. Ал, отбасы шағын мемлекет десек, осындай мамыражай түсіністік қажеттігі басы ашық әңгіме. Отбасындағы шаңырақты шалқытып, өмірлерін ізгілікпен өріп, ұлтына қарамастан, сыйластықтың жібек жібін жалғағандар қатары қаншама десенізші жетеді екен. Қазақ жерінде ғасырлар бойы сан түрлі дінді ұстанған әралуан халықтар өзара келісім мен татулықта өмір сүріп келеді. Сондықтан да қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлем үшін дінаралық және ұлтаралық келісім салтанат құрған тату елдің жарқын үлгісіне айналып отыр.

Иә, біздің еліміз – көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет. Бұл – оның діни-ұлттық сипатын, тыныс-тіршілігін, саяси ахуалын көрсететін жалпы ұғым. 1993 жылғы Ата Заңда «қазақ ұлты», 1995 жылғы Ата Заңымызда «байырғы қазақ жерінде...» деген түсініктемелер бар. Қазақстан – «Қазақ Елі» дегенді білдіреді. Мемлекет халқының басым көпшілігін қазақтар құрайды. Мұсылмандар – 70 пайыздан астам, көбісі түркі халықтары, 25 пайызға жуығы православие дініндегілер, дені орыстар.

Ел тұрғындарына азаматтық құқық беретін негізгі құжат – 1995 жылы қабылданған Ата Заң. Ендеше, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын әрбір адам осы Ата Заңда көрсетілген құқықтарға толық ие және ондағы көрсетілген жауапкершіліктерге құрметпен қарап, заң талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті.

Қазақстан – көптеген конфессиялар мен ұлт өкілдерінің тату-тәтті өмір сүріп отырған аялы бесігі. Оның мұндай адал ниетін өзгелердің бұрмалауына жол берілмейді. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін мұсылмандар мен православтар, тағы басқаларға діни сенім бостандығы берілді. Десе де, бір нәрсе біздің көңілімізді мазалап жүргенін жасырмаймыз. Қарап отырсақ, дүниежүзінде бір ғана ұлттан яки діннен тұратын мемлекет жоқ екен. Сөйте тұра, олар өздерін көпұлтты немесе көпконфессиялы деп атай бермейді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған», - деп атап көрсетті. Біздің елде мұсылмандармен қатар православтық, католиктік, протестанттық, иудаизм, буддизм және басқа да конфессиялардың өкілдері береке-бірлікте өмір сүруде. Тек соңғы үш жылдың ішінде ғана бас қаламызда Орталық Азиядағы аса ірі ғибадат ғимараттары – Өзірет Сұлтан мешіті мен Құдай Ана Успения храмы, ал Қарағанды қаласында католиктік «Пресвятая Дева Мария Фатимская» кафедралды соборы бой көтерді. Қазақ халқының басқа діндерге деген құрметі, толеранттылығы мен өзара түсіністігі маңызды біріктіруші факторға және мемлекеттілікті тұрақты дамытудың, елдегі қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты шартына айналды. Сұхбат, өзара түсіністік пен құрмет – барлық мәдени-діни қауымдар мен ұлыстардың қауіпсіздігі мен ынтымақ-келісімдерін, әл-ауқаты мен бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін жер шарындағы ең әлеуеті мол күш. Біз өзіміздің сыртқы саяси қызметімізде де төзімділік, келісім және ынтымақтастық қағидаттарын ұстанамыз. Барлық азаматтардың ұлттық ұстанымына және діни сеніміне қарамастан, тең құқықты және еркін дамуы қағидаттарына негізделген саясатты іске асырудың басты құралдарының бірі – Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған қоғамдық институт – Қазақстан халқы ассамблеясы болып табылады. Ассамблея этносаралық қана емес, конфессияаралық қатынастардың да бірегей сұхбат алаңына айналып отыр.

Бүгінде Қазақстан әлем мойындаған мәдениетаралық және конфессияаралық сұхбат орталығына айналды. Біздің жас та әсем елордамыз – Астана қаласы осыған дейін төрт рет өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қонақтарын зор ілтипатпен қабылдады.

Қазақстан Шығыс пен Батыстың, ислам мен христиан діндерінің арасындағы алтын көпір іспеттес. Діни көшбасшылардың форумдарын, Қазақстанның ЕҚЫҰ мен ИЫҰ-ға төрағалығы шеңберіндегі іс-шараларды, толеранттылық тақырыбындағы конференцияларды өткізу – Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің жаһандық деңгейде сұранысқа ие екендігіне дәлел болып табылады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен осыдан 10 жыл бұрын құрылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі қазіргі заманғы діндер арасындағы жаһандық үндесудің ықпалды әрі табиғи бөлігіне айналды. Съезд дін көшбасшыларының, діндер мен халықтардың арасындағы өзара түсіністікті арттыруға мүмкіндік беріп, маңызды рөл атқарып отыр.

Қазақ халқының басқа діндерге деген құрметі, толеранттылығы мен өзара түсіністігі маңызды біріктіруші факторға және мемлекеттілікті тұрақты дамытудың, елдегі қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты шартына айналды. Сұхбат, өзара түсіністік пен құрмет – барлық мәдени-діни қауымдар мен ұлыстардың қауіпсіздігі мен ынтымақ-келісімдерін, әл-ауқаты мен бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін жер шарындағы ең әлеуеті мол күш. Біз өзіміздің сыртқы саяси қызметімізде де төзімділік, келісім және ынтымақтастық қағидаттарын ұстанамыз.

Барлық азаматтардың ұлттық ұстанымына және діни сеніміне қарамастан, тең құқықты және еркін дамуы қағидаттарына негізделген саясатты іске асырудың басты құралдарының бірі – Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған қоғамдық институт – Қазақстан халқы ассамблеясы болып табылады. Ассамблея этносаралық қана емес, конфессияаралық қатынастардың да бірегей сұхбат алаңына айналып отыр. Бүгінде Қазақстан әлем мойындаған мәдениетаралық және конфессияаралық сұхбат орталығына айналды. Біздің жас та әсем елордамыз – Астана қаласы осыған дейін төрт рет өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің қонақтарын зор ілтипатпен қабылдады. Қазақстан Шығыс пен Батыстың, ислам мен христиан діндерінің арасындағы алтын көпір іспеттес. Діни көшбасшылардың форумдарын, Қазақстанның ЕҚЫҰ мен ИЫҰ-ға төрағалығы шеңберіндегі іс-шараларды, толеранттылық тақырыбындағы конференцияларды өткізу – Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісінің жаһандық деңгейде сұранысқа ие екендігіне дәлел болып табылады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен осыдан 10 жыл бұрын құрылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі қазіргі заманғы діндер арасындағы жаһандық үндесудің ықпалды әрі табиғи бөлігіне айналды. Съезд дін көшбасшыларының, діндер мен халықтардың арасындағы өзара түсіністікті арттыруға мүмкіндік беріп, маңызды рөл атқарып отыр. Барлық діндер жоғары гуманистік және адамгершілік құндылықтарды насихаттайды. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін өткізу діндер мен мәдениеттер арасындағы жаһандық сұхбатты ілгерілетіп дамытуға, діни қауымдар арасындағы өзара түсіністікті және құрметті нығайтуға, толеранттылық пен өзара сыйластық мәдениетін дамытуға, діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы үндесуді арттыруды мақсат еткен барлық халықаралық ұйымдар мен құрылымдармен бірлесе жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Қазіргі қоғамдағы жағдай тұрғындардың жат әрі жалған діни идеологиялық «екпелерге» қарсы тұрақты иммунитетін күшейтетін дүниетанымдық көзқарастарды қалыптастыруды талап етіп отыр. Қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың конституциялық басымдылығын сақтау, конфессияаралық және этносаралық келісімді нығайту, азаматтардың діни сенім бостандығына құқығын іске асыру, дінде экстремизм жоқ деп тану – радикалдық және экстремистік ағымдар идеологиясына қарсы іс-әрекет етудің қағидаттары болып табылады. Біздің еліміз 20 жылдан астам уақытта көптеген сынақтар мен қауіп-қатерлерге, қиыншылықтарға тап болды, алайда өзінің қазақстандық бірегей жолын ұстана отырып, оларды жеңе білді. Біздіңше, барша қоғам мүшелері, діни бірлестіктердің, этностық қауымдардың өкілдері, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым ақпараттық және түсіндіру жұмыстарына, халқымыздың рухани мұрасы мен ұлттық мәдениетін насихаттауға, радикалдық діни ағымдардың орынсыз шабуылдарынан діни негіздерді қорғауға бұдан да белсендірек қатысулары керек.

Қоғамның рухани өмірін арттырудағы маңызды міндет - адамгершілікке баулитын, адалдық пен әділдікті насихаттайтын, өз еліне деген сүйіспеншілікке, халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелейтін шынайы құндылықтарды түсіндіру болып табылады.

2011 жылдың 11 қазанында Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»

Заңына қол қойды. Заңның басты ережелерін іске асыру дін саласын құқықтық реттеуді жөнге келтіруге мүмкіндік берді. Өз дәстүрлері мен құндылықтары бар этностық және конфессиялық топтардың әралуандығы, Қазақстанның геосаяси тұрғысынан қолайлы жерде орналасуы қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен жан саулығына төнетін қатерлерге қарсы әрекет етудің тетіктерін жасап шығаруды және нығайтуды талап етті. Сондықтан жаңа заңның діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы ережесі осы саланы дұрыс реттеудің қажетті тетігі болып табылады. Жалпы, діни бірлестіктерді қайта тіркеу шаралары ел-жұрттың және негізгі діни бірлестіктердің оң бағасын алды, сондай-ақ еліміздегі конфессиялық кеңістікті жүйелеу мен қолайлы түрде құрылымдаудың маңыздылығын тағы бір рет дәлелдеп берді. Дін әлімсақтан бері халықтың рухани мұрасын, моральдық құндылықтарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтаушы миссиясын атқарып келеді. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында: «Қазақстан Республикасы халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи ролін таниды, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді», - деп көрсетілуі кездейсоқтық емес. Заңнамада Қазақстан Республикасының әрбір азаматтың ар-ождан бостандығын құптайтыны, өзге діндерді құрметтеп, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын мойындайтыны да жазылған.

Мемлекетке қатысты саясаты конституциялық ар-ождан бостандығы ұстанымы мен барлық діндердің заң алдында теңдігін ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ете отырып, үйлесімді түрде іске асырумен, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын, дәстүрлі рухани құндылықтарын дамытып, сақтауға баса мән берумен айқындалуы тиіс. Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасында этникалық немесе өзге де тегіне, діні мен әлеуметтік деңгейіне қарамастан, азаматтардың барлығына тең мүмкіндіктердің берілетіні жазылған және бұл ұлтаралық ынтымағымызды негіздейтін басты қағидаттардың бірі болып табылады. Мемлекетіміздің азаматтары қай этникалық немесе діни қауымдастықтың өкілі болып саналса да, бірегей азаматтық қоғам құра отырып, ортақ құқықтар мен бостандықтарды толығымен пайдаланады. Біздің бұл саладағы басымдықтарымыз анықталған. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев атап өткендей, «Қазақстанда қоғам діннен бөлінбеген, сондықтан да

мемлекет осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуден тыс қала алмайды. Оның өзінде діни сенімдердің адамгершіліктік бастауларға негізделетінін және үлкен гуманистік әлеуетке ие екендігін ескерген жөн, оларды қоғамның рухани құндылықтарын дамытып, қазақстандық патриотизмді нығайтуға, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты тұғырландыру мен діни экстремизмнің алдын алуға пайдалану керек». Қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау, теріс пиғылды және экстремистік мақсаттарға пайдаланылуына жол бермеу – міне, мемлекеттің дін саласындағы саясатының басты бағыттары осындай.

Заманауи әлем дүниетанымдық және құндылықтық дағдарысты бастан кешуде. Өркениеттер текетіресін айғақтаған, тарихтың ақыры таянғанын болжамдаған жанайқайлар жиілеп қана қоймай, қаттырақ шыға бастады.

Бүкіл жер-жаһанда ұлтаралық және дінаралық қақтығыстардың көбейгені – бүгінгі күннің шындығына айналып отыр. Дүрдараздықтар, діни төзімсіздіктің артуы, ксенофобия мен радикализм қоғамды бөлшектеуде, сондай-ақ жаһандық қана емес, жекелеген мемлекеттердің шеңберіндегі текетірестер туралы сөз қозғауға себеп болуда. Белсенді миграциялық үдерістердің нәтижесінде көптеген елдер қоғамнан оқшауланған, томағатұйық этно-конфессиялық анклавтардың пайда болуы секілді құбылыстармен бетпе-бет келді. Бізге тұрақты қоғам құрудағы төл жетістіктерімізді сақтап қалу өте маңызды. Елімізде әралуан этномәдени және діни дәстүрлердің бірге жасасып келе жатқаны айдан анық. Біздіңше, бұл көпэтникалық және көпконфессиялық жасампаздық пен ілгерішілдіктің басты факторына айналуы тиіс. Біз рухани тәжірибедегі, тарих пен мәдениеттегі табиғи алуан түрлілікті баршаға ортақ игілік пен ілгерішілдік жолында пайдалануымыз керек. Біз өзіміздің сұхбат пен мәмілегерлік ұстанымдарына адалдығымызды растаймыз. Өзара түсіністік пен татулық жолымен ғана жетістікке жетуге болады, осы жол арқылы ғана қазақстандық қоғамның сан айшықты келбетін құрайтын барлық діндер мен мәдениеттердің бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтып, жасампаздық рухын асқақтата аламыз.

Қазақстан - көпұлтты, зайырлы мемлекет. Жасыратыны жоқ, қазақ ұлты кең пейіл ел! Бір шаңырақта ғұмыр кешкен өзге ұлт өкілдерін бауырларындай санап, бір атаның баласындай татулықты ғұрпындай сақтап келеді. Мұның барлығы да қазақ деген Ұлы

елдің мейірбандығы мен тектілігінен туса керек. Сайып келгенде, ел ертеніне байыппен қарап, өзге ұлттар мен ұлыстарды, этно-орталықтарды шеттетпей ілтипат-құрмет лебізін көрсетіп те жүр. Міне, осындай мәрттіктің, жомарттықтың иелері қазақ деген текті елді қанатында қара бұлттың қаһарын сезінбейтіні анық. Ендеше, өзге елдің құрметі орынды деп білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Камалбекова, А. Тілі басқа, тілегі бір / А.Камалбекова // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. - 2011. - №4. - Б. 17-20.
- 2 Құлманова, Злиха. Тыныштық, туыстық, ұғыстық / З.Құлманова // Сыныптағы тәрбие. - 2009. - №3. - Б. 16-18.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУ СЯСАТЫНА КӨЗ-ҚАРАС

БЕКШЕ Д.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕЛЬМУРАТОВ Г. Ж.

с.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы – Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Батысында Еділдің төменгі ағысынан, шығысында Алтай тауларына дейін 3000 км-ге, солтүстіктегі Батыс Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне 1 600 км-ге созылып жатыр. Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ-Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Мұхитқа тікелей шыға алмайтын мемлекеттердің ішінде Қазақстан – ең үлкені [1].

Елдің астанасы – Астана қаласы. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ресми тілі – орыс тілі.

Қазақстанның ұлттық құрамы алуан түрлі. Халықтың үлкен бөлігін қазақтар құрайды, пайыздық үлесі;

Қазақтар – 66,01 %,

Орыстар – 21,05 %,

Өзбектер – 3,07 %,

Украиндар – 1,7 %,

Ұйғырлар – 1,44 %,

Татарлар – 1,17 %,

Басқа халықтар – 5,56%

Халықтың 70 пайызын мұсылмандар құрайды, проваславты христиандар – 26 %, қалғаны басқа дін өкілдері [2].

Қазақ елі қарқынды дамуда, қазақстандықтар үлкен үлес қосып отыр біздің елді дамытуға. Қазақстандықтар қазақ тілін оқуда және кейбір ааматтар біздің тілді дамытуға үлкен үлес қосып отыр және оған қатар мемлекет үлкен көмек көрсетіп отырып манызды рөл атқарады. Сонымен қатар қазіргі уақытта бүкіл дүние жүзі ағылшын тілін оқуда. Ағылшын тілі кез келген адамға қажет, егер ол жоғары білімді, жалақысы жоғары жұмысты істегісі келсе. Біздің туған жерде ағылшын тілімен қатар орыс тілі қолдануда, орыс тілі көбірек қолданылады дегенмен ол ресми тіл, яғни біздің аға-бауырларымыздың тілі [3].

Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының сарапшылары мәліметтеріне сүйенсек, әлемдегі 6 мыңнан аса тілдердің жартысына жуығы қауіпті жағдайда екен. Америкалық лингвист Дэвид Хариссон: «Әлемде әр екі аптада бір тіл жойылып отырады», – дейді. Осыған орай, Ресейдің БАҚ-ы да орыс тілі мәселесін жиі көтеріп, ағылшын тілінің ықпалынан үрейлене бастады. Дамыған, мықты мемлекеттер өз тілінің жойылып кетуінен қауіптеніп, ағылшын тілінің алдында едәуір әлсіз екендігін мойындағанда, қазақ тілінің күні нешік? Жалпы, біз Тіл мәселесін дұрыс жолға қоя алдық па? Ағылшын тілі экспансиясынан қалай сақтануға болады? Тілдік ресурстарымыз бен сөздік қорымызды сақтап қалуға қам жасап жатырмыз ба? Дүниежүзінде орыс тілінде 260 млн. адам сөйлейді екен. Ал қазақ тілінде қанша адам сөйлейді? Осыған сендерге бірнеше біздің ғалымдардың ой-сөзімен танусу керек деп ойлаймын [4].

Бакытжан ХАСАНҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Қазақ тілінің дамуы мемлекеттік бағдарлама бойынша жоспарлануда. Алайда, бағдарламаның жүзеге асуының социолінгвистикалық және психолінг-вистикалық тетіктері жасалмаған, бағдарламаның іске асуы мониторингтік, менеджменттік, маркетингтік тұрғыдан қамтамасыз етілмеген, осы реттегі ұсыныстарымыз назарға алынбаса, тіл мәселесі шешілмейтініне біз кепіл. Қазақтардың көбі емес, Тілдік бағдарламаның өзі орыс тілінің әлеуметтік қызметінің көлемін сақтап қалуды жоспарлаған. Қазақ халқының орыс тілі жөніндегі ұстанған психолінгвистикалық бағдары ғылыми тұрғыдан зерттелуі тиіс. Зерттеулер нәтижесі бойынша мемлекеттік тіл жөнінде жалпыхалықтық қолдау тапқан ұлттық идея қабылдануы шарт. Қазақстанда тілдік реттеу мәселесі

орыс тіліне байланысты ыждаһаттылықпен жүргізіліп, елімізде орыс тілі қоғамдық қызметінің көлемін сақтау, мәдениетаралық қатынаста қолдану үдерісі үздіксіз жалғасуда. Қазақстан орыстарының үлесі әр он жыл сайын 7%-ға азайып келеді (1989 ж. – 37,6%, 1999 ж. – 29,9%, 2009 ж. – 23,7%). Орыс тілін түсінетіндер күллі халықтың – 94,4%-ын құрайды. Соңғы бағдарлама бойынша, республикадағы орыс тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 2020 жылға қарай 90% болады екен. Қазірдің өзінде күллі халықтың 94,4%-ы орысша айтқанды түсінеді, оның 88,2%-ы еркін оқиды. Сонда елімізде орыс тілін білетіндердің үлес салмағы азая ма, әлде бағдарлама дұрыс түзілмеген бе? Қалай болғанда да, бұл – «Қазақстанда орыс тілінің тұрманы түгел» деген сөз. Осыдан 6-7 жыл бұрын әлемде орыс тілінде сөйлейтіндер саны 212 млн. болды. Қазіргі кезде бұл сан кемімесе, өскен жоқ. Олай болса, дүниежүзінде орыс тілінде сөйлейтіндер саны 260 млн. деу қате. Қазақстандағы қазақ саны биыл 11 млн.-ға жуықтаған. Бұған шетелде жүрген 5 млн. аса қазақты қосып, олардың өсімталдығын ескерсек, дәл қазір әлемде 16 млн.-ға жуық қазақ болса керек. Мен, социолінгвист ретінде, елімізде халқымыздың өсу қарқыны сақталса, жуық арада (3-4 жылда) Қазақстан бірыңғай қазақы мемлекетке айналады деп есептеймін. Қазақ тілі – әлемдегі сөйлермені көп 70 тілдің санатына қосылады. Қазақтар да, өзге халықтар сияқты, көптілділік жағдайында болғандықтан, ана тілінде әр түрлі деңгейде сөйлейді. Жалпы, қазақ тіліне байланысты әлемдік социолінгвистикалық зерттеу жүргізілгенде ғана ХХІ ғасыр қазағының тілі жан-жақты сипатталады [5].

Бижомарт ҚАПАЛБЕКОВ, Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры: Жаһанданудың адамзатқа ортақ игіліктерімен қоса, ұлттық құндылықтарға тигізетін кері әсері де орасан зор. Одан әр ұлт өз шама-шарқына қарай қорғануда. Ол әдіс-тәсілдер жөнінде ұзақ әңгімелеуге болады. Қазіргі жағдай мүлдем өзгеше. Ал неміс тілінде қазір 110 млн. адам сөйлейді. Ол тіл Германия, Австрия, Швейцария, Лихтенштейн, Люксембург сияқты елдерге таралған. Ал ағылшын тілін қазір 341 млн. адам өзінің ана тілі санайды. Ол тіл Ұлыбританияда, АҚШ-та, Жаңа Зеландияда және т.б. елдерде мемлекеттік тіл дәрежесінде... Және статистикалық мәліметтер бойынша әлемде 900 млн.-ға жуық адам ағылшын тілін жетік меңгерген. Орыс тілінде қазір 200 миллионнан аса адам сөйлейді. Бірақ бұл көрсеткіш жылдан-жылға төмендеп келеді [6].

Ботагөз МЫРЗАБАЙҚЫЗЫ, филология ғылымдарының докторы: Әлемдік аренада ағылшын тілінің бірінші орында тұрғаны шындық. Сондықтан, Ресейдің өзі оның ықпалынан сескеніп, орыс тілінің болашағына қатты алаңдаулы. Бірақ Ресейде тіл мәселесі біздің елдегідей ушығып тұр деп айта алмаймын. Орыстарда туған жерге деген ыстық махаббат жоқ. Тілдерін де дәл біз сияқты анамен байланыстырып, ерекше құрметтемейді. Олар көбінесе материалдық жағдайын ойлап, байып қалса шетелге жол тартады. Сол үшін де ағылшын тілін меңгеруге талпынуда. Жалпы, әлемдегі барлық елдерде тіл мәселесі бар. Бірақ ешбір ел біз сияқты екінші тілге басымдық беріп отырған жоқ. Мәселен, Францияда ағылшын тілінде бірде-бір фильм көрсетілмейді. Сол сияқты Германияда да неміс тілін білмеген адам ол елдің азаматтығын ала алмайды. Бұл – дамыған көптеген елдердің Заң жүзінде қойылған талабы. Ол іске асуда. Ал біз ше? Бізде тіл мәселесі ушығып тұр, алайда «қазақ тілінің болашағы мүлдем қараң» дегенге қосылмаймын [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы халқының 2011 жыл басына нақтыланған саны туралы, <http://www.stat.kz>

2 Жоғарыға көтеріліңіз ↑ «2009 Жылғы Қазақстан Республикасы халық санағы, Қысқаша қорытындылар» Статистикалық жинақ, Редакциясын басқарған Ә.А. Смайылов, Астана, 2010 - 110 бет

3 Жоғарыға көтеріліңіз ↑ Дереккөз алу қатесі: Жарамсыз <ref> тегі; no text was provided for refs named per2009

4 Жоғарыға көтеріліңіз ↑ Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі. Санақ 2009. (Жұрттың ұлттық құрамы.гаг) Жоғарыға көтеріліңіз

5 Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі

6 Қазақ-әдебиеті-газет-журналы <http://www.writers.kz/journals/?ID=10&NUM=114&CURRENT=&ARTICLE=331>

7 Қазақстан-туралы <https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан#.D0.A5.D0.B0.D0.BB.D2.9B.D1.8B>

**«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ» ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫ
(ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАВТЫҢ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ
КОНТЕКСТІНДЕ)**

БОЛАТҰЛЫ Н.

студент, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Идеологиясыз мемлекет, компассыз кеме

***І Наполеон Бонапарт
Француз Императоры
(1769-1821 жж.)***

Бүгінгі әлем елдерінің ұлттық ерекшеліктерін жалмап бара жатқан жаһандану тенденциялары, күнара жарылыс жасап, бейбіт елдің берекесін қашырып жатқан экстремистік, террористік ұйымдар, экономикалық дағдарыстардың жиілігі, қоғам өміріндегі рухани деградация көріністері, әлем елдеріндегі түрлі түсті революциялар, тарихи уақыттың жылдамдығы – бәрі-бәрі қосылып келіп, өмірге келгендегі парызы мен қарызын, өткені мен бүгінін, алға қойған бағыт-бағдарын, мақсат-мұратын айқын танып, сол жолда барлық күш-қуаты мен қайрат-жігерін жұмсаған халқының адал ұлы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақ Елі үшін, оның әрбір азаматы үшін ең маңызды құндылыққа айналып отыр. Бүгінгі тәуелсіз қазақ мемлекеті алдында тұрған, жоғарыда аталып өткен проблемаларға қарсы тұру «Мәңгілік Ел» идеясының моральдық қағидаларын, рухани-саяси ұстанымдарын, құндылықтарын анықтау арқылы ғана мүмкін болмақ.

Аталған проблеманың өзектілігі мынада: тарихи-географиялық орналасуына қарамастан кез келген мемлекеттің қалыптасқан, әлеуетті және гүлденуі үшін барлық азаматтардың өзін сол елдің толыққанды бір бөлшегі ретінде сезінуі және сол елдің дамуына күш жігерін аямауы тиіс. Бұл, тарихи тағдыр тоғыстырған көптеген этностардың және конфессиялардың шоғырлан Қазақстан сияқты елдің алдыңғы кезекті проблемасы. Ұлтына, нәсіліне, дініне қарамастан әрбір азаматтың Қазақстанның, әлемнің алдығы қатарлы мемлекет болуы үшін, елдің ішкі тыныштығын сақтауда және кез келген қауіп-қатерді еңсеруде тез бірігіп, күшке айналдыратын категория – ұлттық идеология болып табылады. Қазақстан әлеуметтік-саяси тұрғыда либерализмді, таптық жағынан капитализмді дұрыс теп тауып, осы курсты ұстанып

келеді. Ал, расизм, фашизм, феминизмнің кез-келген белгілерін қатаң айыптайды.

Қазақстанның тәуелсіздік алғалы бері күн тәртібінен түспей келе жатқан үлкен проблемасы – мемлекеттік идеология. Кеңес өкіметі тұсында бұл функцияны жүзеге асырып келген КОКП болды. Коммунистік партияға осындай кең өкілеттілік берген КСРО Конституциясының 6-бабы болатын [1]. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясының 5-бабында идеология және идеологиялық әралуандылық танылады деп жазылған. Және де мемлекеттен басқа институттарға жалпы азаматтарға белгілі бір идеологияны таңуға тиым салынды [2].

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бүгінде қоғамымызда «мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы?» тиіс деген пікірталастың жүріп жатқандығын аңғаруға болады. Бұл туралы ҚР Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», – деген еді [3].

Ұлттық идеология белгілі бір сәтте тумайды, ол халықтың күрделі даму жолдарын оның өзімен бірдей басып өтіп қалыптасады, қолдан жасалмайды, халықтың мәдениетінен, салт-дәстүрінен туындайды. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясы бұл біздің ұлттық идеямыз екендігін атап өтіп қана қоймай, оның тарихи тамырын, генезисін ұлттық тарихымызбен, мәдениетімізбен сабақтастыра отырып дәлелдей алуымыз керек. Бұл көне тарихтан тін тартқан идеяның жаңа дәуірмен үндесуі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгі ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», деп қадап айтты [4].

Әдетте, «идея» (грек. идея – түсінік, елес, бейне) – теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік мағынасында қолданылатын философиялық термин [5]. XVIII ғасырдағы немістің классикалық

философиясының негізін салушылардың бірі – И. Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады». Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақты бере алады.

Жалпы, «Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұрғаны анық.

1. Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт – «манифест» ретінде әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы;

2. Әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі;

3. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата Заң іргетасының қалануы.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен интеграциялық үдерістерін нығайту жолында көптеген идеялық және практикалық іс-шаралардың ұйытқысы болып, бірталай маңызды істерді жүзеге асырғаны мәлім. Ал, «Мәңгілік Ел» идеясы барлық түркілердің бір тарихи кезең – VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идея болатын. Ендеше, тарих сынынан өткен бұл идея бүкіл Түркі дүниесі үшін ортақ және осы идея төңірегіне бірігу қазіргі жаһандану заманындағы түркі тектес халықтардың мұраты болары анық [6].

Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген түркілердің әйгілі ойшылы, философы Әбу Насыр әл-Фараби болды.

Әл-Фарабидің көзқарастарынан басты үш бағытты айқын аңғаруға болады. Ол дүниенің мәңгілігін, танымның болмысқа тәуелділігін мойындады, сонымен қатар, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын ақыл-парасаттан, адамның жан дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен іздеді [7]. Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің, яғни ортағасырлық түркі және мұсылмандық дәуір тұрғысынан зерделеген жөн. Алайда, ол жоғарыда аталған түсініктерді философиялық тұрғыдан алға қарай дамытты.

Ж.Баласағұн – саяси-әлеуметтік ойда мемлекеттегі басқару істерінің заңмен реттелуі мәселесін кешенді көтерген ғұламалардың

бірі. «Құтты білік» дастанының басты идеясы – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Ол өзінің кейіпкерлерінің бірімен-бірінің сұхбаттарында мемлекеттегі құқықтық қатынастарды жетілдіру мәселелеріне ерекше ден қояды. Одғұмыштың (Қанағат) Өгдүлмішке (Ақылға) кеңес беруінде Еліктің (Хан) жеке басының ақылдығының, даналығының, іскерлігінің түркі халқына зор бақыт сыйлап отырғандығын айтады. Басшы өзінің халқын, жерін сүйсе, одан халық бақытты [8]. Себебі, ханның, басшының ой-арманы тек туған Отанын көркейтумен, оның қауіпсіздігімен ғана байланысты. Одан мемлекет те, Елбасы да жақсылық табады. Басшы мен халық бірлігі және түсіністігі мемлекетті нығайтушы күшке айналады.

Шығармада елдегі, қоғамдағы ішкі тәртіпті халық мүддесіне, заңдылыққа негіздеп құру идеясы айқын көрініс береді. Осы идеялар негізінде бүгінгі Қазақстан өзінің алдына қойған стратегиялық, конституциялық міндеттері, яғни «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [9]» деген қағиданы ойдағыдай шеше алады. Өйткені, әрбір этностың өзіндік төл саяси ойы, саяси міндеті мен саяси санасы болады. Мемлекеттік саяси құрылыста осы рухани фактор іске қосылса, билік пен халық арасында жарасымды қатынастар қалыптасады. Билік пен халық мемлекеттік, елдің тағдырлық міндеттерін шешкенде екеуіне ортақ саяси құндылықтарды пайдаланса, басқару жүйесінің жұмысы тиімді бола түседі, халықтың мемлекетшілдігі күшейеді. Себебі, Конституцияда көрсетілгендей: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» болып табылады [9].

Ж. Баласағұн еңбегіндегі елдегі заңдардың бүкіл халыққа қызмет етуі және орта топтың мемлекеттің әлеуметтік тірегіне айналуы туралы идеялары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өте маңызды. Бұл бағыт – қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде жариялап отырған Елбасымыз Н. Назарбаевтың да ұстанып отырған стратегиялық саясаты.

Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Оны Елбасының жария еткен 2015 жылға арналған Жолдауында айқын көрсетіп берді: «Біз жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға

айналдырдык. Мөңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Конституция СССР.- Москва: Известия Советов народных депутатов СССР, 1985.- 743 с.

2 ҚР Конституциясы/ ҚР Президентінің ресми сайты – www.akorda.kz

3 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан №11 (28235). 18.01.2014

4 Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан №221 (28444). 12.11.2014

5 Саяси түсіндірме сөздік/ құрас. автор: Е. Саиров. Алматы, 2007.- 615 б.

6 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында/ Алматы: Атамұра, 2003.- 285 б.

7 Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. Т. 16. Фарабитану/ ғыл.ред. Ә. Нысанбаев; Астана: Аударма, 2006. – 436-б.

8 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Т. 5. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев.- Алматы: Таймас, 2007.- 536 б.

9 ҚР Конституциясы/ ҚР Президентінің ресми сайты – www.akorda.kz

ЭТНИЧЕСКАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

БУЛАТОВА М. Н.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ЗОЗУЛЯ Т. Н.

к.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В период, когда в том или ином государстве происходят сложные политические, экономические, социальные изменения или складывается внешнеполитическая проблема, как показывает

историческая практика, очень быстро возникает напряженная ситуация в обществе. Такая напряженность зачастую порождает конфликты различного характера и типа. В такой ситуации, для поддержания стабильной, мирной обстановки, человек в малой или в большей степени должен проявлять терпимость по отношению к окружающему обществу. Если рассматривать терпимость людей, социальных групп по отношению друг к другу, прибавив к этому оттенок добровольности и снисходительности, то уже можно дать название подобному действию – «толерантность».

Толерантность есть проявление терпимости индивида к другим субъектам, даже в том случае, если другой субъект имеет иной взгляд на ту или иную ситуацию, имеет другое мировоззрение, исповедует другую религию, или является атеистом. Феномен толерантности, при качественном различии национальных, социальных, религиозных, идеологических различий, предполагает и предоставляет свободное право жить с такими установками. Только в таком случае в государстве может сохраняться стабильность, гармония взаимоотношений, уважение одних субъектов общества по отношению к другим.

Обеспечение толерантности не ограничивается стремлением отдельных индивидов проявлять уважение к инакомыслящим. В этой ситуации главную роль должно играть государство, его основные политические институты, неправительственные организации, представители гражданского общества. Невозможно сформировать общество с достаточно серьезными толерантными установками, если государство не занимается активной социализацией индивидов, это параллельно идущий процесс. Необходимо отметить, что в большинстве стран мира, особенно в развитых государствах, где велико социальное расслоение общества, усилились в последние годы миграционные процессы, приводящие к изменениям социального, этнического, конфессионального состава населения, политическое руководство предпринимает довольно успешные меры для сохранения стабильности и безопасности своей страны.

Стремление сохранить спокойствие и безопасность в мировом сообществе, привить населению такое качество взаимоотношений с другими субъектами государства, как толерантность, является одной из главных задач таких международных организаций как ООН, ЮНЕСКО. Согласно Декларации ЮНЕСКО от 1995 г. толерантность определяется как «ценность и социальная норма гражданского общества, проявляющаяся в праве всех индивидов гражданского

общества быть различными, обеспечении устойчивой гармонии между различными конфессиями, политическими, этническими и другими социальными группами, уважении к разнообразию различных мировых культур, цивилизаций и народов, готовности к пониманию и сотрудничеству с людьми, различающимися по внешности, языку, убеждениям, обычаям и верованиям».

К сожалению, проблем в этой сфере накопилось множество. В последние тридцать-сорок лет в мире наблюдается заметное перемещение людей не только внутри своего государства, но между государствами и даже континентами. В результате миграции, освоения новых земель, военных конфликтов, экологических катастроф, практически большинство государств представляет собой территорию, заселенную представителями различных этнических, конфессиональных групп. Так, например, в Канаде выделяют 13 основных этнических групп, из которых коренное население составляет всего 4 %. В США всего насчитывается 17 этносов, из них коренных американцев насчитывается 1,3 %. Более 60 % населения Мексики – это испано-индейские метисы, 29 % – индейцы из 10 разных племен, 10 % являются представителями прямых европейских потомков, 1 % – другие национальности.

В Европе исследователи выделяют более 70 основных этнических групп, но в результате колоссального миграционного потока в последнее время резко увеличилось число выходцев из стран Ближнего Востока, что кардинально меняет качественный состав этого континента. Достаточно сложной в этническом многообразии является Российская Федерация. По данным переписи населения, проведенной в 2002 году, в России проживают представители свыше 160 национальностей. В ходе переписи было обеспечено выполнение Конституции Российской Федерации в части свободного самоопределения национальной принадлежности. При переписи населения было получено более 800 различных вариантов ответов населения на вопрос о национальной принадлежности. Семь народов, населяющих Россию – русские, татары, украинцы, башкиры, чувашаи, чеченцы и армяне, имеют численность населения, превышающую 1 млн. человек. Русские являются наиболее многочисленной национальностью, их численность составила 116 млн. человек (около 80% жителей страны). Перепись 2002 года подтвердила, что Российская Федерация является одним из самых многонациональных государств мира. [1]

Многонациональным государством является Китай, на территории которого проживает 56 национальностей.

Согласно третьей всекитайской переписи населения 1982 г., в Китае насчитывалось 936,70 млн. китайцев (ханьцев) и 67,23 млн. представителей национальных меньшинств. В число 55 национальностей, проживающих на территории страны, входят: чжуан, хуэй, уйгуры, и, мяо, маньчжуры, тибетцы, монголы, туцзя, буи, корейцы, дун, яо, бай, хани, казахи, тай, ли, лису, шэ, лаху, ва, шуй, дун-сяны, наси, ту, киргизы, цян, дауры, цзинпо, мулао, сибо, салары, буланы, гэлао, маонань, таджики, пуми, ну, ача-ны, эвенки, цзин, бэнлуны, узбеки, цзи-но, югуры, баоань, дулуны, ороконы, татары, русские, гаошань, хэжэ, мэнба, лоба. Среди этнических групп самая большая – чжуан, насчитывающая 13,38 млн. человек, а самая маленькая – лоба, численность которой составляет 1 тыс. человек. 15 групп национальных меньшинств имеют население свыше миллиона человек, 13 – свыше 100 тыс., 7 – более 50 тыс. и 20 – менее 50 тыс. человек. Кроме того, в Юньнани и Тибете есть несколько этнических групп, которые еще не идентифицированы. Многонациональной и многоконфессиональной является Индия где насчитывается несколько сот наций, народностей и племен, крупнейшие из которых хиндустанцы, телугу, маратхи, бенгальцы, тамилы, гуджаратцы, каннара, пенджабцы и др. Индуисты составляют 80% населения, мусульмане – 14 %, христиане – 2,4 %, сикхи – 2 %, буддисты – 0,7 %.

А вот ФРГ – моноэтническая страна. В основном население Германии – это немцы (около 90 %). Однако нация сформировалась из большого количества разнообразных этносов. До сих пор физиогномические особенности выделяют коренного жителя Баварии от фриза (этнос, населяющий Нижнюю Саксонию и Шлезвиг-Гольштейн), шваба или лужицкого серба. Во времена Реформации Германия приняла французских гугенотов (Франкония, территориальное образование в Нижней Баварии), после революции 1917 года – многочисленную общину русских эмигрантов. Кроме того, на севере Шлезвиг-Гольштейна проживает 50 тысяч датчан, а по всей территории страны обитают 70 тысяч ромов [2].

Этнос представляет собой исторически устойчивую объединенную группу людей. Сложившиеся в результате интеграции, социальные и культурные элементы этноса, позволяют им отделять себя от других этнических групп. При этом у человека в подсознании складывается устойчивое разделение на «мы» и «они» в разных планах, но, в первую очередь, в этническом различии. В условиях преобладания нескольких этнических групп

на одной определенной территории, вполне реально возникновения конфликтов малой или сильной интенсивности.

Причинами притязания этносов на особый статус на одной территории, могут быть обвинения другого этноса в колонизации края, возвращение на историческую родину ранее депортированного этноса; изменение государственных границ (произвольное действие в результате международных конвенций), трудовая миграция (иногда незаконная), движение беженцев и т.д.

К толерантности среди национальностей, мировое сообщество, пришло далеко не сразу. Решение этнических конфликтов, изначально, решалось военным путем, политикой геноцида, переселением коренного населения на другие территории. Всем известно из истории, как США сформировали свое государство. Осуществлено это было путем тотального истребления коренного населения Северной Америки – индейцев. Оставшихся аборигенов загнали в специальные резервации, что не позволило этому населению социализироваться, включиться в процесс формирования американского общества. В итоге геноцида со стороны европейских колонизаторов погибло около 100 миллионов человек. Еще один пример того, как пострадал один этнос от неприятия другим тех особенностей, которые для него были якобы неприемлемы. В 1915 года властями Османской империи был осуществлен жестокий геноцид армянского народа. Была разоружена профессиональная армия армян, затем огромные массы армянского населения были депортированы, осуществлялось целенаправленное уничтожение не только военного, но и гражданского населения Армении. Исторической предпосылкой, а также основной причиной массового истребления армян, являлись их религиозные убеждения, исповедуя другую религию, армяне в Османской империи считались «второсортным» населением. В результате геноцида было истреблено 1,5 миллиона человек, что способствовало исчезновению армянского народа в западной части исторических районов Армении.

Для современного общества характерна тенденция либерализации во взаимоотношениях с окружающими. Главным проявлением либеральных отношений, является толерантное восприятие поведения и образа жизни другого этноса или социальной группы. В толерантном обществе главным является условие соблюдение этнической терпимости, принятие другого в его декларируемом качестве. Это объясняется тем, что и в

настоящее время всё еще сильны различия между этносами в плане культуры, как политической, так и бытовой, различаются языки, исповедуются разные религии, признаются разные жизненные ценности и установки.

Но жизнь подбрасывает человеку новые проблемы и испытания. В XXI веке политическая, экономическая ситуация привела к массовому перемещению в Европу населения из Ближнего Востока. С октября 2014 года в Европу через Средиземное море переправились 219 тысяч мигрантов из стран Ближнего Востока, в 2015 году количество беженцев достигло более полутора миллиона человек. Не представляющие всего масштаба подобных перемещений, не подготовившихся ни экономически, ни культурно, ни политически к подобному явлению, население Европы засомневалось в априорной ценности толерантности, далеко не либерально воспринимает беженцев из этих стран. Огромный, слабо контролируемый поток мигрантов, неспособность властей решить проблемы мигрантов, неопределенность политического и экономического урегулирования миграционного процесса, естественно вызывает массовый протест местных жителей. Люди выступают с лозунгами: «Народ против беженцев», «500 – это слишком много», «Мы становимся безработными» и т.д., несмотря на призыв властей проявлять к ним толерантность. В ситуации, сложившейся в настоящее время в Европе, совершенно очевидно, что долго исповедующий толерантность народ Европы, отводит второстепенную роль принципу толерантности, а больше желает благоустроенной и тихой жизни.

Проблема даже не в том, что Европа физически не способна справиться с большим потоком переселенцев, а в том, что возник процесс, характеризующийся столкновением двух абсолютно отличных друг от друга культур, представители которых вынуждены будут жить в одной стране. Усугубляется ситуация нежеланием абсолютного большинства беженцев следовать тем правилам, по которым живет население европейских стран, они слабо идут на ассимиляцию. Значительная часть беженцев, особенно молодого возраста, ведет себя агрессивно, вызывая, совершают преступления. Именно поэтому у местного населения возникла оправданная, вполне объяснимая настороженность по отношению к эмигрантам. Последние события в Европе, связанные с колоссальным миграционным потоком в регион, объективно требуют от государств, принимающих беженцев, более

эффективной, взвешенной политики. Именно государство, все его политические институты, обязаны выступать в качестве регулятора межэтнических отношений, дабы можно было избежать социальной напряженности и не допустить социального конфликта.

Что же касается такого важного ценностного понятия, как толерантность, то, скорее всего, в ближайшие годы политологи, культурологи, этнографы приступят к дальнейшему изучению причин конфликтности на этнической основе, более эффективному внедрению в сознание и культуру людей бережного отношения друг к другу, пониманию и признанию многообразия человеческих ценностей.

ЛИТЕРАТУРА

1 <http://geographyofrussia.com/nacionalnyj-sostav-naseleniya-rossii/>

2 <http://www.syl.ru/article/109407/naselenie-germanii-chislennost-plotnost-i-natsionalnyiy-sostav>

НЕПРИЗНАННЫЕ ГОСУДАРСТВА В ГЛОБАЛИЗИРУЮЩЕМСЯ МИРЕ

ЗОЗУЛЯ Т. Н.

к.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АЛЬМУХАМБЕТОВА Д. А.

студент

Непризнанные государства – это общее название государственных образований, которые, обладая всеми признаками государственности, не имеют международного признания и не могут выступать в качестве субъекта международных отношений

Непризнанные государства на современном этапе развития являются самостоятельными акторами международной и региональной политики. Непризнанные государства довольно значительно влияют на процессы мировой политики.

Термин «Непризнанные государства» активно используется где-то с начала 90-х годов XX века. Но само явление существует уже очень давно – как минимум с того момента, когда начали распадаться крупные империи. С тех пор в мире постоянно появляются государства, которые не признаются мировым сообществом. Непризнанные государства называют еще «де-факто», «спорные страны», «отделившиеся» или «самопровозглашенные».

Проблема таких государств пожалуй не только юридическая но и политическая или историческая.

Главным ресурсом существования непризнанных государств является их взаимодействие с сопредельными территориями, национальными государствами, наднациональными структурами международного сообщества, международными организациями.

Создание и существование непризнанных государств является ярчайшим примером малой эффективности региональных и международных институтов по регулированию конфликтов.

Непризнанность государства международным сообществом является правовой характеристикой его статуса. Такое государство лишено возможности активной экономической деятельности, заключения выгодных торговых контрактов, реализации совместных инвестиционных и инфраструктурных проектов. Непризнанное государство рассчитывает только на гуманитарную помощь международного сообщества; социальные и культурные проекты, сотрудничество с различными странами и регионами остаются в зачаточном состоянии. Поэтому политико-правовое признание какой либо территории напрямую обеспечивает ее существование и развитие. Размер контролируемой территории, число жителей имеют для непризнанных государств большое военное и политическое значение. Многие из этих государств смогли завоевать и удерживать значительные пространство лишь благодаря военной и экономической помощи сопредельных стран, союзников, вмешательства международного сообщества.

Часть непризнанных государств постепенно прекращает свое существование. Причины этого процесса разнятся: одна часть территориальных образований добивается своего признания, другая часть, которая не имеет перспективы признания и лишается помощи со стороны других государств или международных организаций, постепенно уходит в небытие.

За термином «непризнанные государства» можно сохранить адекватное значение, отсутствие правосубъектности, что вызвано геополитическими интересами держав-гегемонов, осуществляющих процедуру политической номинации.

Современный мировой порядок структурирован по принципу «глобального неравенства», контроля над институтами национального государства со стороны транснациональных корпораций и держав-гегемонов. «Непризнанные государства» являются следствием «эффекта бумеранга», они резонируются

в использовании квазигосударственных, традиционных и инновационных антиглобалистских интенций. Статус «непризнанности» дает определённую автономию во внешней политике, но это малоэффективно при включении в систему «ограниченных суверенитетов».

Непризнанные государства восполняют вакуум «нейтралитета», будучи не связанными блоковыми обязательствами и сохранением внутренней стабильности в условиях нестабильного мира.

Современный мировой порядок нестабильен, потому что исключает альтернативу «центрупериферии». Непризнанные государства демонстрируют сетевую политическую структуру, не включенную в системные международные институты, но имеющую влияние в региональных политических пространствах. Рано или поздно непризнанные государства могут на вполне законных основаниях в рамках раздельной компетентности концептуально и институционально участвовать в международных отношениях.

Для эффективности решения проблем непризнанных государств, вероятнее всего, следует разработать четкие международно-правовые критерии, при соблюдении которых, по истечении определенного срока, непризнанное государственное образование может рассчитывать на международное признание.

Представляется целесообразным изучение непризнанных государств в контексте тех конфликтов, результатом которых они, собственно, и являются. Такой подход позволит сократить до минимума издержки, связанные с научным анализом перспектив развития подобных государственных образований, сохранить контекст исследуемого феномена. Рассмотрения этнического или конфессионального конфликта, в рамках которого стало возможным появление того или иного фактически независимого протогосударства, позволит выявить индивидуальные особенности каждой конкретной ситуации, определить и спрогнозировать перспективы изменения статуса непризнанного государства.

Непризнанным государством желательно быть не очень долго. Если эта страна преодолевает это состояние быстро, то она, как правило, входит в число суверенных государств достаточно легко. Но если процесс затянулся, то дальше все зависит от совершенно случайных обстоятельств. В том числе от внешних партнеров или спонсоров, заинтересованных в том, чтобы новое образование стало суверенным. Если же никто особенно не беспокоится об этом, как, например, случилось с некоторыми непризнанными государствами

на территории Сомали, то их признание мировым сообществом становится почти невозможным.

Приднестровская Молдавская Советская Социалистическая Республика была провозглашена как советская республика в составе СССР на II Чрезвычайном Съезде депутатов всех уровней Приднестровья, состоявшемся в Тирасполе 2 сентября 1990 г.

5 ноября 1991 г. В связи с распадом СССР, ПМССР была переименована в Приднестровскую Молдавскую Республику, которое располагается на левом и правом берегах Днестра. Международным сообществом признается частью Молдавии.

Согласно административно-территориальному делению Молдавии, большая часть территории, контролируемой ПМР, входит в состав Молдавии как автономное территориальное образование, другая часть входит в состав Молдавии как муниципий Бендеры. Часть заявленной территории ПМР контролируется Молдавией, граничит с Молдавией и Украиной и выхода к морю не имеет.

Население составляет около 0,5 миллиона человек и состоит из молдаван, русских и украинцев примерно в равном соотношении, с русским языком межнационального общения.

Приднестровье провозглашено унитарной республикой с президентской формой правления. В 2011 году на президентских выборах победил Евгений Шевчук. По итогам выборов в парламент большинство мест получила партия «Обновление».

ПМР провозгласила независимость от Молдавской ССР в 1990 году на фоне событий «парада суверенитетов» и распада СССР, а после вооруженного конфликта, в 1992 году полностью отделилась от Молдавии. Молдавское государство до настоящего времени не признало независимость ПМР, поэтому вопрос о статусе данной территории остаётся нерешённым. С этого момента ведётся вялотекущий диалог по разрешению конфликта. Ситуация вокруг Приднестровья часто характеризуется как «замороженный конфликт».

Примерно аналогичная ситуация складывается вокруг десятка непризнанных государств мира. Международная обстановка, постоянные конфликты разного уровня возникают в этих государствах или в рядом расположенных странах. Именно поэтому назрела объективная потребность как-то закрепить в международном публичном праве статус подобных государств.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Непризнанные государства: возможности и вызовы XXI века // Мировая экономика и международные отношения. 2006. № 12.
- 2 Добронравин Н.А. Есть страны, которые держатся на честном слове // www.rosbalt.ru
- 3 Добронравин Н.А. Непризнанные государства в «серой зоне» мировой политики. – Санкт-Петербург, 2011. - 56 с.
- 4 Большаков А.Г. Непризнанные государства постсоветского пространства // Политэкс. 2013, № 6.

ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ПУТИ РЕШЕНИЯ СИРИЙСКОГО КОНФЛИКТА

КАНАПИЯ М.
студент
АЛТЫБАСАРОВА М. А.
научный руководитель

Ситуация в Сирии притягивает к себе внимание всего мирового сообщества. Сирийский конфликт стал частью международной политики. С 2011 года и по настоящее время Сирия находится в состоянии войны. Ряд источников считают, что Арабская весна только инициировала протесты, перешедшие в гражданскую войну. Основная причина, это старые проблемы Сирии, как недовольство населения социально-политической системой и авторитарным правлением Асада, в частности, доминирование алавитов во властных и военных структурах – в целом коррупция высших эшелонов власти, религиозные противоречия, курдская проблема и др. Сирийский конфликт – это набор всевозможных конфликтов: социальных, религиозных, внутривластных и внешнеполитического характера. Конфликтную ситуацию дополняет тяжелая экономическая ситуация в стране, высокий уровень дифференциации населения и, конечно, прошлый опыт «арабской весны».

Он начался с 26 января 2011 года гражданской войной или же по другому называют «арабской весной». Хронологически он начался с протестов в Западной Сахаре в октябре 2010 года, а фактически же он начался с протестов в Тунисе 18 декабря 2010 года после самосожжения Мохаммеда Буазизи в знак протеста против полицейской коррупции и жестокого обращения.

С успехом протестов в Тунисе волна беспорядков ударила Алжир, Иорданию, Египет и Йемен, а затем распространилась и на другие страны. Самые массовые и наиболее организованные демонстрации нередко происходили в «день гнева» – как правило, в пятницу после полуденной молитвы. Протесты также вызвали аналогичные беспорядки за пределами региона. «Мы, – заявил в середине сентября 2011 г. один из лидеров „Аль-Каиды“ Айман аз-Завахири, – на стороне арабской весны, которая принесет с собою подлинный ислам».

Несмотря на общность взглядов в отношении режима Башара Асада, внутри групп вооруженной оппозиции имеются принципиальные разногласия в том, что касается видения будущего Сирии после свержения существующего режима. Повстанцы начинали войну в надежде на демократичную и современную жизнь, тогда как джихадисты и отряды Аль-Каиды, многие из которых – иностранные наемники, воспользовались ситуацией, чтобы продвигать идею установления в стране фундаменталистского исламского режима на основе шариата.

Продолжающиеся в стране беспорядки отрицательно влияют на сирийскую экономику. Сильнейший удар нанесен индустрии туризма, сократились инвестиции, экономике и инфраструктуре нанесен колоссальный ущерб. Многочисленные военные преступления против мирного населения, массовые убийства, обстрелы населенных пунктов. На территориях подконтрольных исламистам, действуют законы шариата, узаконено рабство, подвергаются гонениям религиозные меньшинства, а также разрушаются объекты культурного наследия.

Причины сирийского конфликта разделяют на внутриэкономические и внешнеэкономические религиозные противоречия: конфликт между суннитами и алавитами. Совершенно иного мнения о причинах конфликта другие исследователи сирийской проблемы. В основном внимание обращается на две причины: социально-экономическая и религиозная, и именно в их переплетении и заложены основы сирийского кризиса. Первая означает низкий уровень жизни и экономической ситуации в стране. Что касается религиозной причины – здесь дело обстоит намного сложнее. Основной причиной конфликта повстанцы считают такие хронические старые проблемы Сирии, как недовольство населения социально-политической системой и авторитарным правлением Асада, доминированием представителей алавитов (ответвление

шиитского направления ислама) во властных и военных структурах, в то время как большинство населения является суннитами.

К сожалению, один из наиболее вероятных сценариев – развал Сирии на автономные квазигосударства. Свои автономии могут провозгласить не только алавиты, но и друзы, сунниты и особенно – курды. Достижение компромисса – маловероятный вариант. Оппозиция в качестве основного условия прекращения огня называет уход Башара Асада. Для официального Дамаска подобное условие будет равносильно капитуляции. Зарубежные спонсоры сирийской оппозиции также заинтересованы исключительно в смене власти в Сирии, а не в мирном урегулировании. Компромисс вряд ли будет приемлем. Эксперты отмечают, что будущее Сирии может быть решено на американо-российских переговорах. Однако практика свидетельствует, что за последнее время переговорные процессы тоже ничего не дали.

Несмотря на попытки определить различные стороны сирийского конфликта, ситуация в Сирии остается неясной. Пока трудно сказать, чем именно закончится война в Сирии – есть признаки постепенного улучшения ситуации. Однако есть признаки и дальнейшего ухудшения обстановки. Так или иначе, но Сирия при любом исходе этой войны оказывается отброшенной в своем развитии на десятилетия. И если мировое сообщество не сделает вывод из данного конфликта, то «Арабская весна» может пойти дальше протаптывая себе дорогу и затягивая за собой одно государство за другим по этому же сценарию.

В данное время идут обстрелы со стороны сирийских оппозиционеров с террористическими группировками. Также президент Турции Эрдоган заявляет что режим Асада бьет под турком сирии, турки, а точнее туркмены узнают из новостей. Сейчас, в данное время, Турция вводит войска, как говорил Эрдоган: «спасти туркменов в Сирии», хотя сами туркмены а точнее турки Сирии готовятся против него самого.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Интернет ресурсы webkonsptkt.com. Конфликт в Сирии.
- 2 Чернышев К.Э. Гражданская война в Сирии: причины войны и пути решения кризиса. М., 2013, с.30.
- 3 Шурыгин В.В. Сирийский армагеддон. ИГИЛ. Нефть, Россия. Битва за Восток. М., 2015, с.288.

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯДАН МӘНГІЛІК ЕЛГЕ

МЕЙРАМГАЛИЕВА Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАППАСОВА Г. М.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінгі мемлекетіміз тәуелсіздік алған кезімізде де қазақ елі алдында үлкен міндет тұр – осы жағдайымызды ұрпақтан ұрпаққа табыс етіп, Қазақ елің мәңгілік ету.

Елдікті сақтау үшін де көп жақсы қасиет, сапалы әрекеттер қажет. Осы жөнінде белгілі ғалым Ә. Нысанбаев келешек ұрпақтың патриоттық сезімін арттыруда бүгінгі күні ғана толық жағдай туып отырғанын айта келе, «ұлтымыздың өзіне тән дәстүрлі дүниетанымын» шындаудың қажеттілігіне тоқталады. «Халқымыздың ынтымағын жарастырып, мемлекетіміздің іргетасын нығайтатың, сөйтіп, егемен елімізді әлемдік өркениет айдынына алып шығатын ақжелкен де, тіпті түбінде осы бүкіл қазақстандықтарға ортақ дүниетаным, ортақ менталитет болуға тиіс» [1]. Әрине, бұл дүниетаным – қазақ елінің дүниетанымы негізінде қалыптасуы даусыз қағида. Осы дүниетаным «...ел басына күн туғанда шешуші факторға айналып, елдің елдігін сақтауға бірден-бір жәрдемін» [1] тигізуі қажет. Мұнда, еліміздің әр тұлғасы өз жұртын шын сүйетін патриот болуы қажет деген ой.

Егеменді ел атанып, ел болуымыз оңайлықпен келген емес. Қазақ елінің рухани ішкі дүниесінде «ел болу», «елді сақтау» ұғымдары тереңнен орын алып, әр ұрпақтың осы ұлы іске өз үлесін қосуын қоғамдық талап екенін қазақ азаматы түсінгені абзал.

Егемендіктің, тәуелсіздіктің дүние жүзінде өзінің мағынасын тапқан белгілері бар. Кеңес дәуірінде басылып шыққан философиялық сөздіктерде «независимость нации» деген ұғымға анықтама таба алмаймыз. Ал «самосознание» деген ұғым бір адамның жеке басына қатысты бұрылып беріледі, «самосознание нации» деген ұғым тіптен жоқ. Бірақ бұл ұғымдардың энциклопедиялық анықтамалары берілмесе де, ғасырлар бойы көне түркі дәуірінен бастап 1986 жылдың желтоқсан көтерілісіне дейін осы қазақ елінің «мың өліп, мың тіріліп» тәуелсіздікке қол жеткізуді аңсап, тарихи жағдайларға байланысты қазақтың зиялы азаматтары өмірін қиып, болашақ ұрпағына осы еркіндікті өсиет етіп кеткен.

Егемендік ел құндылығы – елдік рух. Оны Ғ. Есім былай деп түсіндіреді: «Елдік рухы оянбай, елдің төл болашағы қалай

анықталмақ. Елдік рух экономикалық ұғым емес, ол халықтың мәдениеті, өркениеті, мемлекет болу қабілеті және ең бастысы, әлем елдері арасындағы бәсекеге барынша қабілетті елу елдің санатына енеміз деген ізгі ниетімізді саяси мақсатқа айналдырып отырмыз, бұл – Қазақ елі үшін ұлттық идея. Біздің әлемдік үрдістен кенже қалып отырғанымыздың басты екі себебі бар. Бірі – тарихы, екіншісі – соның нәтижесінде келетін технологиялық мәдениеттің, өркениеттің сапасында. Алайда, алғашқы тарихи себептің мәнісі социализмде болып, содан шыққанымыздан, ол заманда әр елдің болашағы есепке алынбады. Социализм үнемі макроәлемдік саясат жағында болады. Әлемге империя болып өктемдік жасалған коммунистік рух деген болды. Бүгінде дағдарыс мәселенің ақ-қарасын аша бастағанда әр ел өзінің болашағын, әрине, әлемдік контексте анықтай алуға мүмкіндік туды» [2].

Елдік рухпен қоса жүретін ұлттық құндылықтар жетерлік. Осында жалпы елдің және әр адамның рухани өмір сүру қағидалар жиынтығы.

Сонымен қатар, ел арасындағы бірлікті насихаттайды. Келесі елдіктің нақты мазмұны – ұлттық намыс, патриотизм, басқа халықтарға ұлттық намысын жібермеу, елдің ішкі және сыртқы саясатын үйлестіру жолдарын белгілеу.

Білімнің нәтижесі – дамыған экономика. Тәуелсіздік экономиканы қарыштап ілгері дамуына әкелді. Қазіргі Қазақстанның экономикасы аралас түрінде дамып жатыр. Нарықтың секторының алғашқы даму сатысы жүріп жатыр. Осы кезде адамдардың «ішкі құдайын» ұмытып немесе сыртқы дәстүрді ғана ұстанып, алдында айтылған адамгершілікке жат қылықтарға баруы қоғамда кездеспей тұрмайды.

Сондықтан, елдіктің талабында бірлік түбі – адамгершілік деген қағиданы ұстануымыз қажет.

Бұл жөнінде тарихи тәжірибеге жүгінсек, кеңес дәуірінде де белгілі идеология қоғам мүшелерін партия басшылық арқылы біріктіріп, өзінше қойылған стратегиялық мақсатқа жетелеуде бірін-бірін тәрбиелеуге, әрекетінде – қадағалауға, бақылауға дейін барған.

Елдіктің кепілі – дұрыс басшылық жүйенің болуы. Елдің бірігуін ұйымдастыру формалары да болуы тиіс. Қазіргі кезде де бұрынғыдан қалған «партия жолы» орын алуда. Соған қосымша, Кеңес дәуіріне дейін төл қазақ ортасында қалыптасқан «Билер кеңесі» және т.б. қоғамдық үлкен сенімге ие болатын ұйымдар тууға мүмкіндік қарастырылуы қажет. Ел болу үшін әр деңгейлі

қоғамды даналыққа жеткен адамдар басқаруы тиіс. Дана билеуші – жан-жақты жетілген, парасатты, ақылды, адамгершілігі мол, білімді (Әл-Фараби), ішкі рухани дүниесі бай, өзін әрқашанда жетілдіру жолында жүрген (А. Иассауи), адамдық қасиеттері мол «толық» адам (Абай). Әр әлеуметтік топтың басында осындай тұлға тұрса, сол топ мүшелері де соған ұқсауға тырысады. Ал билеушінің барлық әлеуметтік топтағы мүшелердің қамын бірдей қарастырмай, алалау, өзіне жақын адамдарға ғана жағдай жасап, қалғандарға селсоқ қараса немесе қысым көрсетсе, ондай кіріптар адамдар қоғамды жоғары деңгейге көтерудің орнына, ел арасында тартыс, қарым-қатынас мәселесін шешу деңгейіне түсіріп, үлкен іске қол жеткізбейді. Әр адам – қоғам мүшесі. Оның ішкі дүниесі мен сыртқы дүниесі тең, психологиялық «ауасы» таза, еңбек ақысы істелген жұмысына сай болса, ол адамның қоғам дамуында үлесі зор болатыны анық.

Ел билеуші адамшылдық, тазалық, адалдықты ұстаным ретінде қабылдауы керек. Билік ететін көшбасшының әділ, оқыған, кез келген істі тез бітіретін, жауапкершілігі зор болуы керек, сонымен жан-жақты, «кәсіби жоқ жұмыссыз жүрген адамға жұмыс тауып беріп, оларды жалыныштықтан құтқаруы керек», – дейді. Осы орайда «жалаңаштарды киіндірген, аштарды тойғызған» Күлтегін образы ойға келеді. Елім тыныш ұйықтасын, ынтымақ болсын деп төрт ұйқысын төрт бөлген Күлтегіннің барлық мақсаты – халықтың еркіндігі, бас бостандығы болатын.

Билеуші даналығына назар аударып отырғанымыз, қоғамның, елдің ұйытқысы болатын адам парасатты болуы тиіс. Бүгінгі Қытайдың экономикалық дамуы дұрыс қолбасшылық жасалып отырғаннан деп ойлаймыз.

Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегін Қытайдың ойшылдары «Мемлекет иелерінің даналық ережелері» деп немесе Үнді кемеңгерлері «Жайлы басшылық кітабы», ал басқалары «Патшаларға кеңес кітап» деп тегін атап отырған жоқ. Аталмыш еңбектерден қай бағытқа болмасын жол бастайтын ұлағатты ойлар мен шынайы көмек болар жолдарды аңғаруға болады.

Тәуелсіздік әкелген жақсылықтарды саралай келіп, осы бір қасиетті атауға дақ түсірмей, әр тұлғаның ұлтжанды, адал азамат болса деген тілектеріміз көрініс білдіреміз.

Саясаттану ғылымда ұлттық идеяға деген бір қатар шартты талаптар бар. Олар:

1 Ұлттық идея ұлт үшін табиғи құрамдас, оған тән, яғни ойдан шығарылмаған, қандай-да болсын күшпен танылмаған, ұлттық нақты болмысынан туындаған болуы керек.

2 Ұлттық идеяның екі топтамадан тұруға тиіс сипаттамасы туындайды: бірі – ұлттық идея мәңгі, тұрақты, тұрлаулы, өзгеріссіз көрінетін құрамы, ал екінші – дамуға, өзгеруге, тарихи жаңа мазмұнмен толығуға қабілетті құралы.

3 Қазақтар Қазақстандағы барлық этностық топтардың мүдделерін осы топтарға нұсқан келтірместен жүзеге және іске асырудың бүкіл толық жауапкершілігін өз мойнына алған жағдайда, қазақстандық қоғамның қазақ халқының төңірегіне топтасу мүмкіндігі туындауы.

4 Ұлттық идея адамзаттық жиынтық болмысынан даралап тұратын өзінің ерекше ұлттық мазмұнына ие бола отырып (ұлттық идея бойынша өзгелер нақ осы ұлттың мәнін таниды), бір мезгілде дәл осы ерекшелігімен әлемдік қауымдастыққа кірігіп, өзі туралы осы қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде мәлімдейді.

5 Ұлттық идея өзінің кіршіксіздігімен, онда үміттің, тіпті арман көріністерінің бейнелеуімен қатар өзіне мемлекет, қоғам деңгейінен бастап жеке тұлғалық, әр адамның деңгейіне дейін Қазақстанның қызмет етуінің нақты іс жүзінде туғызуға қабілетті болуға тиіс. Мемлекет те, жеке адам да бұл ұлттық идеяны жүзеге асыра алатын болуы тиіс. Осы сипаттан карағанда, ел болу идеясы ұлттық идея болуға әбден лайық [3].

Елдіктің ұлттық идея бола алатын мағынасы Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші жолдарында анық ашылған: «Біз, ортақ тарихи біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» [4].

Елдіктің «ұлттық идея» категориялық ұғым ретінде осы жолдардан-ақ шығаруға болады:

1 «...еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам» - күшпен танылмаған қазақстандық ел екеніміз анық;

2 Ел болу ұлттық идеясының 2 бөлігі де айтылған: тұрақты, тұрлаусыз, өзгеріске жатпайтын қағида – «байырғы қазақ жері», «қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілік», «егемендік құқық»; екінші бөлігі – дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілеу, еркіндік, теңдік және татулық мұраты» деген ұғымдар әрі қарай дамуға, өзгеруге, тарихи жаңа мазмұнмен толығуға қабілетті

Пока вы слышите какие-либо отличия, продолжайте работать над транскрипцией, пока не добьетесь ее правильного звучания. От вашего слуха зависит, сколько времени на это уйдет. Если у вас не получается различать аккорды, значит, они для вас чересчур сложны. Однако не стоит сдаваться.

Некоторые люди быстро развивают свой слух, хотя, по моему мнению, большинству все же требуется намного больше времени и сил, чтобы достичь подобных результатов. Я считаю, что владение аккордовым инструментом (пианино или гитарой) помогает научиться понимать аккорды и слышать их.

В начале моей карьеры мне нравились приятные звонкие аккорды типа 7#9, однако я совершенно не понимал, как определить их на слух. Играя на гитаре на протяжении нескольких лет и используя постоянно подобные аккорды, я уже ассоциировал игру 7#9-ми с получающимся особым звучанием. Теперь стоит мне услышать 7#9-ый в исполнении кого-либо, я сразу же распознаю его, как хорошего знакомого.

Я думаю, что почти любому человеку под силу научиться так же легко обращаться с аккордами, но большинству из нас придется потратить годы на игру, практику, прослушивание и, безусловно, подбор, мгновенно это не произойдет.

Чтобы уметь легко транскрибировать, следует хорошо разбираться в музыкальных стилях. Если вы много играли в том стиле, в котором написана транскрибируемая вами композиция, то вам будет намного проще разобраться в ней.

Расскажу забавную историю: в мои 15 лет, когда я практически ничего не умел, я попробовал снять песню Чарльза Мингуса «Jelly Roll» с его альбома «Ah Um». Сейчас, когда я ее слушаю, я понимаю, что она написана в стиле блюз (14-ти тактовый, кажется), но в то время я этого не знал. Я усиленно прислушивался к партии пианино, чтобы распознать аккорды.

Однако я не знал, что этот стиль музыки предполагает игру пианистом правой рукой множества разных нот, которые, разумеется, не образуют аккорд.

При базовой гармонии, к примеру, C7 почти любую ноту, кроме В, можно использовать для построения гармонии, которая подходит под этот стиль. Если этого не понимать, то попытка распознать аккорды по тому, что играет пианист правой рукой, не увенчается успехом (начинать мне нужно было с басовой линии).

В результате у меня была правильная мелодия, но взятые мной обозначения аккордов были совершенно неправильными и бесполезными. Я не считаю, что потратил время зря. Вам стоит понять, что первые попытки могут быть неудачными, но все с чего-то начинают, и при хорошей настойчивости вы будете получать все лучшие и лучшие результаты.

Пластинка

Это как возвращение в каменный век. Она не позволяет зациклить нужную часть, установить проигрывание с нужного момента. Для поднятия иглы и ее опускания назад без повреждения записи требуются свободные руки.

Этот метод транскрибирования предназначен для героев. Хотя при наличии проигрывателя со скоростью 16 об/мин. вы можете замедлять музыку, что помогает расслышать сложные фрагменты. В некоторых проигрывателях (к примеру, Garrard 401) реализована возможность тонкого контроля скорости, что пригодится при настройке звучания.

Кассета

Существенным продвижением вперед и часто использовал плеер для подбора. Преимущества этого способа заключаются в портативности, счетчике ленты, который, несмотря на неточность, все-таки позволяет понять, в какой части композиции вы находитесь, легком управлении проигрыванием (кнопки старт/стоп/перемотка).

Есть возможность многократного прослушивания одной и той же части посредством нажатия кнопки перемотки во время проигрывания, что весьма удобно. Замедлить невозможно, но если бы мне это очень понадобилось, я мог бы скопировать часть на катушечный магнитофон, а потом обратно на кассету на 1/2-ой скорости, после чего моя кассета содержала бы две версии, на нормальной и на половинной скорости.

CD/MiniDisc

Наконец-то обнаружили (в Перуанских джунглях, далеко в Андах) и приручили «цифру». В этих устройствах реализована возможность точного определения тайминга с первого раза, что существенно упрощает нахождение нужного момента.

Более дорогие модели оснащены заикливанием (лупом), а в некоторых можно даже настраивать звук и скорость. Если вы подобрали правильную модель, то она принесет существенную пользу при снятии.

Программы-помощники для транскриптора

Многие современные настольные компьютеры могут записывать и проигрывать аудио материалы, а множество компьютерных программ могут оказать ощутимую помощь в деле транскрибирования музыки. Вы, наверное, знаете, что мы (Seventh String Software) продаем одну из них, которая называется Transcribe!, а ссылки на другие вы можете найти здесь.

Программы подобного типа предлагают возможности, которые ограничиваются только фантазией программного дизайнера (и, естественно, техническими возможностями). Зачастую они позволяют устанавливать несколько точек лупа, делают возможной регулировку звука и замедление музыки без искажения высоты.

Transcribe!, помимо всего прочего, способен анализировать звук и предлагать возможные варианты звучащих нот, и, безусловно, аккордов. При некоторых обстоятельствах это может быть весьма актуально.

Программы для автоматической транскрипции

Большая часть программ с претензией транскрипции после обработки аудиофайла выдают MIDI или музыкальную нотацию. У меня вызывают восхищение их героические попытки, но, по моему мнению, их польза сомнительна.

При обработке музыки, в которой несколько инструментов одновременно играет множество нот (т.е. практически любой музыки!) они делают столько ошибок, что сложно понять, в чем их польза. Ссылки находятся тут, но рассматривать их мы не будем.

Транскрибирование

Прежде всего, попробуйте отыскать готовые ноты! Некоторые не советуют так делать, объясняя все пользой от транскрибирования. Я согласен, что умение снимать музыку приносит пользу, но если вам вообще свойственна хоть какая-нибудь музыкальная активность, то вы всегда будете знать, что хотите сыграть, но при отсутствии нот, полагаю, следует поберечь свои силы для них.

Кроме того, как я уже говорил выше, при вслушивании в понравившуюся вам музыку вы заметите, что в нотных листах порой пропущены некоторые нюансы, которые приносят изюминку в записи. Так что в результате вы все равно будете вынуждены что-нибудь подбирать, а готовые ноты можно использовать как отправную точку.

Определите структуру песни — куплет, припев, бридж и пр. Даже если вам не нужно подбирать всю песню, полная схема может быть весьма полезной, поскольку если у вас не получается расслышать аккорды в какой-то момент, то, зная, что подобная структура встречается еще где-нибудь в песне, вы можете прислушаться — возможно, там вы найдете все то же самое.

Поэтому при прослушивании песни обращайте внимание на такие тонкости. Например, при использовании CD-плеера вы можете расписать секции на бумаге с указанием времени начала секции, чтобы потом снова их находить. Transcribe! И некоторые другие софты позволяют выставлять маркеры.

Подбор музыки можно сравнить со складыванием пазла. Когда вы начинаете собирать пазл, сначала вы берете простые фрагменты. Когда они заканчиваются, вы рассчитываете, что сложные фрагменты сами встанут там, где нужно.

Аналогично начинайте транскрипцию с моментов, которые легко определяются. Зачастую это любые хорошо слышимые инструменты, которые играют на одной ноте (включая вокал). Как правило, разобрать составные ноты аккорда довольно тяжело, поэтому не начинайте с них, приступайте сначала к мелодии. Зацикливайтесь по фразе за один раз, проигрывайте ее до тех пор, пока не определите ноты. Записав их, продолжайте дальше.

После этого возьмитесь за басовую партию. В случае ее неясного, нечеткого звучания поднимите ее высоту: в Transcribe! и других программах реализована возможность поднятия высоты на октаву без ускорения записи. Это сделает басовую линию более разборчивой.

Бас-партия окажет ощутимую пользу, когда вы начнете подбирать аккорды, поскольку басисты, как правило, играют опорную ноту аккорда, либо 3-ю, либо 5-ю ступень, поэтому, зная басовую партию, вы сможете лучше определить, какие аккорды играют.

Не забывайте, при возникновении сложностей стоит послушать другие места в композиции с такой же последовательностью.

Теперь настал черед гармонии. Это наиболее сложная часть, поэтому будем разбираться с ней постепенно, шаг за шагом. Выберите какую-либо ноту, которую вы можете определить в аккорде (зачастую проще расслышать верхние ноты), поэтому запишите любые ноты, которые вы услышали в аккорде.

Как правило, в гармонии используется «голосоведение», при котором вы слышите отчетливую ноту («голос», это может быть не только вокал, а любой инструмент) в гармонии, которая переходит в следующую ноту выше или ниже либо не изменяется при смене аккорда. Они зачастую легко определяются, поэтому подберите и запишите их.

После того, как подберете все отдельные ноты, которые сможете, приступайте к определению аккордов. Тут многое зависит от вашего опыта и знания музыкальных стилей. Достаточный опыт в нужном стиле подскажет вам, какие виды аккордов и аккордовых прогрессий встречаются в нем наиболее часто.

Басовая линия, мелодия и ключевое звено гармонии, уже подобранные вами, помогут вам ограничить подходящие варианты, и вы сможете исполнить возможные аккорды на инструменте, чтобы проверить, подходят ли они.

Однако, если это альтерированный доминантаккорд, о котором вы ничего не знаете, то вам будет непросто, хотя вы все-таки можете

найти что-нибудь подходящее, даже не зная при этом его названия. Играя отдельные ноты на инструменте, и слушая в то же время аккорд на записи, вы облегчите себе этот процесс.

Сыграли «до», подходит? До-диез? Ре? Если вы найдете подходящую ноту, то она наверняка будет являться частью аккорда. Спектральный анализатор Transcribe! существенно поможет вам в этом.

Вот рекомендация, воспользовавшись которой, вы сможете легче определить правильную тональность композиции. Это может приводить к дополнительным сложностям, поскольку во многих песнях первым аккордом определяется и тональность, зачастую это не так.

Обратите внимание, наоборот, на окончание композиции. Доиграв до конца, насвистите заключительную часть «Shave and a haircut» как указано ниже: (тут она написана в до-мажоре):

Просвистывайте ее в той тональности, которая подходит в плане звучание под произведение. Требуемая тональность является последней нотой финала «Shave and a haircut». Этот способ действителен для мажорных тональностей.

Для минорных тональностей зачастую нужная тональность определяется начальным аккордом мелодии при условии, что в названии нет слова «Autumn» (к примеру, Autumn Leaves, Autumn in New York).

Однако минорный аккорд в самом начале произведения еще не свидетельствует о том, что он написан в минорной тональности — например, песня «It don't mean a thing» начинается с Gm, однако написана она в си-бемоль мажоре, что определяется с помощью теста «shave and a haircut».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Ушаков. Методы по транскрибированию музыки. Новосибирск. 2014г
- 2 Меланова. Тринкриб. Москва.2000 г.

ТВОРЧЕСКОЕ САМОЧУВСТВИЕ НА ЭСТРАДЕ

ЖАРЫЛГАСОВА Н. Г.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АБДАЛИМОВА Ж. С.

преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Концерт – это музыкальный праздник, которого ждут, и к выступлению старательно готовятся. И, не секрет, что самая трудоёмкая и непростая работа пианиста осталась, скрыта от пронизательного взгляда слушателя. Участие в концерте и почетно, и ответственно. А особенно это касается не только учащихся музыкальных школ, но и студентов высших учебных заведений. Большинство слушателей, пришедших на концерт за эстетическим удовольствием получают огромное наслаждение от представленных пианистом произведений классической и современной музыки.

Одной из основных проблем при подготовке пианиста к выступлению, является его психологическая готовность. Вряд ли найдётся хоть один артист, ни разу не пострадавший от отрицательных форм сценического волнения. Выступление на сцене – это сложный и тонкий процесс, который напрямую зависит от физического и морального состояния исполнителя. Ведь исполнитель – это прежде всего человек, который своими индивидуальными особенностями выполняет разные по сложности задачи.

Итак, какие же бывают виды сценического волнения и какие факторы являются основополагающими?

Нужно понимать, что творческое самочувствие на эстраде у исполнителя бывает разное. Одной из причин сценического волнения является чувство ответственности исполнителя за свое выступление, сопровождаемое мыслями «Что обо мне подумают, скажут?», «Как они оценят мою игру?», «Смогу ли я стать профессионалом?»

Пианисты, обладающие большим опытом выступления, знают, что одна из самых первых причин сценического волнения – боязнь музыканта забыть текст. Они волнуются, исполняя произведения публично, потому что боятся все забыть. А забывают, как правило, именно потому, что чрезмерно волнуются. Н. А. Римский-Корсаков часто повторял, что эстрадное волнение тем больше, чем хуже выучено сочинение. Но удивительным моментом является то, что потери текста на сцене не всегда связаны с некачественной

проученностью текста. Важное значение имеет подготовка к концерту, а также длительность самого концерта.

Успешному концертному выступлению способствует триединство физического, умственного и эмоционального состояния исполнителя. Выдающийся советский, пианист и педагог Натан Перельман однажды на уроке сказал своей ученице, имеющей хрупкое субтильное телосложение: «Музыкант – это в первую очередь, шахтёр, а уже потом волшебник и мыслитель». И с этими словами не согласиться нельзя: ни один исполнитель не обладающий крепкой формой, тренированными мышцами и физической выносливостью не добьётся высоко звания профессионала высокого уровня. Сценическое волнение проявляется в разных видах и формах. Оно может обнаруживаться в виде страхов, панического состояния, может трансформироваться в подавленное расположение духа, апатию, безволие, неверие в свои силы. В других случаях напротив, волнение вызывает в человеке празднично-приподнятые, возбужденно-радостные чувства. Волнуются практически все люди, выходящие на публику, но одни располагают достаточными волевыми ресурсами, другие по причине слабой воли – теряются. Большое значение имеет воспитание в учениках воли, ведущей к победе. Немалое число наших достижений на жизненном пути, в конечном результате – это победа над собой, над навыками преодолевать свои слабости, какие-то природные несовершенства.

Главным стрессом для них является зрительный зал, осознание того, что каждое их действие прослеживается и оценивается другими людьми. Поэтому возникают трудности психологического порядка. Зачастую публичное выступление становится настоящим испытанием «на прочность» даже у концертирующих исполнителей, не говоря уже об учащихся ДМШ. Подготовка ученика к сцене должна вестись уже на начальном этапе обучения. И педагог, и ученик должны быть уверены в том, что пьеса полностью готова.

Волнение у многих учащихся может проявляться в 2-х направлениях:

1) способствует более яркому исполнению, то есть могут играть даже лучше чем в классе.

2) волнение вызывает отрицательную реакцию. Учащийся начинает играть более сухо, формально, иногда, даже неряшливо, постоянные запинки и остановки, даже пропуски целых эпизодов.

Вот с такими проявлениями педагог должен постоянно вести борьбу. Прежде всего, никогда нельзя выпускать учащегося

с сырыми и не доработанными произведениями. Но также преподавателю нельзя постоянно заострять внимание на проблеме волнения, нужно настроить, мобилизовать его волю на раскрытие исполнительского замысла. То есть те чувства, ту мысль, которую хотел передать сам композитор этого произведения.

Полезно продумать количество публичных выступлений, так как чем больше выступаешь, тем меньше волнуешься. Участвуя в разных мероприятиях, концертах, лекториях, у ученика вырабатывается уверенность на сцене. Можно играть дома, перед родными и близкими друзьями. И нельзя забывать, что работа на концертным репертуаром должна вестись постоянно. У пианиста с большим концертным репертуаром, быстрее развивается память, пианизм, выдержка.

Педагогом должна быть проделана работа по объединению нескольких произведений в концертную программу. Учащийся должен настроится на каждое произведение. Порядок произведений нужно определить заранее, затем выстроить форму выступления, ощутить ту самую связь между ними. Много замечаний перед выступлением делать не желательно, педагог должен обратить внимание на крупные недостатки, чтобы не рассеивать недостатки учащегося.

В своей книге «Об искусстве фортепианной игры» Генрих Нейгауз говорил: Предпосылкой свободы является УВЕРЕННОСТЬ, то есть надо прежде всего упорно добиваться именно ее. Многим неопытным играющим свойственна робость, некая «фортепианофобия», выражающаяся в том, что они часто берут не те ноты, которые нужно, делают много лишних движений, легко бывают скованны, не умеют пользоваться естественным весом руки и предплечья (держат руку на весу, «в воздухе»), – в общем, проявляют все признаки неуверенности с ее неприятными последствиями. Как бы ни казалось, что эта уверенность чисто физическая, двигательная, верьте моему опыту: она всегда, прежде всего психическая – или чисто музыкальная, или это свойство характера («конфузливость», неопределенность, нерешительность ...) Человека, в котором глубоко гнездятся эти недостатки, невозможно научить хорошо, играть одними только, пусть даже самыми лучшими и верными, техническими приемами; надо, уж если он должен быть пианистом, параллельно с воздействием на его «физику» воздействовать также на ПСИХИКУ, то есть попросту по мере сил перевоспитать его.

Невозможно не согласиться с вышесказанным Нейгауза о роле психики у пианистов. При хорошем физическом и психологическом самочувствии и готовности исполнительского аппарата у пианистов возникают особые физические ощущения в руках, кистях и пальцах, которые характеризуются особым ощущением клавиатуры. Пианисты говорят о «легких» пальцах. Опытные педагоги рекомендуют запоминать, записывать и проговаривать эти ощущения, чтобы иметь возможность лучше вспоминать их перед выступлением и воссоздавать при разыгрывании перед выступлением. Внутреннее спокойствие и сосредоточенность – необходимое условие публичного выступления. Ученик должен быть убежден, что в предыдущей работе им всё сделано, выучено, обработано, все технические трудности преодолены. Поэтому с первых шагов необходимо развивать у учащихся самоконтроль и самооценку. Умение трезво и как бы со стороны услышать и оценить свою игру необходимо как в повседневной работе пианиста, так и в открытом выступлении. Необходимо приучать детей после выступления, прослушивания или просто «контрольного» исполнения, дома, взяв ноты, отметить удаchi и особенно недостатки исполнения, как бы наметив тем самым дальнейшие пути для работы. К. Таузиг, любил сейчас же после концерта вернувшись домой, проиграть всю программу внимательно, осторожно, очистить её от всех случайностей концертного исполнения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Генрих Нейгауз «Об искусстве фортепианной игры» (6 –ое издание)
- 2 Мастера советской пианистической школы // учебное пособие 1961., 214-215 с.
- 3 Мартинсен К. А. Методика индивидуального преподавания игры на фортепиано – М., 1977.
- 4 Дятлов Д.А. Фортепианная интерпретация как процесс // Известия Самарского научного центра Российской академии наук, т. 15, №2, 2013. – С. 247-248
- 5 Музыка П. И. Чайковский Вопросы интерпретации // сборник статей – М., 1991.

ҚОБЫЗ АСПАБЫНЫҢ ҚАЗАҚ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

ЖЕКЕМБАЕВА Ш. С.

студент, Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы қ.

СМАҚОВА З. Н.

доцент, Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы қ.

V ғ. астам тарихы бар еліміздің мәдениетімен өнерінің бет-бейнесі іспеттес, рухани қазынаға толы ұлтымыздың дәстүрлі музыка өнеріндегі бірден бір өнердің бір саласы – қобыз өнері. Еліміздің өткені мен бүгінін байланыстырған бұл аспаптың қазақ өнерінде алатын орны ерекше. Қобыз аспабы кешегі аталарымыз Қорқыт, Ықылас секілді өнер тарихында есімі алтын әріппен жазылған, бабаларымыздың бүгінге жеткен көзіндей.

Әл-Фараби жазған «Музыка туралы Үлкен трактат» – күрделі еңбекте сол кезеңдегі аспаптардың шығу тегі, эволюциялық дамуы, музыка мәдениетінің тұтастай дәстүр-дағдылары, оның ішінде орындаушылық өнер жайында толық түсінік беріледі [1,4 б.].

Қобыз үнінің төмендеп қайта жоғарылап дыбыс шығаруы – шектеріне саусақтың ұшын ғана тигізіп, керілген қылды ысқышпен үйкеп ысқылап тарту арқылы, ысқышты аспапқа «кіліп қойғандай» етіп көлденең ұстап ысқылап, сүйкеп-сүйкеп, көсеп-көсеп жібергенде флажолетті обертоны қою-қошқыл сазды мұңлы болып шығады.

Сондай-ақ қазақтан шыққан тұңғыш ғалым, аса көрнекті ағартушы, демократ, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық ой-пікірді қалыптастырушы Шоқан Уәлиханов (1835-1865) өзінің бірқатар еңбектерінде қыл қобыз аспабына да назар аударған. III. Уәлиханов қыл қобызды орындаушы үшін «қиын», сонымен бірге үні «жағымды» аспаптар тобына телиді [1,5 б.].

Саяхатшы-этнографтар: П.С.Паллас - «... ысқыш пен аспаптың ішегі жылқының қылынан жасалған еді. Бұл аспаптың дыбысы мен сыртқы көрінісі аққуды елестетеді» [1].

И. Гмелин – «дөңгелек, шұңғыл және бос ыдыс сияқты басы шүрең бейнелес»;

И. Г. Андреев – «скрипканың үлкендігіндей, бірақ бетінде қақпағы жоқ, жамықпен (ысқыш) ойналады»;

А. Левшин – «қырғыздардың (қазақтардың) ең басты музыкалық аспабы, ...қобыздың үнінен әр түрлі құстардың даусына еліктейтін табиғи өте ұқсас сарынды естідім» [2.104 б.].

Р. А. Преннинг – «...кішкене қоңыраулар, үлкенді-кішілі әріптер, қаңылтыр темірлер ілінген...»; III. Уәлиханов – «... мойны ішке қарай имек жасалған, ішекті басқанда оған жақындамайды, саусақ тек ішек үстінде жүреді. Жалпы алғанда, даусы мықты болмаса да ең күрделі сүйкімді аспап...» [4]. Осыдан қазақтың қобыз туралы өте көп деректер жазылғаны көрінеді.

Біреулер оны құс даусына ұқсатады: «– Оның даусы аспаптың шегін аттың жалынан керілген қылдан тартылған еспе ысқышпен үйкелегенде аққудың үніне ұқсас дауыс шығады» – дейді (П. Паллас) [1.4 б.]. Енді біреулер қобыз үнін адам даусына ұқсатады (Б. Сарыбаев) ащы, зарлы, өксікті үн шығарады деген де пікір айтады.

Ғалымдар Н. Финдайзин, В. Виноградов «қыл қобыз» терминін ысқы, тіл және шертпе әдістерімен орындалатын аспаптар тобына жатқызады, яғни бұл термин жалпы музыкалық аспапты білдіреді, ал оның түрлері, мысалы: қобыз, комуз, кобуз және басқа атаулармен кеңінен мәлім [1].

В. В. Виноградов ыспалы аспаптардың отаны – Орта Азия екенін, қазақтың қобыз осы күнгі виолончельдердің, скрипкалардың, альттардың арғы атасы екендігін айтқан.

Қай халықта болмасын өзінің атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақтап, қымбат қазынасына айналдырған ұлттық музыкалық өнері болады. Сан ғасырлар халқымызбен бірге жасасып келе жатқан рухани төл өнерімізде қобыз аспабының орны ерекше. Қобыз аспабын, қобыз күйлерін сөз еткенде күй атасы, қобыз атасы – Қорқытты алдымен ауызға аламыз. Ол киелі аспаптың үнінен мәңгілік өмір іздеп, халықтың мұң-шерін, зарын қобыз сарынымен жеткізе білген. Оның есімі шығыстану ғылымында да белгілі. Ол жалпы түркі тілдес халықтарына ортақ бірден-бір көне мәдени ескерткіш – «Қорқыт ата кітабы» жырының негізгі кейіпкері әрі авторы болып табылады.

Күй атасы Қорқыттан бері келе жатқан күй сазы ғасырлар үнін, өмір тынысын, халық арманын, мұң-шерін, қуаныш-күйінішін баяндайды. Аты аңызға айналған Қорқыттан бастап, өмірдің қыры мен сырын күй тілімен сөйлетіп кеткен халық композиторларының есімдері мен мұраларының ел арасында сақталып келуі – халқымыздың өнер мұрасының молдығын көрсетеді. Бағзы заманнан бастап ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан асыл қазыналарымыздың бірі – аты аңызға айналған Қорқыт ата күйлері.

Қорқыт ата күйлеріне терең философиялық тебіреніс, элегиялық көңіл-күй мен майда қоңыр лиризм тән. Күйшінің қобызы бірде тағдырдың қайғы-мұңын шертіп, ботадай боздайды, бірде мәңгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сызыла сұңқылдайды. Қобыздың дыбыс бояуы қоңыр, мұңды, кейде қайғыға толы адам дауысын елестетеді. Сонау VIII-IX ғғ. сазды әуеннің бас кейіпкеріне тоқталып кетер болсақ, Қорқыт ата – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы [3].

Қорқыт ата өмірде ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әр түрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде VIII-IX ғасырларда дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин “Жамиғ Ат-Тауарих” атты тарихи шежіресінде Қорқыт атаны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының “Түрік шежіресінде” оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде Қорқыт атаның зираты болғанын Ә. Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қорқыт ата 11 ғасырдың басында дүниеден өткен делінсе, Ә.Марғұланның еңбектерінде ол VII -VIII ғасыр аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады.

Біз қазақтың ұлы зерттеушісі Ә.Марғұланның пікірімен келісеміз, себебі тарихтағы ислам дінінің араб миссионерлер арқылы VII ғ. таралуы кезінде, қобыз аспабы қалыптасқан тұғын. VIII-XI ғ. арабтардың ұзақ кезең қазақ жерінде болғандары көптеген өзгерістерге әкеліп соқты, әскери науқан (Талас шайқасы), миссионерлік уағыздау, экономикалық шаралар. Сол кезде арабтар қазақ мәдениетін меңгеріп, осы қобызды өз елдеріне қолды қылды. VII-VIII ғ. Қазақстан жері және Орта Азия Араб Халифатына енді. Сол уақыттарда ежелгі түрік жазбамыз араб жазуына ауысып, философтар, ғалымдар және поэзия өкілдері араб оюларына көшті. Музыка тарихы әдебиетінде айтылғандай қазіргі таңдағы скрипка тәріздес аспаптар арабтың ребаб (2- ішекті) аспабынан пайда болған. Ал араб ребабы өзіміздің қазақ қобзынан бастау алған. Себебі, көп ғасырлар бойы қазақ жерінде болуы, екі мәдениеттің, атап айтсақ, қазақтың қобызы мен араб аспабының бір- біріне әсері орын алды.

Қазақ философиясы тарихында Қорқыт ата – ел бірлігін нығайтқан кеменгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны

бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қорқыт ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, [Абыз (адам)]. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра [4].

Түркі халықтарының фольклорындағы Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелердің бірі – «Аңыз», оның туылуына байланысты. Қорқыттың қырық жыл ғана өмір сүретіні аян болады. Осыдан кейін өзінің ең жақын, адал серігі - түйе Желмаясын желдей ұшырып өлімнен қашады. Қашқанмен Жаналғыш алдын орап, қайда барса Қорқыттың көрін қаздырып жатады. Бірақ, көпке дейін Жаналғыш Қорқыттың жанын алуға бата алмай, құр босқа төңіректеумен болады. Ақыры бір күні Жаналғыш алтыннан сандық соқтырып, Қорқыттың жанын алуға бел буып, сайланып шығады. Мұны күні бұрын болжап білген Қорқыт ажалдың тұзағына түспеудің амалын ойлайды. Күндердің күнінде Жаналғыш Қорқытпен бетпе-бет келіп: «кір мына сандыққа!» деп бұйырады. Қорқыт болса күні бұрын ойластырған амалына салып: «Кіруін кірер едім, бірақ мына қалпымда сандыққа қалай сиямын? Алдымен өзің кіріп көрсет, содан соң дегенің болсын!» – дейді. Сол жерде Жаналғыш сандыққа кіріп көрсетпекші болғанда, Қорқыт оны тарс жауып, аузын ашылмастай бекітеді де, дарияның суына ағызып жібереді. Жаналғыш сандыққа қамалған қалпы ағып кете барады. Сөйтіп, халық көпке дейін өлім дегенді білмей, шат-шадымен ғұмыр кешетін болады. Сол кезде дарияның аяғында ауы бос шықпайтын керемет бір ақжолтай балықшы болады екен. Бірде Жаналғыш қамалған сандық әлгі балықшының ауына түседі. Балықшы «бұл неғылған сандық» деп аузын ашқанда, ішінен долдана ақырып Жаналғыш шығады. Ашу үстінде көзіне көрінген балықшының жанын алады. Сонан соң, Қорқыттың жанын алу үшін кектенген қалпы іздеп кетеді. Ал, Қорқыт болса бұл кезде Жаналғыштың өкшесіне түскенін есіне алып, «андыған жау – алмай қоймас» деп мұнайып, сол көңіл күйін қоңырлатып қобзына салған екен [2,257 б.].

Қорқыт - түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыршылық өнерлерінің атасы болып табылады. Оның бүгінгі күнге дейін сақталып келген мынадай күйлері бар: «Қорқыт (1 түрі), (2 түрі)», «Желмая», «Тарғыл тана», «Елімай», «Ұшардың ұлуы», «Тәңірі күйі», «Жезтабақ», «Сырсандық», «Құс жолы», «Аққу», «Көк бұқа». Әр күйінің өзі терең философиялық түсінікті талап етеді [1, 255 б.].

Бүгінгі таңда аңыз адам Қорқыт атамыз туралы көптеген ескерткіштер сақталған. Соның бірі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт станциясының түбінде (1980). Авторлары – Б.Ә. Ыбыраев, С.И. Исатаев.[5]

Айтсақ артық айтқандық емес, кезінде әр түрлі заманауи өзгерістерге байланысты, жойылып кете жаздаған Қорқыт атамыздың аспабы ХІХ ғ. жаңарып қазақ музыка тарихына қайта енген. Оның бірден-бір дәлелі бұл аспап қазақ халқының тарихи-этникалық мәдениетінің көне көзі, рухани қазына мүлкі, эпостық және аспаптық музыкалық өнерін күні бүгінге дейін сақтап жеткізуші ұлттық мұра бола тұра, ол өзіне деген кертартпа ескілікті көзқарастан арылмай ақталмай-ақ қойды.

Кеңес заманының идеологиясына сәйкес А. Затаевичтің: «Әу бастан-ақ қобыз бақсының, бақсылық жасаудың құралы деген пікір қалыптасқан болатын. Сондай бір түсінбеушіліктің кесірінен қобыз жаңа заман көшіне ілесе алмай ескіліктің қалдығы саналып жоғалып, жойылып кетудің алдында қалды» – [4] деген пікіріне күмәнданамыз. Себебі, тарихта атақты қобызшылардың есімдері қалмады. Біздің көз қарасымыз бойынша, қобыздың түгелдей бақсылық, ритуалдық емге көшуі. Қобызда айнаның орналасуы, біздің әлем мен жоғарғы әлемнің байланыстырушысы деген пікір қалыптасты. Жай халықтардың өзі қобызда ойнауға қорқатын болған, олардың ойынша «қобыздың киесі ұрады» деп санаған. Сондықтан, ұзақ уақыт қобыз халық қолданысынан шығып кетті..

Қобыз ұстаған бақсылар-балгер, акын-жыраулар (қобыз аспабын синкреттік дәстүрде меңгергендер): Әли Шашақ бітікші (VIIIғ.), Баба Түкті Шашты Әзіз әулие (Қорқыт атаның заманында өмір сүрген), Нышан (Нысан) Абыз (VIII-X), Көкаман бақсы (XI), Мұңлық Ежесе (XII), Құба тегін (XII), Көкше бақсы (XII-XIII), Есей – бұқа(XII-XIII), Сары Салтық (Сары бақсы) (XII-XIII), Кетбұға Белгібайұлы (Серікбайұлы) (1150), Көкем бақсы (XIII-XIV), Беренде бақсы, Жарық (Ярук) бақсы, Барақ баба (XIV), Жалаледдин Руми, Сақи Жапар бақсы Сайлы, Баба-Саудани, Сыпыра жырау (XIV), Асан қайғы (XIV-XV), Қазтуған Сүйінішұлы (XV), Қойлыбай (XVI), Тілеп аспанайұлы (XVII), Жиёмбет Бортоғашұлы (XVII), Марғасқа (XVII), Құрманбай абыз, Сыбарбай абыз [4,16-22 б.].

Осының салдарынан ХХ ғасыр басында қобыз аспабына арналып шығармалар жазылмай сиреп ұмытыла бастады. «Әкеден балаға мұра» болып келе жатқан қасиетті өнеріміз, ұлттық салт-санамыз, отбасылық қобызшылық дәстүріміз үзіліп қалды.

Классикалық қобыз музыкасының аты аңызға айналған ең соңғы хас шебері ХІХ ғ. ортасында дүниеге келген Ықылас Дүкенұлы.

Ықылас арғы аталарынан қобызшылар атанған Дүкен қобызшының жанұясында дүниеге келеді. Бойында қанымен берілген музыкалық таланты бар, ол әкесінің тартқан күйлерін жастайынан бойына сіңіріп, құлағына құйып өседі және қобызда ойнауды кәсіби түрде үйренеді. Жасы он беске келген шамасында Ықылас қобызды толық меңгеріп, күйлер шығара бастайды. Қазақ халқының белгілі жазушысы М.Мағауин: «Қыл қобыздың пірі – Ықылас Түркі әлемінде теңдесі жоқ музыкант, ұлы тұлға» - деген теңеу айтып кеткен.

Қобыз ойнау өнерін өмірге қайта оралтып, «шаң басқан уақыт» пернесін ашуға жасалған шаралар мен ізденістер, талпыныстар болмай қалмады. Осындай істің басында бірегей ірі қобызшылар зор тұлғалы музыканттары болып Жаппас Қаламбаевпен (1909-1970) Дәулет Мықтыбаев (1904-1976) тұрды. Шын мәнінде осы екеуінің арқасында қобыз аспабының барлық құпиясымен қасиетінің, қыры мен сыры сақталып, өткеніміздің баға жетпес асыл мұрасын шашау шығармай, жоғалтпай бізге жеткізіп, жаздырып, қалдырып кетті.

Ж. Қаламбаев – 1-ші Республикалық орындаушылар слетінің қатысушысы (1934). Ол Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің құрылуына үлес қосқан және сол оркестрдің альт-қобыз тобының концертмейстері, жеке орындаушысы болып табылады (1934-1967) [6].

Қобызда ойнап ең алғаш рет концерттік эстрадаға шыққан, 1968 жылы Алматы консерваториясында ашылған қылқобыз сыныбына бірінші сабақ берген де осы екі тарлан.

Осындай ұлы тұлғалардан дәстүрлі қобызда ойнау өнерінің қыр-сырын қолма-қол, тікелей үйренген Ә. Жұмабеков, Б. Қосбасаровтар қазіргі кезде елімізде қобыз өнерін жалғастырып, жас қобызшы өнерпаздар дайындауда қомақты үлестерін қосып жүрген ұлағатты ұстаздар.

Ахмет Жұбановтың басқаруымен Андреев оркестріне сүйене отырып, ғылыми-зерттеу жұмыспен музыкалық-эксперименталдық шеберханада, В. И және Э. И. Романенколар, Қ. Қасымов музыкалық аспап шеберлері қобыздың түрлерін жасады, оркестрдегі қобыз дыбысы кеңейтілді [7,37 б.].

Құрманғазы атындағы оркестрінің репертуарын кеңейту мақсатында академиялық музыка бағыты таңдалады. Сол себепті қобыздың оркестрлік түрлері жобаланып, шығарылды. Қобыз

квинтеті: 1-ші, 2-ші қобыздан, альт және қыл қобыздан, баспен контрабас-қобыздан құрылады.

Тамаша тембріне және басқада табиғи саласына қарамастан қобызды халқымыздың өскелең жоғарғы музыкалық талғамына байланысты, оның кейбір бөлшектерін өзгертуіне тура келді. Осы уақыттан бастап қобыз-примаға тағы бір ішек тағылып, диапазоны кеңейтілді. Қобыз үш ішекті аспапқа айналды. Үш ішекті қобыздың дыбысы құлаққа жағымды және онда ойнау мүмкіндігі бұрынғыдан күшті, сонымен қатар, түрі де ойнауға ыңғайлы қалпына келтірілді [8].

Бұрын ысқышы садақ тектес болса, скрипканың ысқышымен айырбасталды. Тембрі түгелдей өзгеріп, бұрауы квартадан квинтаға көтерілетін болды. Қобыз-примаға бұндай өзгерістер оның дауысын күшейтіп үлкен залдарда, жеке ойнауға мүмкіндік берді. Онда бұрын тек, қазақтың халық әндері мен күйлері орындалса, енді қобыз репертуарында Батыс Еуропа, орыс классиктерінің, советтік композиторлары мен қазақстандық композиторларының шығармалары орын алды. Жалпы осы үш ішекті аспапқа айналғаннан соң, барып толық академиялық жолға түсті және де осы кезден бастап, қобыз фортепианоға қосылып, үлкен залдардың сахнасынан орын алды [9].

Қазіргі таңда халқымыздың ұлттық өнерін дамыту бағытында жаңа жобалар жүзеге асырылып, жақсы іс-шаралар өткізілуде. Еліміздегі арнайы балалар музыкалық мектептерінде, жоғарғы оқу орындарында қобыз аспабын оқыту әдістемесі бір жүйеге келтіріліп, оқытылуда, сонымен қатар осы аспапты үйренуге, оқуға келетін кішкентай бүлдіршіндер санының артуы – қобыз өнерінің болашағының жарқындығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда қобыз аспабын жетік меңгеру мақсатында Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында: қыл қобыз, бас қобыз, атап кеткендей сым-(прима) қобыз және альт-қобыз сыныптарында жоғарғы дәрежелі шәкірттер тәрбиеленуде.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, қазақ өнеріне шын жанашырлық танытқан жасөспірім ұл – қыздарымызды Б.Қосбасаров, Г.Ә.Молдакәрімова, М.Каленбаева, Ш.Рауандина, Ғ.Ә.Болтаева, А.Қарсақбаева, М.Медеубек, А.Тәжібаева ұстаздарымыз жоғарғы дәрежеде мамандандыру үстінде. Тарихы терең бұл аспап тындармандарын болашақта да қызықтырып, қуантары сөзсіз. Кешегінің көзі, бүгінгінің сөзі болып жүрген төл өнерімізге тек тегеурінді, мықты болашақ болғай.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уразалиева-Шілдебаева «Ғасырлармен үндескен қобыз» Астана, «Елорда» баспасы 2006 ж.
- 2 Сейдімбек А. «Қазақтың күй өнері» Астана, «Күлтегін» баспасы, 2002 ж.
- 3 Энциклопедиялық жинақ «Қорқыт ата» Алматы, 1999 ж.
- 4 Сейтқ ж.
- 5 www.tarih.spring.kz
- 6 Жумалиева Т., Ахметбекова Д., Қоспақов З. «Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы» - Алматы, 2005 ж. - 486 б.
- 7 Б. Гизатов «Казахский оркестр имени Курмангазы» Алматы, «Гылым», 1994 ж.
- 8 Сарыбаев Б. «Қазақтың музыкалық аспаптары» Алматы, 1978ж. 29 б.
- 9 Курумбаева А.Т. диссертациялық реферат «Қобыздың шығу тарихы мен өсу жолдары және онда ойнаудың ерекшеліктері» консерватория архиві 1986 ж.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

ЖУМАШЕВА А.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АНИШЕВА Г. М.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Музыка әлемі – адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Музыка да адамның асқақ, асыл ойлары, арман-мақсаты, ізгі тілектері, қуанышы, қайғы-қасіреті мен әр түрлі сезім иірімдері бейнеленеді. Музыканың адам жан-дүниесіне тигізетін әсері орасан, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы ғана түсінуге болады.

Қаншама ғасырлар бойы жинақталған музыкалық қазына- ұшы-қиыры жоқ, аса мол мұра. Әлемдік музыка қорына әр халық, ұлт өзіне тән өрнекпен өлшеусіз үлес қосып келеді

Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны анық.

Қазақтың біртуар тұлғасы Мұхтар Әуезов еліміздің музыка өнері жайында «Қалың қазақ елі тартқан сыбызғыдағы салқын

саз, қобыздағы қоңыр күй, домбыраның да екі ішекті ғана емес, әдейі күйге арналған үш ішекті тіліне оралған көп күйлердің ескі-жаңасы тегіс – тарих үшін елжулі бұйым» деген екен. Расында да, қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі халқымыздың бітім-болмысы, тыныс-тіршілігі мен шежіретарихын айқындайтын бірегей мәдени мұрасы. Бұл халқымыздың дәстүрлі музыка өнері атадан балаға мирас болып, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан рухани-мәдени байлығы.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының шығу тарихы сонау ықылым замандардан ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің тарихи зерттеу-жазбаларынан бастау алады. Заман ағымына байланысты аспаптар өзгеріске ұшырап, бірде шарықтап, бірде ұмыт қалып жатты. Уақыт өте келе оның қайта жандануына Шоқан Уәлиханов, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан, секілді өзге тағы басқа ұлт жанашырлары ықпал етсе, қазақтың тұңғыш аспаптанушы ғалымы Болат Сарыбаев үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Музыкалық аспаптар этно-археологиялық және тарихи-этнографиялық тұрғыда зерделенгенде олардың дыбыс шығару қасиетімен қоса, халық болмыс-салтымен бірге қалыптасқан тұрмыстық құрал ретіндегі ерекшеліктері айқындалды. Одардың басым көпшілігі әу бастан музыкалық аспап ретінде емес, тұрмыстық деңгейде қолданылған құрал, бұйым ретінде пайда болған. Бертін келе олар түрлеріне қарай бөлініп, соқпалы-шулы, сылдырлы, үрлемелі, ыспалы, ішекті-шерпелі, көп ішекті, ұрмалы аспаптар болып жіктелді.

Көне музыка аспаптарының табылуымен байланысты музыка мамандарының алдына жаңа міндеттер жүктелді. Ол міндеттер көне аспаптарды жетілдіріп жасап шығару, орындаушыларды тәрбиелеу, түрлі ансамбльдер ұйымдастыру, т.б. Қазақ музыка аспаптарының үнін жақсарту мақсатымен 1932 жылы Алматы қаласында, 1947 жылы Осакаровкада, 1957 ж. Алматы консерваториясының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) жанынан шеберханалар ашылды. Қазақтың халық аспаптар оркестріне домбыра мен қобыздың алғашқы үлгілерін (жаңадан жасатып) ұсынған профессор А. Жұбанов болды. Музыкалық аспап жасау шеберлері Оразғазы Бейсембайев пен Абузар Аухадиев көне аспаптардың біраз түрлерін жаңартып жасап шығарды. Шеберлер Қ. Қасымов, А. Ермаков, Э. И. Романенко, О. Бейсенбаев, А. Ауқадиев, т.б. музыкалық аспаптардың алғашқы үлгілерін жасады. Жетігенді, шертерді, үш ішекті домбыраны, сыбызғыны, шаңқобызды, қылқобызды, асатаяқтың көптеген түрлерін меңгеріп ансамбльге қосып, жеке ән-күй орындап жүрген

жас музыканттарымыз да бар. Орындалатын көне күйлердің кейбірі халқымыздың өткендегі тұрмыс салтын, табиғатын бейнелейтін, осы күнге дейін ұмытылып қалып тартылмай келген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан энциклопедиясы, VI-том
- 2 Закс К., Современные оркестровые музыкальные инструменты, пер. с нем., М., 1932.
- 3 Вертков К., Благодатов Г., Язовицкая Э., Атлас музыкальных инструментов народов КСРО, Л., 1964.
- 4 Сарыбаев Б., Қазақтың музыкалық аспаптары, А., 1978.

КЛАССИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ БАЯННА ЛАЙЫҚТАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

ЖҰБАНОВ Ғ. І.

студент, Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы қ.

СМАҚОВА З. Н.

доцент, Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы қ.

Әлем музыка мәдениетінде сан ғасырлар ішінде музыкалық орындаушылық өнерін үлкен биік шыңдарға жеткізген, және де үлкен ықпалын тигізген музыкалық шығармалардың бүгінгі күнге дейін атқарған рөлі өте көп. Орындаушылық мәдениет өнерін қазіргідей биік шыңдарға жеткізген шығармалардың түр – түрі сан алуан. Олардың түрлері: формасы мен жанрларынан бастап, характері мен орындаушылық мәнерлеріне дейін әртүрлі. Мысалға: фортепиано орындаушылық өнеріне ықпалды түрде үлесін қосқан атақты композиторлар: К. Черни, Ф. Лист, М. Клементи, Ф. Шопен сияқты даңқты, әйгілі музыканттардың рөлі шексіз. Өз кезеңімен салыстырғанда орындаушылық өнерін ана-ғұрлым есе үдетіп, қиындатып, орындаушылық өнерге жаңадай дем берген. Олардың еңбектері фортепиано репертуарында әлі күнге дейін ең жоғарғы орындаушылық шеберлікті талап ететін шығармалардың бірі болып есептелінеді. Соларға қосыла XX ғ. басынан бастап жалғастыру үстінде: Л. Годовский, В. Горовиц сияқты атақты орындаушылардың фортепиано аспабына жазған транскрипция-еңбектері бүгінгі күні әлемге әйгілі және де қазіргі А. Володось сияқты даңқты виртоуз фортепиано аспабының орындаушыларының концерттік репертуарынды орындалады [12]. Қазіргі заманауи орындаушылар

осындай ізденуші – композиторлардың шығармаларын өз концерттік репертуарларына қосып, сонымен қатар өздерінің орындаушылық шеберлігін тындармандар қауымына кеңінен танытады. Шығармалардың өздерінің белгіленген категориялары бар. Бұл шығармаларды мәнеріне, рөліне байланысты өздеріне атау берілген: транскрипция, аранжировка, обработка, переложение, фантазия, парафраз атты т.т. осындай түр-түрлерге бөлінеді [17]. Осы шығармалар тек фортепиано репертуарына ғана әсер етпей, басқа аспаптық өнерге де кеңінен жайылып, тығыз әсерін тигізген. Соның бірі аккордеон мен баянда орындаушылық өнері. Өнер сүйер қауымға кеңінен белгілі ақиқат, баянның орындаушылық өнері, конструкция жөніндегі эволюциясы, репертуарлық байлығы I ғасырға жетпес уақыт ішінде дамып, фортепиано, орган, скрипка сияқты аспаптардан ғылыми-ізденушілік, репертуарлық байлық, орындаушылық деңгейден қалыспай, солармен бірге ілесе жөнеліп жоғары биіктерге көтерілді. Қазіргі XXI-ғ. басында баян аспабы әлемге кеңінен таралған және дамыған аспап болып қалыптасты. Бұндай аспапқа өзінің шығармашылығын атақты: С. Губайдулина, Р. Леденев, Е. Подгайт т.б. композиторлар арнады [13]. Бұл феноменге біз өзіміз керемет, мықты белсенді музыкант Ф. Липс, В. Семенов сияқты баян аспабының мықты майталман орындаушы-профессорларына қарыздармыз. Одан бөлек фортепиано аспабының репертуарларын баянға түсіріп, өндеп баяншы-орындаушылар, тындарман қауымды жаңа репертуарға бағытын бұрды. Қазіргі таңда осы феноменнің өзі бірталай өзгеріп, жәй фортепиано, орган, скрипка аспаптарына жазылған шығармаларды, дұрыс өндеп баян аспабына түсірді. Мысалға: П. Гвоздевтің түсірген И. С. Бахтың Токката и фуга ре-минор өңдеуімен Ф. Липстің Токкатасы шығармаларының орасан зор айырмашылығы сезініледі [5]. Қазіргі транскрипцияларды тыңдаған өнер-сүйер қауым, және профессионал музыканттар аса жоғары дәрежеде шығармаларды бағалайды. Оның көркемді байлығын, әдемі және әсемді келтіріп жасағанын байқайды. Осындай өмірлік мысалды өз кітабында «Под знаком Нейгауза» Л. Наумов Гнесин атындағы РАМ концерттік залында Ф. Липстің ойнына мынандай баға берді: «Баян аспабы мен естілуі бірінші рет, органның статикалық ойнау мәнеріндей деңгейде болды» деген мінездеме берді [3].

Әр типті шығармалар саны бүгінгі күні көп, олардың сан жетпес бағыты бүгінгі таңда баяншы-орындаушыны да қиын жағдайда қояды. Мысалға: транскрипция, аранжировкалар импровизация-

бағытында, джаз-бағытында, халық өлендері мен билеріне, дәстүрлі шығармаларға жазылған. Осының әр бағытында шамасын көрген композитор-орындаушылар: А. На Юн Кин, Ю. Тимошенко, В. Власов, В. Подгорный т.т.[6]. Бұл белгіленген жалпы мағлұматтар. Бұның өзінің тармақ-тармақ болып бөлініп терендей зерттеу процесі болашақта өз ізденуші ғалымын күтуде.

Жоғарыда қарастырылып кеткен мәліметтер тек өткен шығармашылық деңгейді айқындап көрсетеді. Бұдан басқа да осыған қатысты үлкен септігін тигізген, өлендерді өндеп түсірген шығармалар түрлерінің бірі – обработкарлар деп аталынады. Атақты И. Паницкий, А. Шалаев, К. Ошлаковтардың өңделген шығармалары, артынан ізін суытпай дамытып одан биік көркем бейнелік, орындау қиындығы жағынан және композициялық құрылымы жағынан одан да жоғары деңгейге көтеріп жалғастырған: И. Яшкевич, Н. Ризоль, Г. Шендеров сияқты атақты орындаушы-композиторлардың шығармаларынан кеңінен орын тапты, XX-XXI ғ. аралығындағы өнерпаз орындаушы-музыканттардың концерттік-конкурстық репертуарынан кең орын алды [7]. Күні бүгінге дейінгі арнайы композитор-орындаушының атындағы конкурс-сайыстарда міндетті түрде аранжировка, транскрипция, обработка т.б. өңдеу түрлері орындалады.

Обработка деген ұғымға басқа да, транскрипция деген өңдеу-шығарма түрлері баян репертуарында қалыспастай терен дамыған. Осы бағытта көбінесе: В. Семенов, Ф. Липс, Ю. Шишкин, Ю. Леденев сияқты танымал орындаушы-баянистер шығармалар деңгейін одан әрі керемет биік жетістіктерге жеткізіп отыр. Бұл процесстер көптеген методикалық ғылыми жұмыстарда, диссертацияларда, монографияларда айтылып кеткен. Бірақ баян аспабының эволюциялық даму жылдамдығы көптеген белгілі аспаптармен салыстырғанда бір жылдың көлемі ішіндегі жасалған жұмыс, кей-кезде оншақты жылдарға баламалы. Бұл процесстер сол сияқты Қазақстандық баян өнерінде де кеңінен орын алған. Оған себеп-салдар көп. Аймақтық позиция өнер даму процесін және оны әлемдік орындаушылық даму өнерімен салыстыру қарастырылып, ауқымдық өзекті заманауи мәселелер жағынан үлкен үлесімді рөлі анық.

Соңғы 5-10 жыл көлемі ішінде баянға лайықтап түсірілген шығармалар қарқынды тез дамып, одан жоғары биіктерге шығып жетіліп отыр. Қазір симфонизм элементтері мода ретінде қолданылып жүргені көп музыканттарға мәлім. Осындай мысалға: жоғарыда аты аталып кеткен: Ю. Леденевтың «Пульчинелла», Гершвиннің

«Голубая рапсодиясы» түсірілген, А. Шниткенің «Ревизская сказка», В. Семеновтың М. Балакиревтың шығармасына жазылған «Исламей» түсірілімі, А. Володось фортепиано виртуозының шығармасы «Түркі маршына» жазылған транскрипциялары. Мұндай бағытта қазіргі кезде Ресейде: Мәскеу қаласында: В. Семенов, А. Селиванов, С. Шмельков. Санкт-Петербург қаласында: Н. Кравцов, Петразаводск қаласында А. Дедюрин, Ростов на Дону: А. Стаценко, Нижний Новгород қаласында Н. Власов, Екатеринбург қаласында В. Романько т.т. Бұдан бөлек баянға лайықтап түсіру мектебін Украина орындаушы баянистері еңбектірінен табуға болады: В. Власов, Н. Давыдов, С. Гринченко, А. Семешко, П. Фенюк, К. Жуков, Б. Мирончук, А. Нижник т.т. [4].

Біздің отандық музыканттардың баянға арнап жазған лайықтау еңбектері ішінде де ауыз толтырып айтарлықтай шығармалар қатары бар. 50-70 жылдары Қазақстан композиторларының шығармаларына лайықтаулар және қазақ халық ән мен күйлеріне өңдеулер жаза бастаған қазақстандық баяншылар буыны шыға бастады. Алғаш болып баянға арналған осындай репертуар жасағандар: К. Ошлаков, Ф. Легкунец, В. Басаргин, А. Илюхин, В. Холопайнендер болды [9]. Баянда орындаушылықтың қарқынды дамуында сол жылдары оқу және концерттік репертуар тудыру үлкен сұрақ болып табылды. Классикалық музыка шығармашылығын баян аспабына лайықтаулар кеңінен таралды. Көптеген жағдайларда бұл лайықтаулар авторлық тексттен ауытқулары болып, дегенмен де олардың өзі сол кезде баға жетпестей болды.

Жаңа этапта классикалық музыканы орындау көне лайықтау үлгілеріне қарағанда ойға сыйымсыз, заманауи баян дайын таңдамалылығының арқасында бұл музыканың авторлық ойынан ауытқуын болдырмайды. Баянға арналған күй аранжировкалары 80-90 жылдары А. Гайсиннің, Д. Тұякбаевтың, С. Сейтхановтың, О. Абдуллаевтың, Г. Гусинцовтың, М. Қонысбаевтың, Н. Николаидидің, В. Демченконың шығармашылықтарында жаңа өмір табады [16]. Бұл музыканттардың жоғары профессионалдылығы баянға арналған қазақ музыкасының лайықтауларын түсіргенде сапалы көркемдік дәрежеде жасады.

Ұлы композитор Құрманғазының күйі “Адай” алғаш рет 1982 жылы А. Гайсиннің орындауында Гамбург қаласында естілді. Содан бері халықаралық конкурстардың лауреаты, ҚР еңбек сіңірген әртісі, профессор Анатолий Гайсиннің және ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Досмұхамед Тұякбаевтың

аранжировкалары баян музыкасының халықаралық конкурстары мен фестивальдарында естіліп жүр [8].

Баяншы-композиторлардың: А. Илюхин, Н. Николаиди, Е. Андосов, Т. Қоңыратбаев, Т. Ибраев, Д. Гусинцов, И. Алейниковтардың баянға арналып жазылған түпнұсқалық шығармалары да бар.

Одан кейінгі уақытта баяншылардың арасынан 1990-2000 жылдарда қазақ күйлеріне аранжировка жасауда еңбек еткендердің қатарынан ҚР мәдениет қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының доценті Зәуре Смақова, ҚР мәдениет қайраткері, Қазақ Ұлттық өнер университетінің доценті Алексей Ефременко, Марат Бердіғұлов, Мұқадас Ғабдиевтарды көреміз.

